

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

№ 10

ОКТЯБРЬ

№ 10

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ

1955

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ
—
XXXIV ЖЫЛ ШЫҒУЫ

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 10

О К Т Я Б Р Ъ

1955

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Ұлы Октябрьдің ісі жеңе береді	1
П. ПАК-ИР — Өшпес мұра	8
Ғ. БИЯШЕВ — Табиғатты өзгертуші ұлы ғалым	14
А. ЕЛЕМАНОВ — Қазақстанның мал шаруашылығын өркендетудің ма- ңызды мәселелері	19

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Технологияны жетілдіре, техниканы дамыта, өндірісті ұйымдастыруды жақсартып берейік	23
Н. НОВИКОВ — Партия органдарының есеп беруі және сайлауы	28
И. ТАНАНАЙСКИЙ — Партия ұйымы және техникалық прогресс	33
С. ДУБОВИЦКИЙ — Бұқаралық-саяси жұмыстың жаңа формасы	37

БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

Совхоздардағы құрылыс жұмыстары	39
М. РОЗМАНОВ — Көпшілікті тамақтандыруға қамқорлық күшейтілсін	42

ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

В. СИНЕЛЬНИКОВ — Газеттегі хабар	46
--	----

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

Я. МИХАЙЛОВИЧ — Парламенттер арасындағы байланысты дамыту туралы	51
---	----

ХАТТАР МЕН КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛАР

Д. ШАЙМУХАНОВ — Қарағандының комсомолецтері өнеркәсіпті өр- кендету күресінде	56
Р. ПЕТУХОВ — Бір заводтағы өндірісті және жоспарлау жұмысын ұйымдастыру	58
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ	63

Ұлы Октябрьдің ісі жеңе береді

Мұнан отыз сегіз жыл бұрын, 1917 жылғы 25 октябрьде (7 ноябрьде), жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш революциясы, большевиктер әрдайым қажет деп келген революция жасалды. Соған бері бұл даңқты күнді — Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңген күнін — совет халқы мен бүкіл прогресшіл адамзат сәулетті ұлы мейрам ретінде мерекелейді.

Октябрь социалистік революциясының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар. Оның барысында Россияның жұмысшы табы, Коммунистік

партияның басшылығымен, ең кедей шаруалармен одақтаса отырып, қанаушылардың үстемдігін құлатты, сөйтіп ең озат таптың диктатурасын, пролетариат диктатурасын орнатты.

Біздің елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа дәуірін, капитализмнің күйреп, социализм мен коммунизмнің салтанат құру дәуірін бастады. Октябрьдің ұлылығы, оның мәңгі өшпейтін даңқы мынада: жеңген революция алғаш рет, бұрынғыдай, ел басқару тізгінін қанаушылардың бір тобы орнына екінші тобының қолға алып үстемдік жүргізуімен аяқталмай, бүкіл өкмет билігін еңбекшілер бұқарасына, тарихтың мың мәнісіндегі жасаушыларына — жұмысшылар мен шаруаларға берумен аяқталғандығында.

Марксизм-ленинизмнің туы астында жеңіп шыққан Октябрь социалистік революциясы халықты өз елінің шын мәнісіндегі иесі етіп, сан миллион еңбек адамдарын белсенді қоғамдық, шаруашылық және мәдени қызметке қатыстырды. Ол бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне қанаудан, әлеуметтік және ұлттық езгіден құтылудың бірден-бір дұрыс жолын, шын бостандық пен теңдікті қамтамасыз ететін, әлеуметтік апаттар мен қантөгіс соғыстарды білмейтін қоғамды орнату жолын көрсетті. Сол себепті де Ұлы Октябрь мерекесі ССРО халықтарының ұлттық мейрамы ғана емес, мұнымен бірге барлық елдер еңбекшілерінің интернационалдық мейрамы болып өткізіледі. Октябрь революциясының дауылында туған советтік социалистік мемлекет өзінің дамуының барысында капиталистік құрылыстан үздік артықшылығын күмәнсіз дәлелдеді. Совет өкметінің күші — оның халықтық сипатында, ел басқарудың демократиялық формаларында. Коммунистік партия дем берген совет халқы өзінің жеңіспен жеткен табыстарын сыртқы интервенция мен ішкі контрреволюцияға қарсы күресте сақтап қалып, өз елін мейлінше қысқа мерзімде, бұрынғы аграрлық артта қалған елден алдыңғы қатарлы социалистік индустриялы-колхозды державаға айналдырды.

Социалистік революция азат еткен, бұрын капитализм езіп тұншықтырып келген халық бұқарасының творчестволық күштері өзінің пәрменділігін барған сайын жаңа күшпен көрсетуде. Біздің Отанымыздың бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерін совет халқы ғана емес, бүкіл прогресшіл адамзат та мақтан етеді.

«Біз, — деп жазды В. И. Ленин, — совет мемлекетін құру ісін бастау, осы арқылы бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа заманын, жаңа таптың, барлық капиталистік елдерде езіліп келген және барлық жерде жаңа өмірге қарай, буржуазияны жеңуге қарай, пролетариат диктатурасына қарай, адамзатты капитал бұғауынан, империалистік соғыстардан құтқаруға қарай келе жатқан таптың үстемдік ету заманын бастау бақыты біздің үлесімізге тигеніне мақтануға правоымыз және мақтанамыз да» (Шығармалар, 33-том, 37-бет).

Октябрь социалистік революциясының отыз сегіз жылдығын совет адамдары бөгелмей, коммунизмге қарай ілгері басып келе жатқан жағдайда өткізеді. ССРКП Орталық Комитетінің июль Пленумы партиямыздың, бүкіл еліміздің өмірінде соңғы кездегі ең зор оқиға болды. Пленумының Н. А. Булганин жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған тарихи қаулысында, өндірістің техникалық дәрежесін мейлінше арттыру негізінде, социалистік өнеркәсіпті жаңадан өрге бастырудың жауынгерлік программасы белгіленді.

Бесінші бесжылдық жоспарды — социалистік экономиканы онан әрі нығайтып өркендету, Отанымыздың экономикалық қуатын арттыру жоспарын — орындау ойдағыдай аяқталып келе жатқаны туралы хабарды еліміздің халықтары аса қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Жұртқа мәлім, бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жағынан мерзімінен бұрын — 4 жыл 4 айдың ішінде орындалды. Өнді-



рістің қолжеткен дәрежесі 1955 жылдың аяғында, яғни соғыстан кейінгі екі бесжылдық өткеннен кейін, өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі 1940 жылғыдан үш еседен аса, ал машина жасау өнеркәсібі өнімінің жалпы көлемі 4,6 есе өсетінін көрсетеді.

Энергетиканың табыстары еліміздің халық шаруашылығының шапшаң өркендеуін айқын дәлелдейді. Бесінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде 500-ге жуық ірі және орташа электр станциялары салынды, ұлкейтілді. Электр қуатын өндіру бесжылдықтың аяғында 166 миллиард киловатт-сағатқа жетеді, яғни жоспарда бастапқы белгіленген мөлшерден едәуір асып түседі. Ірі өнеркәсіпте және халық шаруашылығының басқа салаларында еңбектің электр қуатымен қарулануы үздіксіз өсуде.

Бүкіл экономиканың түпкі негізі — ауыр өнеркәсіптің табыстары жеңіл және тамақ өнеркәсібін шапшаң өркендетуге қажетті жағдай тұғызды. Кәзіргі бесжылдықтың аяғында халық тұтынатын товарларды өндіру дәрежесі 1950 жылғыдан, жоспарда белгіленген 65 процент орнына, 72 процент артады.

Қазақ ССР-ның өнеркәсібі едәуір табыстарға жетті. Совет өкметі тұсында республиканың өнеркәсібінің жалпы өнімі 83 есе дерлік, ал кәзіргі бесжылдықтың төрт жылы ішінде соғысқа дейінгіден 3,6 есе өсті.

Еліміз Қазақстаннан көмірді, түсті металдарды, болатты, болат прокатты барған сайын көп алуда. Быйыл республикамызда өнеркәсіп өнімін шығару 1950 жылғыдан, шамамен айтқанда, 75 процент асып түседі. Быйылғы жылдың бірінші жартысында, жалпы өнім шығару жоспарының 103 процент орындалуымен бірге, ауыр өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін — қара және түсті металдар, мұнай, борат, сол сыяқты көптеген өнеркәсіп және азық-түлік товарларын шығару тапсырмалары едәуір асыра орындалды.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған — астық өндірісін жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе — екі еседен аса арттыру міндетін мерзімінен бұрын орындау үшін күресе отырып, ауыл шаруашылығының еңбекшілері едәуір табыстарға жетті. Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіндегі сөзінде Н. С. Хрущев жолдастың көрсеткеніндей, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы алға қойған міндеттер, әуелде белгіленгеніндей 6 жылдың ішінде емес, 3—4 жылдың ішінде орындалады деп есептеуге толық дәлел бар.

Тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен быйыл егіс көлемі едәуір ұлғайтылды. Қазақстанның колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері бұл іске лайықты үлес қосты. Екі жылдың ішінде республикада 16 миллион гектардан астам тың жыртылды, бұл жоспарда белгіленген мөлшерден едәуір көп. Быйыл жаздық дақылдар егу жоспары 1,5 миллион гектар асыра орындалды. Кәзір егін жыйнауды аяқтау үшін, астық дайындау жоспарын орындау үшін қажырлы күрес жүргізілуде. Оңтүстік Қазақстан облысының совхоздары мен колхоздары өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін бірінші болып орындады. Жамбыл облысының Сарысу, Көктерек, Талас, Жуалы аудандарының колхоздары, Алматы облысының Қаскелең ауданының колхоздары, Талдықорған облысының Киров ауданының колхоздары мен совхоздары және басқалары өздерінің Отан алдындағы борышын өтеді.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, республиканың көптеген колхоздары, совхоздары және бірсыпра аудандары мал шаруашылығын онан әрі өрге бастырды, мал шаруашылығының өнімін өндіруді арттырды. Бесқарағай қой совхозында әрбір қойдан 5,9 килограмм, Ұржар ауданының «Красные горные орлы» колхозында 4,6 килограмм жүн алынды. Алматы, Жуалы, Красноармеец, Степной аудандарының колхозшылары сыйырдан сүтті көп алды. Байға-

нин, Катои-Қарағай, Амангелді және Соколов аудандары ет дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын 1 сентябрьге орындады. Жүн дайындаудың жылдық жоспарын 30 аудан, сүт дайындау жоспарын 11 аудан орындады. Қазақстан елімізге мал шаруашылығының өнімін барған сайын көп беруде.

Октябрь социалистік революциясының жеңуі нәтижесінде туғызылған, еліміздің өркендеуінің тамаша келешегі мен мүмкіндіктері экономикалық және шаруашылық құрылыс саласында ғана емес, басқа салаларда да ойдағыдай жүзеге асырылуда. Халқымыз мәдениетті, ғылымды және искусствоны өркендету ісінде де зор табыстарға жетті. Жақын арада ССРО-дағы жалпыға бірдей бастауыш оқудың 25 жылдығы өткізілді. Қазір елімізде жетіжылдық білім алу ойдағыдай жүзеге асырылып, партияның XIX съезінің жалпыға бірдей онжылдық оқуға көшу туралы қаулысы орындалуда.

Советтік ғылымның табыстары халық шаруашылығының барлық салаларында техникалық прогреске көмектесуде. ССРО-да атом қуатын пайдаланатын электр станциясының жұмыс істеп жатқанына екінші жылға айналды. Өнеркәсіпке керекті атом қуатын алу тәсілдерін белгілеудің ССРО өндіргіш күштерін онан әрі өркендету үшін орасан зор маңызы бар.

Атомның ішкі қуатын пайдалану, оны бейбіт мақсаттарға қолдану — ғылым мен техниканың кәзіргі замандағы дамуының шыңы. Біздің еліміз, деді СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумында Н. А. Булганин жолдас, өзінің маңызы жағынан, буды және электрді пайдалануға байланысты жасалған өнеркәсіптік революциялардан әлде қайда асып түсетін жаңа ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік революцияның табалдырығында тұр.

Совет Одағының күштері өзінің өркендеуінде кемеліне жетіп отыр. Алайда, табыстарымыз қаншама зор бола тұрса да, Октябрь революциясының мерекесін мейрамдаудың ең жақсы жолы, В. И. Лениннің көрсеткеніндей, орындалмаған міндеттерге баса көңіл бөлуде. Ал бізде мұндай міндеттер көп.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы социалистік экономиканы өркендетудің қортындыларын жасап қана қоймай, мұнымен бірге өнеркәсіпті онан әрі өрге бастырудың, техникалық прогрестің және өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың нақты міндеттерін белгіледі. Халық шаруашылығының жоспарын орындауды қамтамасыз етумен қатар өндірістің техникалық дәрежесін мейлінше арттыру — партия, совет, шаруашылық ұйымдарының өнеркәсіп саласындағы аса маңызды міндеті.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдерін мерзімінен бұрын орындау үшін күресу — партия мен халықтың ауыл шаруашылығы саласындағы ең шұғыл міндеті.

Партия мен үкмет жасаған, халық шаруашылығының барлық салаларын өркендету программасы советтік қоғамның өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басқанын көрсетеді. Бұрынғыдай, кәзірде де, бұқараның творчестволық белсенділігін күнбе-күн өрістетіп, бесінші бесжылдықты ойдағыдай аяқтау күресіне бағыттап отырудың зор маңызы бар.

Партия, совет, кәсіподақ, комсомол және шаруашылық ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түссер құнын кемітіп, сапасын жақсарту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейтуге тиіс. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жаңашылдарының тәжірибесін кеңінен таратып, өндіріске енгізу, артта қалғандарды алдыңғылардың дәрежесіне жеткізу қажет.

Мемлекеттік жоспарды орындау әрбір кәсіпорын, жоғарғы басқарма, министрлік үшін заң болып табылатынын Коммунистік партия мен Совет үкметі талай рет атап көрсетті. Алайда біздің республикамызда артта қалған заводтар, шахталар ғана емес, шаруашылықтың артта қалған

тұтас салалары да әлі бар. Құрылыс материалдары өнеркәсібі мен Балық өнеркәсібі министрліктері алғашқы жарты жылдың программасын орындамады. Олар өздерінің жұмысын онан кейінгі айлардың ішінде де жақсартпады. Ақтөбе химия комбинаты, Қарағанды цемент заводы, Жамбыл суперфосфат заводы және басқа кейбір кәсіпорындар жоспарды орындамай келеді.

Мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары қанағаттанғысыз орындалуда. Әсіресе Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Көкшетау облыстарының колхоздары мен Жамбыл, Қарағанды және басқа облыстардың совхоздары артта қалып келеді. Кейбір облыстарда егін жыйнау және мемлекетке ауылшаруашылық өнімін тапсыру міндеттемелерін орындау ұзаққа созылып отыр. Партия мен халықтың мүдделері шаруашылығымыздың барлық артта қалған учасоктерін алдыңғылар дәрежесіне жеткізуді талап етеді.

Партия ұйымдары коммунистердің өндірістені авангардтық ролін мейлінше күшейтіп, сын мен өзара сынды кең өрістетуге, сөйтіп шаруашылық жұмысындағы кемшіліктердің мезгілінде ашылып, жойылуын қамтамасыз етуге міндетті.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ ұйымдарынан коммунистік құрылыстың барлық учасоктерінде социалистік жарысты онан сайын кең өрістетіп, мұнымен бірге озаттардың тәжірибесін таратуға, еңбек өнімділігін арттыруға, озаттардың артта қалғандарға көмектесуіне, сөйтіп жалпы өрлеу туғызуға баса көңіл бөлуді талап етті.

Ұлы Октябрьдің өмір орнықтырушы идеялары шетелдерде жеңімпаздықпен салтанат құруда. 1955 жыл бейбітшілік, демократия және социализм лагері күштерінің онан әрі нығайған жылы болды. Совет Одағының табыстарымен жігерленген халықтық демократия елдері оның тәжірибесіне, қалтқысыз достығына және көмегіне сүйене отырып, өздерінің экономикасын өркендету, халықтың әл-ауқатын арттыру жолында барған сайын жаңа табыстарға жетуде.

Прогресшіл адамзат Қытай Халық Республикасының табыстарына қуануда. Оның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының жалпы өнімі соғысқа дейінгіден асып түсіп, 1949 жылғы дәрежесінен екі еседен аса артты. Өнеркәсіптің мемлекеттік және кооперативтік секторларының тез өсіп нығайы соңғы бес жылдың ішінде (1949—1954 жылдар) жалпы өнімді төрт еседен аса көбейтуге мүмкіндік туғызды.

Совет Одағының үлгісі бойынша, халықтық демократия елдерінде экономиканың барлық салаларын дамытудың негізі — ауыр өнеркәсіп баса өркендетілуде. Бұрын экономика жағынан артта қалған Польша және Румыния сыяқты елдер өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін шығаруда Европаның бірсыпра капиталистік елдерін басып озды. Егер соғысқа дейін Польша өнеркәсібінің өнімі Италия өнеркәсібі өнімінің небәрі 40 процентіндей болса, кәзіргі уақытта Поляк Халық Республикасы өнеркәсіп өнімін өндіруде Италиядан асып түсті. Халықтық Чехословакия, әрбір адамға шаққанда, электр қуатын өндіруде Франция мен Италиядан, болат өндіруде Швеция мен Франциядан озды. Өткен жылы Венгрияның машина жасау өнеркәсібінің өнімі 1949 жылғыдан 267 процент артты. Монгол Халық Республикасында өнеркәсіптің жалпы өнімі 1940 жылғыдан төрт есе дерлік, Албанияда 11 еседен аса өсті. Бұл елдердің жеңіл және тамақ өнеркәсібі зор табыстарға жетті.

Халықтық демократия елдері ауыл шаруашылығын өркендету саласында да едәуір табыстарға ие болды. Өткен жылы, Қытайдың бірсыпра аудандарында күшті су тасқынының болуына қарамастан, бұл елде дәнді дақылдардың жалпы өнімі, астықтың жалпы түсімінің ең көп болған жылы—1953 жылғыдан (165 миллион топна) үш процент артты. Мал

шаруашылығы шапшаң өркендеуде. Қытайдың ауыл шаруашылығының мемлекеттік және кооперативтік секторлары нығайды.

Ауыл шаруашылығы басқа халықтық-демократиялық елдердің бәрінде де ойдағыдай алға басуда. Олардың бұл салада зор табыстарға жеткені даусыз. Мәселен, Польша ауыл шаруашылығы өнімінің әрбір адамға шаққандағы мөлшерін соғысқа дейінгіден 38 процент көбейтті. Герман Демократиялық Республикасында дәнді дақылдардың орташа шығымдылығы соғысқа дейінгіден едәуір артып, гектарына 23,2 центнерден келді. Монғолияда соңғы жеті жылдың ішінде малдың саны 1844 мың бас көбейді.

Быйыл халықтық демократия елдерінде еңбекшілердің әл-ауқаты онан әрі артты. Мұның бәрі халықтық-демократиялық мемлекеттердің капиталистік мемлекеттерден даусыз артықшылығын дәлелдейді.

Ұлы Октябрьде туған советтік мемлекет өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бастап бейбітшілік үшін, саяси және экономикалық құрылысы әртүрлі елдердің достықпен қатар өмір сүруі және бейбіт жарысқа түсуі үшін қажырлы күрес жүргізіп келеді. Бүкіл адамзаттың бейбітшілік жолындағы күресін бастап шыққан совет үкметі өзінің сыртқы саясатында соңғы кезде жаңа зор табыстарға жетті.

Совет үкметінің және халықтық демократия елдері үкметтерінің инициативасы, жігері арқасында халықаралық шиеленістің бәсеңдеуін барлық елдердің жұртшылығы аса қанағаттанғандық сезіммен қарсы алуда. Бұл процесс 1953 жылдың жазында Кореяда уақытша бітімнің жасалуынан басталды. Халықаралық қатнастағы шиеленістің бәсеңдеуіне Индо-Қытайда соғыстың тоқтатылуы да едәуір көмектесті. Совет Одағы Австрия мәселесін шешуде аса бағалы инициатива көрсетті; совет-югославия келіссөздерінің қортындылары да бейбітшілікті нығайтуда зор роль атқарды.

Төрт держава үкметтері басшыларының Женевадағы кенесі халықаралық шиеленісті бәсеңдету, мемлекеттер арасында сенім және өзара ұғыныс орнату ісінде жаңа беталыстың бастамасы болды. Бұл кенестің қортындыларын ССРО Жоғарғы Советі және бүкіл совет халқы мақұлдады. Совет Одағы мен Герман федерациялық Республикасының үкмет делегациялары арасындағы келіссөздердің нәтижелері халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету жолындағы маңызды қадам болды. Совет үкметінің жақын арада Москвада Герман Демократиялық Республикасының және Финляндияның үкмет делегацияларымен жүргізген келіссөздері ойдағыдай аяқталды. Мұның өзі Совет Одағының ол елдермен достық қатнасының онан әрі дамуына күшті әсер ететіндігі күмәнсіз.

Совет үкметі ұлы Лениннің экономикалық уклады және саяси құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігі туралы өсиеттерін орындай отырып, бейбітшілік және халықаралық ынтымақ саясатын бұлжытпай жүргізуде. Совет Одағының үкметі, аса маңызды халықаралық проблемаларды келіссөздер жүргізу арқылы, бейбітшілікпен шешу үшін, мемлекеттер арасында сенім орнатуға қажырлылықпен ұмтылуда.

«Совет үкметінің мақсаты, — деп көрсетті, Совет Одағы мен Герман федерациялық республикасының үкмет делегациялары арасындағы келіссөздердің барысында Н. С. Хрущев жолдас, — тек бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету. Біз достық қатнас орнатудан басқа жолдарды іздемейміз, сондықтан біз бұл қатнастың басқа мемлекеттерге — Англияға, Францияға, Құрама Штаттарға қарсы немесе қандай да болсын басқа мемлекетке қарсы бағытталуын тілемейміз. Біз мұндай саясат — біздің саясатымыз емес деп есептейміз. Совет Одағы Герман Федералдық Республикасымен дұрыс қалыпты, достық қатнас орнатуды тілейді, сондай-ақ біз өзіміздің мемлекетіміз бен Великобритания арасы-

да, өзіміздің мемлекетіміз бен Франция арасында, өзіміздің мемлекетіміз бен Америка Құрама Штаттары арасында, дүние жүзінің барлық елдерімен екі арада осындай қатнас орнатуды тілейміз».

ССРО Үкметі екі жаққа бірдейлік негізінде басқа елдермен бейбіт ынтымақ жасау туралы өзінің мәлімдемелерін күнбе-күн нақты істерімен тыянақтауда, Женевада белгіленген жолда сеніммен алға басуда. Совет әскерлерін Австриядан мезгілінен бұрын әкету туралы және совет қарулы күштерінің санын Австриядан әкетілетін әскердің мөлшерінде азайту туралы шешімді біздің елімізде «Женева рухында» жүзеге асырылып жатқан аса маңызды практикалық шаралардың қатарына қосуға болады. Мұның ізінше қабылданған — ССРО қарулы күштерін 640 мың адам азайту туралы, ССРО-ның Финляндиядағы арендаға алынған Порккала-Удд ауданын мерзімінен бұрын қайтаруы туралы шешімді барлық елдер жұртшылығының қалың топтары аса қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды.

Совет ғалымдарының Женевада атом қуатын бейбітшілік мақсаттарға пайдалану конференциясына қатысып, ССРО-да бұл салада жыйналған аса бағалы тәжірибені өздерінің шетелдік әріптестерінің алдына тартуы да, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету мақсатымен мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтуға және бұған қолайлы жағдай туғызуға көмектеседі. Барған сайын кең өрістеп отырған, ССРО мен шетелдердің бір-біріне парламенттік және басқа делегациялар жіберуі, туристердің баруы да осындай ардақты мақсаттарға қызмет етеді.

Совет Одағының сыртқы саясаты толығынан, дүние жүзілік саясат мәселелерін ойдағыдай шешу үшін мемлекеттердің позицияларын бір-біріне жақындастыру жолдарын іздеу принципін негізге алады. Женевада ашылған жол ғана бейбітшілікті және халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға ұмтылып отырған халықтардың талабына сай келетіндігін кәзір жұрттың бәрі дерлік мойындайды. Мұнымен бірге капиталистік елдердің кейбір реакцияшыл топтары әлі болса, пісуі жеткен мәселелерді бейбітшілікпен шешуге емес, халықаралық ынтымақты бұзуға бағыт ұстап отырғанын көрсетпеске болмайды.

АҚШ-тың «қырғыйқабақтық соғысты», жанталаса қарулануды, милитарландыруды және халықаралық тұрмысты үнемі шиеленістіре беруді өздеріне пайдалы деп таныйтын, саны жағынан өте аз, реакцияшыл топтары Женева кеңесінен кейін көп ұзамай «Женева рухына» қарсы шабуыл тактикасын белгілегенін америка баспасөзі лажысыз мойындап отыр. Бұл тактика ресми адамдардың сөздеріне АҚШ пен ССРО арасындағы «негізгі алауыздықтар туралы» ескертуді үнемі қыстырып отыруды көздейді. Дүниежүзілік саясатты қайтадан «қырғыйқабақтық соғыс» арнасына түсіруге ұмтылушыларға барлық бейбітшіл халықтар батыл тойтарыс беруде. Соғыс өртін тұтандырушылардың қандай да болсын дұшпандық әрекеттеріне қарамастан, Совет Одағы бейбітшілік ісін бұрынғысынша қажырлылықпен қорғайды.

Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің бүкіл дүниежүзілік тарихи табыстары — Ұлы Октябрь социалистік революциясы идеяларының салтанат құруының айқын дәлелі.

Марксизм-ленинизмнің туы астында Коммунистік партия совет халқының коммунизмнің салтанатына апаратын жолда сеніммен алға бастауда. Ұлы Октябьдің ісі жеңе береді!

Коммунистік құрылыстың жаңа табыстарына қарай алға баса берейік!

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы жасасын!

Өшпес мұра

(К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші томының шығуына байланысты)

П. ПАҚ-ИР

философиялық ғылымдардың кандидаты

Қазақстанның оқушылары К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші рет басылуының екінші томын алды. Бұл томға 1844 жылдың сентябрінен 1846 жылдың февралына дейінгі, яғни Маркс пен Энгельстің идеализмнен диалектикалық материализмге, революциялық демократизмнен коммунизмге тарихи өту жасаған дәуіріндегі жазған еңбектері кірген.

Шығармаларының екінші томы Маркс пен Энгельстің «Қасиетті семья, немесе сыншылдық сынға сын. Бруно Бауэрға және оның компаниясына қарсы» деген айтыстық шығармасымен ашылады.

XIX ғасырдың 30-шы — 40-шы жылдарында Германияда гегельшілдік едәуір тарайды. Оның өкілдері арайынды Бауэрлердің төңірегіне топталған жасгегельшілдер деп аталатындар болды. Гегельдің идеалистік диалектикасын қабылдаған жасгегельшілдер алғашқы кезде гегельдік философиядан революциялық қортындылар шығару мақсатын алға қойған әдеби сын қозғалысын бастауға тырысты. Олар немістің радикальдық буржуазиясының пруссиялық абсолютизміне қарсы күресіне қатынасты. Бұл сол кезде Германияда пісуі жеткен буржуазиялық революцияның идеялық көрінісі болды. Маркс пен Энгельс айтқандай, барлық дұрыс ойдайтын немістер бұл кезде төзгісіз жағдайды сезді. Осымен бірге бұл кез Еуропаның барлық капиталистік елдерінде буржуазияға қарсы пролетариаттың тап күресі қатты күшейген кез еді. Англия мен Францияның жұмысшылары өз елдерінің буржуазиясына қарсы ұйымдасқан революциялық күрестің үлгілерін көрсеткен еді. Неміс пролетариатының дербес күш ретінде, революцияшыл тап ретінде саяси аренаға шығуы Силезия токмашыларының көтерілісінен басталды.

XIX ғасырдың 40-шы жылдары Германия экономика жағынан көтеріліп келе жатқан буржуазия мен саяси үстемдік жүргізіл тұрған консервативтік пруссиялық монархия арасындағы, пролетариат пен буржуазия арасындағы әлеуметтік қарама-қарсылықтардың негізгі орталығы болды. Халық бұқарасының азаттық қозғалысы өскен сайын, олардан қорқып, жасгегельшілдер бұрынғы «революцияшылдықтан» бастартып, бос сөзбен «аспандағы айға шабуыл жасаған» мылжын рыцарларға айнала бастады. Жасгегельшілдер іс жүзіндегі күресті өздерінің философиясы—«сыншылдық сынмен»—ауыстыруға тырысты. Олар бұл философияны тарихтың қозғаушы күші ретінде көрсетуге тырысты. Ал іс жүзінде философияландырылған «сыншылдық сын» айқайшыл субъективтік идеализмнен басқа еш нәрсе де емес еді. К. Маркс пен Ф. Энгельс «Қасиетті семьяда» жасгегельшілдердің тарихқа субъективтік-идеалистік көзқарастарын қатаң ғылыми сынға алды.

В. И. Ленин көрсеткеніндей, «Қасиетті семья» деген кітабында Маркс пен Энгельс жасгегельшілдерді пролетариаттың қауыпты идеялық жауы ретінде талқандап қана қойған жоқ, сонымен бірге революцияшыл-материалистік, ғылыми социализмнің негізін қалады. Маркс пен Энгельс «Қасиетті семьяны» жазып, өткен уақыттағы ойшылдар тудырған бүкіл идеялық қазналарды сын көзімен қайта қарау және оларды дұрыс пайдалану жөнінде зор жұмыстар істеді.

«Қасиетті семьяда» Маркс пен Энгельс гегельдік философияны ғылыми материалистік жолмен қайта қараудың үлгісін көрсетті. И. В. Сталин көрсеткендей, олар Гегельдің философиясынан бүкіл идеалистік қауызын алып тастап, оның «керекті дәнін» алды және диалектикаға толық материалистік, ғылыми түр беріп, онан әрі дамытты. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар осы алғашқы еңбегінің өзінде-ақ танымның диалектикалық әдісін тарихи процестерге анализ жасауға пайдаланды, осының арқасында пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік міндеті туралы, капитализмнің күйреп, коммунизмнің жеңбей қоймайтындығы туралы революциялық қортындылар жасады. Бұл қортындылар атақты «Коммунистік партияның манифестінде» бәрінен де дәлірек айтылды.

«Қасиетті семья» кітабының шыққан кезінде Маркс пен Энгельс Фейербахшылар еді, яғни Л. Фейербахтың материалистік көзқарастарының ықпалында еді. Мұның өзінде олар бұрынғы, ескі материализмге жаңа тұрғыдан қарады. Бұрынғы материализмді сын тұрғысынан қайта қарау—міне осы негізгі талапты орындай отырып, Маркс «Қасиетті семьяның» негізгі бөлімдерінің бірін — «Француз материализмімен сын шайқас» деген бөлімін жазды. Мұнда француз материализмінің тарихына тұжырымды, сонымен бірге тыянақты анализ жасады. В. И. Ленин бұл тарауды кітаптағы ең бағалы тараулардың бірі деп атады. XVIII ғасырдағы француз ойшылдарының дүниеге материалистік көзқарасының тарихи тамырларын анықтай келіп, Маркс материализм мен коммунизмнің арасындағы объективтік-тарихи байланысты көрсетеді, коммунизм дегеніміз қоғамдық өмірдегі материалистік нанымның нақты көрінісі болып табылады деп тұжырымдайды. Табаңды материалист іс жүзінде коммунист болады.

Сөйтіп, Маркс пен Энгельс алғашқы күннен бастап-ақ материалистік философияны коммунистік идеялардың теориялық негізі деп есептеді. Философиялық материализмге мұндай көзқарас қоғамдық ойдың дүниежүзілік тарихында бүтіндей жаңа көзқарас болды.

Маркс пен Энгельс «Қасиетті семьяда» Л. Фейербахтың идеализмге қарсы күрестегі еңбегін бірнеше рет атап көрсетеді. Бірақ, нақ осы еңбегінде Маркс пен Энгельстің Фейербах материализмінің кемшіліктері мен тар өрістілігіне, оның метафизиктік және сезімдік сыйпатына сын көзімен қарайтындығы айқын байқалып тұр. Маркс бұл жалпы ойды кейінірек «Фейербах туралы тезистер» деген еңбегінде тұжырымдады. Маркс «Қасиетті семьяда» материалистік философия дүниені түсіндіруден оны өзгертуге көшуі керек, дүниені өзгерте алатын материализм танымның диалектикалық әдісін дұрыс пайдаланудың негізінде ғана жасалады деген қағыйданы, бұған дейін ол әдіске гегельдік философияның метафизикалық жолмен құрылған идеалистік системасы үстемдік егіп келгендігін атап көрсетті. Гегельдік философияның идеалистікпен түсінілген диалектикасын материалистік негізде қайта құру, сөйтіп осы негізде Фейербахтың материализмін зерттеу—Маркс пен Энгельстің негізгі идеялары міне осындай. Бұл идеялар объективтік дүниеге біртұтас материалистік көзқарастардың — диалектикалық материализмнің — ірге тасын қалады.

«Қасиетті семьяда» тарихи материализмнің аса маңызды қағыйдаларының алғашқы жобалары бар. Философиялық материализмнің ережелерін қоғамдық өмір сферасына пайдалана отырып, Маркс пен Энгельс тарихтың материалдық негізін адамдардың басынан іздеудің, жоғары идеялардан іздеудің қажеті жоқ, қайта күнделікті материалдық өндірістен іздеу керек деп көрсетті. Марксизмнің негізін салушылар бұл еңбекте экономикалық базис туралы және оның қойдырмасы туралы, олардың арақатнасы туралы материалистік, ережелерді айтты. Атап айтқанда, Маркс пен Энгельс, экономикалық керексізудің талаптары бойынша, ма-

териалдық қатнастардың жыйынтығы болып есептелетін азаматтық қоғам пайда болады деп көрсетті. Экономикалық тұрмыстың сыйпаты мемлекеттің сыйпатын белгілейді деді Маркс. Тарихи материализмнің мәні жөніндегі бұл аса маңызды қағыйдалар бұдан 14 жыл өткен соң атакты «Саяси экономияның сынына» алғысөзде» тұжырымдалды.

Маркстің қоғамдық идеялардың пайда болуын және олардың қоғамның дамуындағы ролін материалистік тұрғыдан түсіндіруінің бірінші кезекті маңызы бар. Жасгегельшілдердің идеалистік қағыйдаларын қатаң сынай отырып, Маркс тіпті ең прогресті идеялардың өзі, Бауэр мен оның сыбайластары айтып жүргендей, қайдағы бір құдайдың аяны емес, ол тарихи тәжірибенің нәтижесінде пайда болады деп көрсетті. Бұл данышпандық қағыйданың ең айқын дәлелі жұмысшы табы идеологиясының пайда болуы болып есептеледі. Бұл идеологияның алғашқы негізін қалаушылар ғылыми коммунизмді жасаушылар Маркс пен Энгельс болды. Идеялар адамдарға күрестің мақсатын және бұл мақсатқа жетудің құралдарын көрсетіп береді, осы арқылы бұл идеялар адамдардың қолында зор күшке айнала алады деген қағыйданы қоғамдық ойдың тарихында алғаш рет айтқан Маркс болатын. Бірақ бұл мүмкіндіктердің нақты күшке айналуы үшін идеялардың адамдардың санасын билеп алуы керек. Адамдардың практикалық қызметі қоғамды ілгері дамытады.

Маркс пен Энгельс «Қасиетті семьяда» тарихи материализмнің аса маңызды қағыйдаларының бірін — халық бұқарасының қоғамдық дамуының тарихында шешуші роль атқаратындығы туралы қағыйданы дәлелдеп берді. Осымен бірге, марксизмнің негізін қалаушылар көрсеткендей, тарихи уақытталар, революциялық бет бұрыстар қаншалықты негізді, терең және қатаң болса, халық бұқарасының ролі және олардың белсенділігі соншалықты өсе түседі. Бұл қағыйданы В. И. Ленин ең бағалы және даңқты қағыйдалардың бірі деп есептеді. Осы ережені басшылыққа ала отырып, Совет мемлекетін құрушы В. И. Ленин, социализм, бұл міндетті жүзеге асыруға еңбекшілердің ең қалың көпшілігі қатысқанда ғана, жеңуі мүмкін екенін ерекше атап көрсетті.

Маркс пен Энгельс бұл еңбекте пролетариаттың дүниежүзілік-тарихи ролін — оның ескі қоғамдық тәртіпті құлатып, жаңа социалистік қоғам орнату міндетін атқаруға тиісті екендігін ғылыми дәлелдеді. Пролетариаттың капиталистік қоғамдық қатнас системасында өнімдер жасайтын негізгі, басты тап ретіндегі қоғамдық жағдайына талдау жасай келіп, ғылыми коммунизмді жасаушылар капиталистік жеке меншіктің үстемдік етуі пролетариатты адам төзгісіз тіршілік жағдайына ұшырататынын, осы арқылы оның жеке меншікке қарсы наразылығын туғызатынын көрсетеді. Пролетариат, капиталистік жеке меншіктің пролетариатты туғызудан, еңбекшілердің қайыршылығын туғызудан өзіне шығарған өлім жазасын жүзеге асырады. Пролетариат өзінің бостандығы үшін күресіп отырып, адамды адам қанаудың барлық түрін жою үшін күреседі.

Марксизмнің негізін қалаушылар осы алғашқы еңбектерінің өзінде-ақ материалистік диалектиканы капиталистік қоғамның ішкі антагонистік қайшылықтарына анализ жасауға пайдаланудың үлгісін көрсетеді. Пролетариатты басқа біреу үшін байлық өндіруге мәжбүр ететін кәзіргі буржуазиялық қоғамның барлық ұйымдарын жойып тарату арқылы пролетариаттың өз қайыршылық жағдайын күшпен жоюын Маркс пен Энгельс адамдардың еркінен тыс, тарихи, объективті процесс деп есептейді. Осы арқылы, бір жағынан, жасгегельшілдердің субъективті-идеалистік социологиясына өлтіре соққы берілді, екінші жағынан, ең маңыздысы — капиталистік қоғамның даму барысын басқаратын объективтік заңдарды ашуға, демек ғылыми коммунизмді дәлелдеп тұжырымдауға кілт табылды.

«Қасиетті семьяда» айтылған ғылыми коммунизм теорияларын Маркс пен Энгельс оған кейінгі еңбектерінде — «Коммунистік партияның мани-

фестінде», «Капиталда», «Социализмнің қыялдан ғылымға дамуы» және басқа еңбектерінде жан-жақты дамытып тұжырымдады. Коммунизм туралы ілім — бүкіл дүниежүзілік азаттық қозғалысының жауынгерлік программасы, барлық елдердегі коммунистік партиялар қызметінің идеялық негізі.

Екінші томның көпшілік бөлігі Ф. Энгельстің еңбектері. Оның «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің ерекше маңызы бар. В. И. Лениннің айтуы бойынша, ол дүниежүзілік социалистік әдебиеттің таңдаулы шығармаларының бірі. Бұл кітапта Энгельс тез өсіп келе жатқан ағылшын өнеркәсібінің орталығы — Манчестер қаласындағы жұмысшылардың ауыр тұрмыс жағдайын екі жылдай тікелей зерттеуден алған өзінің жеке байқауларын, сонымен бірге ресми ағылшын прессынан көптеген документтік мәліметтер келтіреді. Маркспен көзбе-көз таныспай тұрып жазылған бұл шығармада Энгельс айтқан көптеген байымдаулар негізінен алғанда Маркстің ойларымен сай келеді. Мәселен, Энгельс буржуазиялық қоғамның қойнауында оны қанаушылық және қайыршылық қоғам ретінде жойып, орнына жаңа қоғам құруға тиісті күш—жұмысшы табы өсіп келе жатқандығын көрсетті. Энгельс жұмысшы табын тек жәбірленуші тап ретінде ғана емес, сонымен бірге өз күшімен өз бостандығын жеңіп ала алатын тап ретінде де сыйпаттайды.

«Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінде Энгельс маркстік саяси экономияның кейбір қағыйдаларын дамытады, капиталистік қоғамда оқтын-оқтын қайталап тұратын кризистердің себебін ашып көрсетеді. «Мақсаты тікелей керексінуді қанағаттандыру емес, ақшалай пайда табу болып отырған тіршілік керектерін өндіру мен бөлудің кәзіргі тәртіпсіз системасы кезінде әркім өз басына туған қауіп-қатерді көре отырып, тәуекелмен жұмыс істейді және байыйды, кез келген уақытта тоқрау пайда болуы мүмкін» (Шығармалар, 2-том, 317-бет). Энгельс экономикалық кризистердің қыйратып-ойрандап кететінін суреттей келіп, олардың циклділігін көрсетеді: гүлдеп дамудан кейін кризис, кризистен кейін гүлденіп даму, мұнан кейін жаңа кризис, осылай капитализм өзінше мәңгі шырқобелек айнала береді.

Энгельс машиналарды капиталистік пайдаланудың салдары неге соғатынын терең ғылыми тұрғыдан ашып береді. Жаңа машиналардың шығарылуы, еңбек өнімділігінің артуы капитализм жағдайында жұмыс істеп жүрген жұмысшылардың бір бөлігін керексіз етіп шығарады, жұмыссыздардың резерв армиясын арттырады, еңбекшілердің жағдайын нашарлатады. Энгельстің бұл данышпандық көрегендігі Маркспен бірге жазған кейінгі еңбектерінде жан-жақты ғылыми талданып, дамытылады.

Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінде өзінің «Саяси экономия сынына жоба» деген еңбегінде бастаған, Мальтустің халық санының өсуі туралы теориясына сынын онан әрі жалғастырады, Энгельс бұл теорияның адамзатқа қастандық мәнін және ғылымға қарсы сыйпатын әшкерелеп, оны «буржуазияның пролетариатқа қарсы ашықтан-ашық соғыс жариялауы» деп атайды. Оның мальтустік сандырақтар туралы айтқан өткір, жалынды сындары кәзіргі заманғы реакцияшыл буржуазиялық идеологияға қарсы күресте бүгінгі күнге дейін өзінің теориялық және саяси күшін жойған жоқ.

Еңбекте жұмысшы қозғалысына арналған арнаулы бөлім бар. Мұнда ағылшын пролетариаты күресінің «машиналарға қарсы» стихиялық бұліктерден бастап, ағылшын жұмысшыларының алғашқы дербес саяси қозғалысы — чартизмге дейінгі әртүрлі кезеңдері көрсетіледі. Энгельс стачкалар, сол сыяқты тред-юнондардың құрылуы және олардың қызметі — жұмысшы табының ұйымдасқан күресінің алғашқы формалары ғана екенін көрсетеді. Күрестің бұл формалары өздігінен жұмысшыларды жалдамалы құлдықтан құтқара алмайды, бірақ олар жұмысшыларды

таптық бірлестік рухында тәрбиелейді. Чартистер қозғалысының маңызын көрсете келіп, Энгельс осымен бірге оның алдына қойған мақсаттарының тар көлемді екендігін және чартистер үшін демократиялық праволар жолындағы күресті социалистік программамен ұштастыру керектігін көрсетеді. «Осыны жүзеге асырғанда ғана жұмысшы табы Англияның іс жүзіндегі қожасы болады» (сонда, 461-бет). В. И. Ленин, кезінде Россияда оппортунист-экономистер шығарған жұмысшы қозғалысының стихиялық теориясын сынай келіп, Энгельстің бұл айтылған қағыйдасының жұмысшы табы үшін және барлық елдердегі коммунистік партиялар үшін маңызы күшті екендігін әлде неше рет атап көрсеткен болатын.

Шығармаларының екінші томында жарияланып отырған «Эльберфельдегі сөйленген сөздер» көңіл аударады. Бұл сөздерде Энгельс қоғамды коммунистік жолмен ұйымдастырған кезде кризистер, конкуренция мен жұмыссыздық жойылады деп көрсетеді. Социалистік мемлекет, деп көрсетеді Энгельс, агрессиялық соғыстар жүргізбейді, ал егер социалистік қоғамның азаматына өз отаның контрреволюцияның күштерінен қорғауға тура келген жағдайда ол «...жанқиярлықпен, табандылықпен, ерлікпен күреседі, оған көзіргі заманғы армияның жасанды өнері төтеп бере алмайды» (сонда, 539-бет).

Ф. Энгельс «Германиядағы жағдай» деген мақалалар сериясында XVIII ғасырдың ақырында болған француз буржуазиялық революциясының Германияның экономикалық және саяси дамуына тигізген әсерін көрсетеді, буржуазиялық либерализмнің өріссіздік сыйпатын ашады, Германияның экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктерін көрсетіп береді. Энгельс бұл жерде жалынды патриот, біртұтас демократиялық Германия құру үшін күрескер ретінде көрінеді. Ол герман мемлекеттерінің, ең алдымен Пруссияның реакцияшыл тәртібін сынайды, әскери топтар мен чиновниктердің озбырлықтарын, мемлекет басшылары мен ұсақ иелік князьдерінің деспотизмін масқаралайды.

Ф. Энгельстің екінші томдағы «Фурьенің сауда жөніндегі үзінділеріне» кіріспе және қортынды» деген мақаласы Маркс пен Энгельстің француз және ағылшын утопиялық социализмнің таңдаулы шығармаларын Германияға таратуды көздеген көлемді еңбектер жазу жоспарларының ішіне кіреді. Мақалада сыншыл-утопиялық социализмінің аса көрнекті өкілдерінің бірі — Фурьеге сыйпаттама беріледі, оның ілімінің жақсы жағы — өмір сүріп отырған қоғамды қатаң сынауы — атап көрсетіледі. Мұнымен бірге Энгельс осы және сол дәуірдегі басқа еңбектерінде утопиялық социализмнің нашар жақтарын — оның болашақ қоғамды құру жөніндегі абстракттық схемасын, пролетариаттың тарихи ролін және оның буржуазияға қарсы тап күресінің маңызын түсінбеуін ашып көрсетеді.

Шығармаларының екінші томының соңындағы «Лондондағы ұлттар мерекесі» деген Энгельстің мақаласында алғаш рет пролетарлық интернационализм идеясы тұжырымдалды және буржуазиялық космополитизм сыналды. Энгельс пролетарлық интернационализмнің негізі барлық елдердегі пролетариат мүдделерінің бір екендігі болып табылады, барлық елдердегі жұмысшылардың жауы біреу — ол буржуазия, олардың бәрінің де ортақ ісі — күрес деп көрсетті. Бұл мақалада да «Фурьенің сауда жөніндегі үзінділеріне» кіріспе және қортынды» деген мақаладағы сыяқты, Энгельс немістің ұсақ буржуазияшыл «сыншыл социализмін» қатаң сынайды. «Сыншыл социализм» нақты өмірден, саяси және тап күресінің тікелей міндеттерінен қол үзген ағым. К. Маркс пен Ф. Энгельстің мұнан кейінгі еңбектерінде жан-жақты тұжырымдалған пролетарлық интернационализм идеялары барлық елдер пролетариатының санасына зор әсерін тигізді және тигізуде.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің екінші томына кірген еңбектері марксизмнің негізін қалаушылардың революцияшыл материалистік көзқарас-

тарының қалыптасу процестерінің маңызды кезеңдерін көрсетеді, олар мәңгі өшпес мұра, еңбекшілерді идея жағынан қаруландырудың таусылмас көзі болып табылады.

К. Маркс пен Ф. Энгельс ХІХ ғасырдың 40-шы жылдарының орта шенінде дүниеге ғылыми көзқарастың негізін — диалектикалық материализмді, ғылыми коммунизмнің негізін қалап, ұлы еңбек сіңірді. Бұл ілім олардың мұнан кейінгі еңбектерінде жан-жақты дамытылды. Маркс пен Энгельстің дүниеге ғылыми-материалистік көзқарасты жасауы пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресінің күшті шиеленіскен жағдайында жүргізілді. Пролетариат дербес саяси күрес майданына жаңа, шын мәнісінде революцияшыл тап ретінде шықты. Осымен бірге оның қатарында әлі көптеген стихиялық болды, саналылық жеткіліксіз болды. Дүние жүзі еңбекшілерінің азат етушісі жұмысшы табына өзінің тарихи миссиясын орындауы үшін оған идеялық қару, өзінің идеологиясы болуы керек болды. Ғылыми пролетарлық көзқарасты жасау міндетін ұлы революционерлер, данышпан теоретиктер, жұмысшы табының көсемдері К. Маркс пен Ф. Энгельс оброймен атқарып шықты.

Революциялық теорияны жасаушылар кабинет ғалымдары, ортадан қол үзген ойшылдар болған жоқ. Олар революциялық теорияны революциялық практикамен байланыстырды, өмірдің қайнаған ортасына, революциялық күреске белсене қатнасты, халық бұқарасының қызметін зерттеп, қорытып отырды. «Маркстің доктринасы, — деп жазды В. И. Ленин, — тап күресінің теориясы мен практикасын айырылмастай біртұтас нәрсе етіп байланыстырады» (Шығармалар, 12-том, 96-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс пролетариаттың алғашқы халықаралық коммунистік ұйымдарын құрушылар болды: Коммунистердің одағы және жұмысшылардың халықаралық бірлестігі — І интернационал барлық елдердегі жұмысшылар қозғалысына басшылық етті. Маркс пен Энгельс 1871 жылы дүние жүзінде алғаш рет өкіметті қолдарына алған, Париж Коммунасын құрған Париж жұмысшылары мен еңбекшілерінің революциялық инициативасын зор қуанышпен құттықтады.

Маркс пен Энгельс жасаған ғылым өсіп келе жатқан жұмысшы қозғалысы алға қойған сұрақтарға жауап болды. Ғылыми коммунизм теорияларының өмірмен, жұмысшы табымен, бүкіл еңбекшілердің күресімен тығыз байланысты болуы, оған өмірлік, творчестволық сипат берді. Тарихи жағдайдың өзгеруімен және жұмысшы табының азаттық күресінің жаңа тәжірибелерінің жыйналуымен байланысты марксистік теория үнемі дамып, байып берді.

Марксизмнің творчестволық сыйпатына В. И. Ленин бұл іске басшылық беретін ғылым деп анықтама берді. Жаңа тарихи жағдайда марксизм В. И. Лениннің еңбектерінде, оның серігі және шәкірті И. В. Сталиннің еңбектерінде онан әрі дамытылды. Совет Одағы Коммунистік партиясының, Европа мен Азиядағы халықтық демократия елдері коммунистік партияларының жеңістерінде марксизм-ленинизм тарихи жүзеге асты.

Коммунистік партия бастаған Совет Одағының еңбекшілері марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа ала отырып, қапаушыларды құлатып, социализм құрды, кәзір коммунизм жолымен сеніммен алға басып барады. Совет Одағы Коммунистік партиясының бүкіл қызметі марксизм-ленинизмді нақты тарихи жағдайда қолданудың үлгісі болып есептеледі. Дүние жүзінің барлық елдерінде қуатты азаттық қозғалысының тез өсуі, бұл — Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин ілімдерінің салтанат құруы.

Жүздеген миллион адамдарының санасын билеген марксизм-ленинизм идеялары кәзір қоғамды кең демократиялық негізде революциялық жолмен қайта құрудың қуатты құралына айналды.

Табиғатты өзгертуші ұлы ғалым

(И. В. Мичуриннің туғанына 100 жыл толуына)

Ғ. БИЯШЕВ,

ауылшаруашылық ғылымдарының докторы

Жаратылысты зерттеуші, табиғатты өзгертуші асқан совет ғалымы Иван Владимирович Мичуриннің туғанына 1955 жылғы 27 октябрьде 100 жыл толады.

Органикалық дүниенің пайда болуы және дамуы теориясын жасаған Дарвиннің ілімі оған дейін үстем болып келген, қайдағы-бір табиғаттан тысқарғы күш жаратқан органикалық формалар ешқашан өзгермейді дейтін метафизикалық көзқарасқа өлтіре соққы бергені мәлім.

Орыстың озат биолог-ғалымдары А. Н. Бекетов, И. М. Сеченов, К. А. Тимирязев, В. О. Ковалевский, И. И. Мечников, А. О. Ковалевский және басқалары дарвинизмді биологияның әртүрлі салаларында дамытты. Дарвинизмнің озат идеяларының мұрагері болған Мичурин өзінің ғылыми қызметінде өсімдіктердің жаңа тұқымдарын жоспарлы жолмен жасаудың тәсілін ашу мақсатын көздеді. Бірақ, мұның үшін, оған дарвинизм шешпеген аса қиын міндетті шешу керек болды. Организмнің белгілі бір бастапқы ауытқуларын туғызу жолдарын ашып, оларды үнемі және жоспарлы түрде күшейту және жыйнап көбейту, сөйтіп оларды жаңа тұрақты қасиеттерге айналдыру қажет болды.

Орыс ғалымы бұл проблеманы шешті. Ол өсімдік организмдерінің табиғатын бағыттап өзгерту туралы тыңғылықты жалпыбиологиялық ілімді жасады. Бұл ілім оймен қортынды жасау жолымен емес, жемісті өсімдіктердің сорттарын өсіріп шығару жұмысының барысында туды. Мичурин былай деп жазды: «...мен бүкіл өмірімді жеміс бауы мен жүйектерде өткіздім, сөйтіп бұл өмірім ішінде өсімдіктердің тіршілігін аса көп байқап, зерттедім, теория жағынан әлі ғылым қозғамаған көп жаңа фактілерді аштым. Бұл фактілер, әрине, айқындауды және теория жағынан егжей-тегжейлеп тексеруді керек қылады. Бұл жөнінде дәйекті материализмнің бірден-бір дұрыс философиясы ретіндегі материалистік диалектика көмекке келуге тиіс» (И. В. Мичурин, I том, 2-басылуы, 624-бет).

Сонымен, Мичурин биологиялық ілімді маркстік-лениндік философия тұрғысынан дәлелдеу қажет деп есептеді. Ол былай деп көрсетті: «ғылымды тек Маркстің, Энгельстің, Лениннің және Сталиннің ілімі негізінде ғана толығынан қайта құруға болады. Объективтік дүние — табиғат дегеніміз — примат, адам — табиғаттың бір бөлегі, бірақ ол бұл табиғатты сырттан меңзеп қана қоймай, Карл Маркстің айтқанындай, ол мұны өзгерте алады. Диалектикалық материализм философиясы — бұл объективтік дүниені өзгертудің құралы, ол бұл табиғатқа белсенді әсер етіп, өзгерту керек деп үйретеді, бірақ тек пролетариат қана табиғатқа дәйекті және белсенді әсер етіп, оны өзгерте алады — теңдесі жоқ ақыл иелері — данышпандар — Маркстің, Энгельстің, Лениннің және Сталиннің ілімі осылай дейді» (Сонда, 623-бет).

И. В. Мичурин Россияның орталық, солтүстік бөлегінің жемісті өсімдіктерінің сорттарын жақсарту және олардың санын көбейту жұмысына кіріскен кезде, ғылымда Грельдің жерсіндіру теориясы үстем болды. Бұл теория: басқа жерлік нәзік сортты есейген өсімдіктердің бұтақшаларын

алын, неғұрлым солтүстікте өсетін сортқа пайуандасаң, олар жергілікті жағдайға жерсінеді деп үйрететін. Осылайша жұмыс істей отырып, И. В. Мичурин әртүрлі жерлерден алынған, жемісті өсімдіктердің көптеген оңтүстік сорттарын өсірді. Алайда практика оңтүстік өсімдіктерді мұндай жолмен жерсіндіру үмітінің бәрін рақымсыздықпен жоққа шығарды. Жеміс ағаштары бірқатар жылдардан кейін құрып кетті, бұл әдістің терістігіне Мичуриннің сәтсіз болған өз тәжірибесі арқылы көзі жетті. Өсудің барлық сатыларынан өткен оңтүстік сорттардың бұтақшалары солтүстік өңір жағдайларында жерсінбейтінін Мичурин толық анықтады. Ол өзінің көптеген тәжірибелері бойынша оңтүстік сорттарды тек егіп өсіру жолымен ғана жерсіндіруге болатынын дәлелдеді.

Нақ сол кезде Мичурин алғаш рет: өсімдіктердің сорттық табиғаты дамудың ерте сатыларынан бастап қалыптасады, оны тәрбиелеу жағдайлары арқылы нақ осы кезде белгілі бір бағытта неғұрлым оңай өзгертуге болады деп ұйғарды. «Қандайда болсын өсімдіктің, — деп жазды Мичурин, — өзінің тіршілігінің ерте сатыларында жаңа ортаға бейімделе отырып, өзінің құрылысын өзгерту қабілеті болады және бұл қабілет тұқымнан өніп шығуының алғашқы күндерінен бастап неғұрлым айқын көріне бастайды, онан кейін бәсеңдейді және жаңа сорттың жеміс беруінің алғашқы 2—3 жылынан, кей кездерде 5 жылынан кейін бірте-бірте жоғалады. Онан кейін жеміс ағашының бұл алынған жаңа сортының төзімділік мағнасында өзгеріске бейімделіп тұрақталатындығы сонша — онан кейін жерсіндірудің ешқандай тәсілі пайда бермейді деуге болады» (сонда, 124-125-бет).

Мичурин ұсынған және жүзеге асырған, тұқым арқылы көбейту жолымен, күнілгері белгіленген қасиеттері бар сорттарды өсіріп шығару әдісі жоғарыда көрсетілген теориялық қағиданың негізінде жасалады. Бірақ ол селекциялық әдіс ретіндегі тұқым арқылы көбейтуге тоқталғанда, бұл өсімдіктерді бұлай көбейту қажетті сорттың алынуына тек өзі ғана кепілдік жасайтын болғандықтан тоқталған жоқ (мұнымен қатар ол жаңа сорттарды будандастыру жолымен шығару мүмкіндігін анықтады). Тұқым арқылы көбейту И. В. Мичуринге ең алдымен, әлі орнықпаған жас формаларды алып, келешекте тәрбиелеу жағдайларын әдейі белгілеу жолымен, олардан жаңа сорт өсіріп шығарудың құралы ретінде керек болды.

Осылайша И. В. Мичурин әлі қалыптаспаған, өздерінің дамуының циклін өтпеген, сатылық — жас ткані бар жас организмдер тәрбиелеу жағдайы арқылы қалыптандыруға оңай көнетінін, тұқым арқылы көбейту мұның аса маңызды құралы болып табылатынын анықтады.

Өсімдік организмнің тканьдарының әртүрлі сапалы болатынын, бұған сәйкес жас және қарт организмнің қалыптасуын бағыттаудың әртүрлі мүмкіндіктері бар екенін анықтап, И. В. Мичурин мұның арқасында жерсіндірудің жаңа дарвиндік негізін жасады.

И. В. Мичурин осылайша, Грельдің жалған концепциясынан безіп, өз жолымен алға басты. Бұл жолда ол дарвиндік позицияларды барған сайын нығайта берді, жас организмнің қалыптасуын басқарудың өзіндік әдістерін белгіледі, бұл әдістер түгелінен организмге биологиялық көзқарасқа негізделді.

Мұнымен бірге И. В. Мичурин тәрбие жағдайларының ролін тарихи тұрғыдан алып қарады. Ол организмді бағыттап тәрбиелегенде, оған беталды қолданылған құралдармен әсер етуге болмайтынын көрсетті, өйткені организмді мұндай жолмен қайта құруға болмайды, мұнан ол тек бұзылады.

Өсімдіктің дамуын адамға қажетті жаққа бағыттау үшін, организмнің тіршілік жағдайларына қоятын, тарихи қалыптасқан талаптарын және оның төңіректегі ортаға бейімделуін ескеру қажет. И. В. Мичуриннің ілімі бойынша, өсімдіктің түр-түрінің таралу шегі осыған сәйкес белгі-

ленеді. Өсімдіктерді оларға тән емес жағдайларға беталды көшіру, деп көрсетті ғалым, жерсіндіру үшін де, жаңа сорттар өсіріп шығару үшін де нәтиже бермейді.

Дарвиннің ілімін негізге ала отырып, ол бұл міндеттерді жемістерді оңтүстіктен солтүстікке қарай бірте-бірте ауыстырып егу жолымен шешті. Ол «терістік өрігінің» тамаша сортын және қызыл шиенің «Первая ласточка» жаңа сортын осындай жолмен шығарды.

Жақсы сорттардың тұқымын жаппай егу және олардың көшеттерін іріктеп алу әдісін қолдана отырып, И. В. Мичурин өсімдіктердің бірсыпыра бағалы формаларын жасады. Өзінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде ол өсімдіктердің тіршілігінің өзгерген жағдайға неғұрлым бейімделетін дәуірі туралы аса маңызды жалпы биологиялық қағиданы жасады.

Мұнан кейін И. В. Мичурин сортаралық, онан кейінірек әріден будандастыруға көшті. Мұнда да ол беталды жұмыс істемеді, кездейсоқ сәттілікке сенбеді, өйткені өзінің алдына мүлде айқын міндет қойды: солтүстікте оңтүстіктің нәзік жеміс сорттарын өсіруге мүмкіндік туғызуды көздеді. Бұл жұмыстың барысында ол будандастырудың сындарлы теориясын бірте-бірте жасай берді.

Геннің қасиеттеріне сүйенуге тырысатын формальды-генетикалық будандастыру теориясынан өзгеше, будандастырудың мичуриндік теориясы организмнің тарихи қалыптасқан бейімделуін есепке алу негізіне құрылады, ал организмнің бейімделуінің бұл қалыптасуында сыртқы жағдайлар — органикалық, сол сыяқты органикалық емес жағдайлар белсенді роль атқарады.

Мичуриннің алдына, ең алдымен, будандастырылатын қандай жұптарды, қалай іріктеп алу сұрағы қойылды. Мендель мен Морган бұл сұраққа жауап бермейді. Менделизм-морганизм тек будандастыру үшін сол кездің өзінде даяр, қалыптасқан белгілерді есепке алуды көздейді. Организмдердің белгілі бір жұбының даму биологиясына, олардың ата-тектерінің тіршілік жағдайларына, олардың белгілерінің қалыптасуының нақты жағдайларына және себептеріне мүлде көңіл бөлінбейді. Мұның өзі түсінікті де, өйткені менделизм-морганизм организм табиғатының қалыптасуы үшін оның тіршілік жағдайларының маңызы жоқ деп есептейді. Сондықтан Мендель мен Морганның ілімі: нақты жұп өсімдіктен қандай ұрпақ алынады деген сұраққа күнілгері, будандастырудың нәтижесі шыққанға дейін жауап бере алмайды.

Формальды генетикада шынында жұптарды іріктеу теориясы жоқ және болуы мүмкін емес, өйткені ол мәселенің биологиялық жағын елемей, белгілерді қосу ықтығымалы туралы ғана айтады. Ал Мичурин өзінің будандастыру жұмысында ең алдымен күнілгері ойластырылған, белгілі бір қасиеттері болатын сортты тәрбиелеуге әдейі негіз жасау үшін, өсімдік жұптарын іріктеу принципін жасап белгіледі.

Будандастыру саласындағы жыйырма екі жылдық қажырлы жұмысының нәтижесінде Мичурин бұрын биология ғылымында да, селекция практикасында да мәлім болмаған мүлде жаңа тәсілдерді белгіледі. Будандастырудың мичуриндік принциптерін совет ғалымдары онан әрі дамытуда.

И. В. Мичурин өсімдіктердің тозандану процесі заттар алмасуға негізделетінін анықтады. Екі жыныс клеткасының қосылуы нәтижесінде, жаңа организмнің қалыптасуына бастама үшінші клетка пайда болады. Пайда болғанда, олардың біреуінің күшіне қарай, будандық ұрық екі өсімдіктің біреуі жағына ауысады. Сол сыяқты Мичурин будан организм табиғатының аталыққа немесе аналыққа ауысып қалыптасуына көмектесу мүмкіндігін де дәлелдеді.

Талантты совет ғалымы академик Т. Д. Лысенко онан әрі дамытқан бұл аса маңызды мичуриндік принцип: өсімдіктердің жыныс процесін

басқаруға болады және басқару керек дейді. Мұны ойдағыдай жүзеге асыру үшін, селекционер жыныс процесінің жалпыға бірдей заңға — ассимиляция және диссимиляция заңына — негізделетінін жақсы түсінетін болу керек.

Тұраралық және туысаралық будандастыруға келмейтін бейімсіздікті жеңу үшін Мичурин өзі белгілеген өсімдіктердің бірнеше сорттарының, түрлерінің және тіпті тектерінің аралас тозаңымен тозандандыру әдісін қолданып, мұның барысында әртүрлі сорттар мен түрлердің тозаң дәндерінің бір-біріне биологиялық әсерін анықтады.

Мичурин екі түрді тікелей будандастыра алмаған реттерде делдалды қолданды: екі түрдің біреуін ол әуелі, түрі жағынан жақын басқа өсімдікпен будандастырды, ал онан кейін мұнан алынған буданды (ол мұны делдал деп атады) екінші түрмен будандастырды.

И. В. Мичурин тұқым қуалау қасиетінің қалыптасу процесін терең түсінді. Ол тіршілік процесінде организмде пайда болатын қасиеттер мен белгілердің, тұқым қуалауы тек мүмкін емес, оның үстіне қажетті екенін дәлелдеді. «И. В. Мичурин, — деп көрсетті академик Лысенко, — өсімдіктердің табиғатын басқару туралы ғылымның негіздерін қалады. Бұл негіздер биологиялық проблемаларды шешудегі ойлау әдісінің өзін өзгертті.

Өсірілетін өсімдіктер мен үй хайуандарының дамуын практикада басқару себептілік байланыстарды білуді керек қылады. Биология ғылымы колхоздар мен совхоздарға сгіннен мол өнім алуға, сыйырдан сүтті көп алуға және т. б. барған сайын көп көмектесе алатын болуы үшін, ол өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігінің және дамуының күрделі биологиялық өзара байланысын, заңдылықтарын білуге міндетті».

Мичуриндік ілім менделизм-морганизмнің организм денесіне тәуелсіз, қайдағы бір ерекше «тұқым қуалау заты» бар дейтін, жануарлар мен өсімдіктердің табиғаттық және сорттық қасиеттері олардың тіршілік жағдайларына тәуелді емес дейтін жалған қағидасын айқын фактілер бойынша бекерге шығарды. Бұл метафизикалық, идеалистік «ілімнің» ғылымға қайшы реакциялық сипаты әшкереленді. Мичуриннің еңбектері менделизм-морганизм «ілімінің» теория саласында қайдағы бір мистикалық бастама туралы идеяларды биологияға өткізуге бастайтынын, адамзатқа дұшпандық нәсілшілдікті идеология жағынан қаруландыратынын, практикада жоспарлы селекцияны танымауға әкеп соқтыратынын көрсетті.

Өсімдіктер табиғатын қайта жасау туралы Мичуриннің ілімі Вильямстің топрақтың құралу процесі туралы, адамның топраққа белсенді әсер етуі, топрақтың құнарлылығын қалпына келтіру және ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру туралы ілімімен тығыз байланысты. Мичуриндік ілім материалистік биологияның дамуында жаңа кезеңді бастап, тіршіліктің құбылыстарын түсіндіруге ғана емес, мұнымен бірге өсімдіктер мен жануарлардың табиғатын адамға қажетті және пайдалы бағытта өзгертуге мүмкіндік туғызды. Мұның арқасында мичуриндік ілім дарвинизмде жаңа дәуірді бастап, бұл ілімнің материалистік мазмұнын бұрмалаудан, тұрпайландырудан сақтап қалды.

Мичурин ашқан биологиялық заңдылықтар маркстік-лениндік философияны байытты.

Совет ғалымдары И. В. Мичуриннің ілімін дамыта отырып, селекциялық процестің теориясы мен практикасын жаңа сатыға көтерді. Олар биологтардың өсімдіктер мен жануарлардың жаңа формаларын жасаудағы қызметі кездейсоқ сәттілікке тәуелді емес екенін, адам тәрбиелеу жағдайы арқылы әсер ете отырып, жаңа формаларды белгілі бір мақсатқа бағыттап жасай алатынын көрсетті.

Мичуриндік ілімді онан әрі дамытуға академик Т. Д. Лысенко ерекше зор еңбек сіңірді. Өсімдіктердің дамуындағы сатылылықты ашып, бұл процестің теориясын жасап, Т. Д. Лысенко мичуриндік дарвинизмге едәуір үлес қосты. Өсімдіктердің дамуындағы сатыларды білу жаңа сорттарды белгіленген мерзімдерде шығаруға, өсімдіктердің табиғатын жоспар бойынша түбірінен өзгертуге мүмкіндік туғызды.

Біздің елімізде Мичурин бастаған іс ойдағыдай өркендеуде. Бұл жұмысқа мичуриншіл-ғалымдар ғана емес, колхозшылар, совхоз, МТС жұмысшылары және талапкер бағбандар да қатысуда.

Мичуриннің идеялары Қазақстанда да жүзеге асырылуда. Оның әдістері бойынша бидайдың («акмолинка 1», «акмолинка 5», «снегурочка» және басқалары), жеміс, жидек, овощь дақылдарының, картоптың жергілікті жағдайға бейімделген, мол өнімді жаңа сорттары шығарылды, бірсыпыра негізгі дақылдарды өсірудің агротехникалық шаралар системасы жасалды.

Малдың тамаша жаңа тұқымдары — қазақтың биязы жүнді, арқар-меринос қойлары және басқа қой тұқымдары, қазақтың ақбас, алатау сыйыр тұқымдары, Қостанай жылқысы өсірілді.

И. В. Мичуриннің әдістерін практикада қолдана отырып, біздің жерлестеріміз Ш. Берсиев, Ы. Жақаев, О. Қ. Гонаженко тарапынан, күріштің, қант қызылшасының шығымдылығын арттырудың дүниежүзілік рекордтарын жасады.

Мичуриндік ілім коммунизм құрылысының мүдделері үшін жанды табиғатты жоспарлы түрде өзгертуді көздейтін халықтық қозғалысқа ұласты. Бұл ілім кәзір халықтық демократия елдері биологтарының жемісті зерттеулеріндегі жұмыс әдісіне айналып, дүние жүзінің барлық елдерінде өзіне көптеген жақтастар табууда.

* *
*

Мичуриннің ілімінің өмірге бейімділігі — оның теория мен практиканың ажыраспайтын бірлігіне негізделгендігінде. Орасан көп батыл және күрделі тәжірибелер жасай отырып, И. В. Мичурин практикалық жұмысқа мейлінше белсеніп қатысты, жаңашыл ғалымға біткен турашылдығымен және қажырлылығымен, кабинеттік ғалымдардың кертартпалық көзқарастарына қарсы күресті. «Менің жұмыстарымның 60 жылдық қортындылары және келешегі» деген мақаласында ол өзінің еңбектерін және жаңа мәдени өсімдіктер өсіріп шығару жолындағы тәжірибелерін В. И. Лениннің ең алдымен бағалап, оған орасан зор мемлекеттік маңыз бергенін жазды.

Табиғатты өзгертуші ұлы ғалым өзінің бүкіл өмірін халыққа қызмет етуге арнады. «Менің табыстарым, — деп жазды ол, — тапсыз социалистік қоғамның сыбағасы». Маркстің: «Философтар тек дүниені әртүрлі түсіндірді, бірақ іс оны өзгертуде» деген даңқты тезисін негізге ала отырып, И. В. Мичурин биология ғылымының міндетін: «Біз табиғаттың қайырымын күтіп отыра алмаймыз, мұны онан алу — біздің міндетіміз» деген сөздермен тұжырымдады. Мичурин өзінің барлық білімі мен күшін осы революциялық принцип жолына жұмсады.

Қазақстанның мал шаруашылығын өркендетудің маңызды мәселелері

А. ЕЛЕМАНОВ

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған елімізде мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыру міндетін орындауда Қазақстанның колхоздары мен совхоздары зор роль атқаруға тиіс.

Республиканың ауыл шаруашылығының еңбекшілері партия ұйымының, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылығымен, өткен шаруашылық жылы ішінде егіншілік саласында ғана емес, мал шаруашылығын өркендету жолында да зор жұмыс атқарды. 1954/1955 жылдардың қысында малдың күтімі өткен жылдардағыдан едәуір жақсы болды. Малдың өлім-жітімі азайды. Республиканың колхоздарында сыйырдан сүт, қойдан жүн бұрынғысынан көп алынды. Бірақ малдың өнімділігін арттырудың бұл алғашқы тыңғылықты нәтижелері біз жетуге тиісті және жетуге болатын дәрежеден әлде қайда қашық жатыр.

Мәселен, өткен шаруашылық жылында, малды төлінен ұдайы өсіру және сақтау жұмысының қанағаттанғысыз болуы себепті, республиканың колхоздарында өнімді мал шаруашылығын өркендету жоспары малдың қай түлігінен болса да орындалмады. Сыйыр малының санын өсіруде, әсіресе Солтүстік Қазақстан, Қөкшетау, Қостанай, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының колхоздары артта қалды. Сауын сыйырларды көбейтіп өсірудің жәйі мүлде қанағаттанғысыз. Олардың саны өткен жылғыдан да азайды.

Республиканың колхоздары қой өсіру жоспарын да орындамады, оның себебі — өткен қыста бірсыпыра облыстарда қойдың шығыны едәуір болды. Қойдың мұндай көп өлуіне негізінде қысқы жайылым участоктерінде ауа райының қолайсыздығы себеп болды деп есептейді. Алайда бұл істің жәйінің көзге түсетін, сыртқы жағы ғана. Малдың көп шығын болуының негізгі себептері мынада: қысқы жайылым участоктерінде жеткілікті жемшөп запасы болмады, мал қоралары салынбады, көптеген колхоздарда мал қыстату бетімен жіберілді. Бұл жағдайда болмашы суық пен қардың өзі қойлардың арықтап, көп өлуіне себеп болды.

Егер партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары малшылардың күш-жігерін, алдыңғы қатарлы колхоздардағыдай, мал қыстатуды жақсы ұйымдастыруға жұмылдырып, бағыттап отырған болса, малдың едәуірі аман сақталған болар еді.

Быйыл, Қазақстанды тұтасынан алғанда, сыйырдан сүт алудың бір-аз артқандығы жоғарыда көрсетілді. Алайда республиканың колхоздарында әрбір сыйырдан алынған сүт орта есеппен небәрі 875—880 литрден келеді, бұл өткен шаруашылық жылындағыдан небәрі 100 литр артық.

Мұнан көрініп отырғанындай, республиканың колхоздарында сыйырлардың сүттілігінің артуы әлі өте аз, іс жүзінде енді ғана басталып отыр. Сыйырдың қандайы болса да, дұрыс жайып және тәуір азықтандырған жағдайда кемінде 1000—1500 литр сүт бере алатынын көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел.

Көп колхоздарда орта есеппен әрбір сыйырдан алынатын сүт республика бойынша әрбір сыйырдан алынатын сүттен 3—4 есе көп. Мысалы, Алматы облысының Мичурин атындағы колхозында өткен шаруашы-

лық жылында әрбір сыйырдан орта есеппен 3 500 литрден астам сүт алынды. Бұл ауылшаруашылық артелінің сауыншылары М. Шумских, Л. Кочналда және Т. Вязникова жолдастар әрбір сыйырдан 3 700—4 200 литр сүт алады.

Мал шаруашылығының еңбекшілері сүт өндіруді арттыру күресінде зор табыстарға жетіп отырған алдыңғы қатарлы фермалар әрбір ауданда бар.

Әрбір сыйырдан орта есеппен 3 000 — 3 400 литрден көп сүт алатын совхоздар республикамызда аз емес. Бұлар: Қазақстанның солтүстігінде — Мамлютка совхозы, оңтүстігінде — «Пахта-Арал» совхозы, орталық Қазақстанда — Қарағанды совхозы және басқалары.

Сүтті мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесін зерттеп қорыту олардың сүтті мұндай көп алуға, ең алдымен, сыйырларды жыл бойына, әсіресе қысқы маусымда құнарлы азықпен дұрыс азықтандыру арқылы жеткенін көрсетеді. Мәселен, Мамлютка тұқыммал совхозында 11 сыйырды қысты күні жақсы азықтандырудан кейін қолда лагерлеп бағып, көк шөп конвейріне: жайлымға, шабындықтың және жайылымның жаңадан өскен көк шөбіне жайып, көпжылдық шөптер, күздік қара бидай, сұлы, могар, жүгері, күнбағыс, қызылша, бакша дақылдарын және малазықтық капуста беріп сауу тәжірибесі жасалды. Бұл сыйырлардың әрқайсысынан 1954 жылы орта есеппен 4 907 килограмм сүт алынды немесе 1953 жылғыдан 1 280 килограмм көп.

Демек, республиканың колхоздарында сыйырлардың сүттілігін арттырудың ең маңызды шарттарының бірі — ең алдымен, егіндік жемшөп өсіру есебінен жемшөп өндіруді ұлғайту. Мұнымен бірге, республиканың мал шаруашылығын тек табиғи шөп негізінде өркендету әрекеттері таяуда өткен уақытта ауыл шаруашылығының бұл маңызды саласының артта қалуының негізгі себебі болғанын ескеру қажет.

Қазақстанның алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздарының тәжірибесі мал шаруашылығының жемшөп базасын жасау проблемасын тыңғылықты шеше алатын дақыл барлық жерде де жүгері болып отырғанын көрсетті. Жазғы маусымда үстеп беретін көк азық, күзгі-қысқы маусымда жем және балғын азық (сүрленген собықтары мен сабағы) ретінде жүгері малдың мол өнімді болуын қамтамасыз ете алады. Жүгері өсірумен қатар күздік қара бидай, беде, малазықтық капуста, малазықтық бакша дақылдарын және басқа сондай дақылдарды өсірудің маңызы зор.

Бірақ, егіндік жемшөп өсіруді дамыта отырып, мұнымен бірге табиғи мал азығын, әсіресе жайлымдарды дұрыс пайдаланатын болу керек. Табиғи жайлымдарды жақсы пайдалану әрбір сыйырдан жайлым маусымында 800 — 1 000 литрден сүт алуға мүмкіндік береді.

Қысқы маусымда, мал организмінің талаптарын толық қанағаттандыру үшін, жемшөптің әралуан түрлерін маусымның басынан тиімді пайдаланып, оларды дұрыс ұштастырудың, сөйтіп малдың өнімділігінің артуына барлық шаралармен көмектесудің ерекше зор маңызы бар.

Әрбір колхоз бен совхозда жемшөпті тиімді және үнемді пайдалану шараларын жүзеге асыру, ең алдымен, колхоз, МТС және совхоз мамандары мен басшыларының ұйымдастыру жұмысына байланысты. Мәселен, сабанлы сауын сыйырларды азықтандыруға жақсы пайдалану үшін, оны турайтын, жемшөпті булайтын жабдықтар орнатып, оны отынмен, сумен қамтамасыз ету керек, сол сыяқты жемшөпті әзірлеу жұмысының үздіксіз жүргізілуін жолға қою керек.

Партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың мамандары мен басшыларының ұйымдастыру жұмысына басшылық етіп, белсенді көмек көрсетіп отырған жерлерде істің табысты болатынын алдыңғы қатарлы колхоздар мен

жеке аудандардың практикасы көрсетіп отыр. Мысалы, Алматы селолық ауданының аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің атқару комитеті сүт өндіруді арттыру күресіне іскерлікпен басшылық етіп келеді. Бұл ауданның колхоздары сыйырлардың сүттілігін арттыруда зор табыстарға жетіп, республикада бірінші орын алып отыр.

Қазақстанда шошқа өсіруді және құс өсіруді өркендетуге зор мүмкіндіктер бар. Астық шаруашылығын өркендету, әсіресе жүгеріні көп егу, мал шаруашылығының бұл салаларын өрге бастыру мүмкіндіктерін едәуір арттыратынын озаттардың тәжірибесі көрсетіп отыр. Мұнда астықтың қалдықтарын пайдаланумен қатар, жүгері сүрлемін, әсіресе оның сүрленген собықтарын беріп азықтандырудың, пішен ұнтағын, минералды және витаминді азық әзірлеудің маңызы зор.

Өзінің мал шаруашылығының басты саласы — қой шаруашылығын өркендетуге республиканың қандай ұшан-теңіз мүмкіндіктері бар екенін өткен шаруашылық жылдары көрсетті. Бұл саланың барлық көрсеткіштері едәуір жақсарды: әрбір қойдан алынған жүн өткен жылғыдан 400 грам артты, әрбір 100 саулықтан алынған қозылардың саны 10 — 12 бас көбейді; республиканың колхоздарында қойды көбейтіп өсіру және мемлекетке жүн тапсыру жоспарын орындаудың көрсеткіштері бұған дейінгі қандай уақыттағыдан болса да жоғары болды.

Бірақ мұның бәрі — үлкен істің бастамасы ғана. Қой шаруашылығын өркендетуге барлық жерде зор мүмкіндіктер бар. Қазақстанның әртүрлі облыстарындағы ондаған колхоздар мен совхоздардың жұмыс тәжірибесі мұны дәлелдеп отыр. Мәселен, Жамбыл облысы, Меркі ауданының Сталин атындағы колхозында 1955 жылы әрбір қойдан үш килограмнан артық жүн алынды, жүн сатудан үш миллион сомнан артық табыс түсті. Сонда әрбір қой колхозға 80 сомдай табыс келтірді. Бұл колхоздың аға шопандары Бекасыл Демесінов, Ыбырай Түсіпбеков және басқа көптеген шопандар, жайылымдарды жақсы пайдалану және төлді қамқорлықпен өсіру арқасында, әрбір жүз саулықтан 120 — 130 қозы, әрбір қойдан 3,5 — 4 килограмм жүн алды.

Быйыл өзіне бекітіп берілген таңдаулы саулықтардан 14,5 килограмнан жүн алған, Бесқарағай қой совхозының аға шопаны Бекен Қармановтың есімі Қазақстаннан тыс көп жерлерде мәлім. Республиканың басқа да көптеген шаруашылықтары зор табыстарға жетуде.

Алайда, жалпы алғанда, жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдарының, МТС-тер мен совхоздар директорларының тиісінше көңіл бөлмеуі себепті, республиканың колхоздары мен совхоздарында қой шаруашылығын өркендету қарқыны әлі де өте шабан. Малды, әсіресе қысқы жайлым участоктерінде жемшөппен қамтамасыз ету, суаттар жасау, қора-жайлар салу сыяқты қой шаруашылығын өркендетудің түбірлі мәселелері әлі де іс жүзінде шешілмей келеді. МТС-тер мен колхоздардың көптеген басшылары, өз күштерімен жемшөп базасын жасауға, тоғандар мен қой қораларын салуға толық мүмкіндіктері бола тұрса да, мемлекеттен көмек күтіп отыра береді. Аудандық, облыстық совет және ауылшаруашылық органдарының басшылары бұл жұмыстарды жүргізуде тиісті қажырлылық көрсетпейді. Мысалы, Алматы облысының колхоздары күзгі-қысқы жайлым жағынан қатты тапшылық көріп отыр. Ал Сарытауқұмның мейлінше мол жайлымдары, онда құдықтардың, мал қораларының және жемшөп қорының болмауы себепті, ұзақ уақыт бойына пайдаланылмай келеді. Бұл кең жайлымдарды суландыру жұмыстарын жүргізу бірнеше жыл бойына әңгіме болып келеді, жыл сайын мал қыстату қарсаңында тағы бір әңгіме болып қояды, бірақ көктемде күн қыздыра бастағаннан кейін бәрі де келесі күзге дейін ұмытылады. Су шаруашылығы министрлігі ұйымдарының Сарытауқұмда қаздырған құдықтарының өзі

пайдаланылмайды, өйткені ол құдықтардың көбінде су аз және су тарта-тын жабдықтары жоқ.

Шөпті қолдан егіп өсіру жердің шөбінің өнімділігін табиғи жайлымдардағыдан 3 — 5 есе арттыратынын ғылыми мекемелердің тәжірибесі мен алдыңғы қатарлы колхоздардың практикасы анықтай тұрса да, республиканың оңтүстігіндегі колхоздардың отар учасітктерінде малазықтық дақылдар егісінің енгізілуі нашар. Күздік қара бидай мал азығына арналған тұрақты өнім береді. Мәселен, Гурьев облысының көптеген колхоздарында, 1955 жылғы жаздың өте қуаң болуына қарамастан, күздік қара бидай гектарына 6 центнерден 14 центнерге дейін мал азығын берді.

Республиканың колхоздарында, әсіресе қысқы жайлым учасітктерінде, қойды жеткілікті қоралармен қамтамасыз ету үшін әлі де көп жұмыс істеу керек. Тастан, қамыстан және басқа жергілікті материалдардан қоралар салуға зор мүмкіндіктер бола тұрса да, бұл мүмкіндіктер өте нашар пайдаланылады.

Қолхоздарда қарапайым, арзанға түсетін, бірақ мал қоюға қолайлы қоралардың жобалары жоқ. Қамыстан салынған көптеген қой қоралары, құрылыс техникасының ең қарапайым ережелерін орындамау себепті пайдаланудың алғашқы жылында-ақ бұзылып қалды. Республиканың машина-трактор станциялары, Қалалық және селолық құрылыс министрлігі, Ауыл шаруашылық министрлігі мал қораларын салу мәселелерімен шындап шұғылданбайды, бұл маңызды істе колхоздарға көмектеспейді. Мұндай халге енді төзуге болмайды.

Қой шаруашылығында ең жауапты және шешуші кезеңдердің бірі — қой шағылыстыру және қолдан ұрықтандыру жұмыстары басталды. Алдағы жылы қойдың санын көбейтудің негізі ғана емес, келешекте қой шаруашылығын өркендетудің, әсіресе оның сапасын жақсартудың негізі де нақ осы кезде жасалады. Өйткені 1956 жылғы төл онан кейін 5 — 6 жыл бойына жүн береді. Сондықтан жақсы қошқарлардан жақсы ұрпақ алуды қамтамасыз етудің ерекше зор маңызы бар.

Малды қыстатуға әзірлік жұмыстарына басшылық етіп, еңбекшілердің күш-жігерін мал шаруашылығындағы өндірістік жұмыстардың бәрін үлгілі орындауға жұмылдыру — колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың бастауыш партия ұйымдарының міндеті. Сол сыяқты жемшөпті мал қыстататын орындарға тасып алудың, мал қораларын салуды, жөндеуді, мал суаттарын жасауды және жабдықтауды тез аяқтаудың шешуші маңызы бар.

Кәзіргі уақытта мал бригадаларын кадрлармен толықтыруға айрықша көпіл бөлу қажет. Малдың қоңының кемдігі, сол себепті малды шағын топтарға бөліп бағу керек болатындығы оған қосымша адамдар беруді талап етеді. Мұнда көп жұмыс бригадаларда еңбекті дұрыс ұйымдастыруға, жұмыстың озат тәсілдерін қолдануға байланысты.

Алдағы мал қыстату маусымының жағдайы ауыр болатын түрі бар. Мұның өзі партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының бұл маңызды іске жетік, жедел басшылық етіп отыруын, республиканың ауыл шаруашылығындағы барлық еңбекшілердің күш-жігерін бұған толық жұмылдыруын талап етеді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбекшілері партия ұйымдарының басшылығымен, өздерінің жұмысындағы алғашқы тыңғылықты табыстарды баянды ете отырып, мал шаруашылығын шұғыл өркендетудің берік негізін қалайды.

Партия тұрмысы

Технологияны жетілдіре, техниканы дамыта, өндірісті ұйымдастыруды жақсарта берейік

(Қазақстан КП обкомдары мен қалалық комитеттерінің пленумдарынан,
партия активтерінің жыйналыстарынан)

Коммунистік партия ауыр өнеркәсіпті шапшаң және оздыра дамытуға барлық уақытта ерекше қамқорлық жасап келді және қамқорлық жасауда. Үнемі өсіп отыратын ауыр индустрия өндіріс техникасын жетілдіреді, осы арқылы халық шаруашылығының барлық салаларын техникалық қаруландыруға, еңбек өнімділігін үнемі арттыра беруге, еңбекшілердің тұрмыс күйін жақсарта беруге және еліміздің қорғаныс қуатын нығайта беруге жағдай жасайды.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы ауыр өнеркәсіптің зор табыстарын атап өтті. Пленумның шешімдерінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 1955 жылдың ақырында 1950 жылмен салыстырғанда кемінде 84 процент өсетіні көрсетілді.

Осымен бірге СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы өнеркәсіптің қызметіндегі елеулі кемшіліктерді ашты: бірсыпра салаларда ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері өндіріске нашар енгізіледі, еңбек өнімділігін арттырудың зор резервтері жеткіліксіз пайдаланылады, механикаландырудың және автоматтандырудың дәрежесі әлі жеткіліксіз, озат технология өндіріске шабан енгізіледі.

Қазақстан КП обкомдарының, қалалық комитеттерінің және аудандық комитеттерінің август-сентябрьде болып өткен пленумдары, қалалық және облыстық партия активтерінің СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қортындыларын талқылауға арналған жыйналыстары өнеркәсіпті онан әрі өркендете беру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарта беру жөнінде нақты шаралар белгіледі. Жыйналыстарға қатнасушылар озат технологияны, жаңа техниканы өндіріске еңгізуге, құрал-жабдықтарды барынша толық пайдалануға, өнеркәсіпке басшылықты жетілдіре беруге баса көңіл бөлді. Пленумдарда және жыйналыстарда партия органдарының ұйымдастыру жұмыстарын күшейту керектігі, еңбек тәртібін бұзушыларға, аттаншылдыққа қарсы батыл күрес жүргізу керектігі атап көрсетілді. Партия комитеттерінің аса маңызды міндеті—өнеркәсіпке партиялық басшылықтың дәрежесін шұғыл арттыру, жұмысшылардың және техникалық интеллигенцияның арасындағы саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту.

* *
*

Социалистік өндірістің үнемі өсуі жоғары техниканың негізінде, тынымсыз техникалық прогрестің жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкін. Қазақстанның кәсіпорындары да, бүкіл еліміздің кәсіпорындары сыяқты, жаңа және ең жаңа техникамен ұдайы қарулануда. Қарағанды облыстық партия комитетінің пленумында обкомның секретары Яковлев жолдас қызықты мәліметтер келтірді: 1950 жылы бассейнде 30 кен комбайны болды, көмірдің 75 проценті транспортерларға қолмен тиелді. Бесінші бесжылдықтың 4,5 жылы ішінде «Қарағандауголь» комбинаты тағы да 133 кен комбайндарын, 36 көмір тиейтін, жыныстар тиейтін машиналар алды. Осының нәтижесінде механикаландырылған көмір тиеу 1950 жылмен салыстырғанда 4 еседен астам артты. Қазір жер астынан шыға-

рылатын көмірдің 58,2 проценті комбайндар арқылы қазылады, ал механикаландырылған тиеу 62,1 процент болады.

Бесінші бесжылдықтың ішінде кен комбайндарының өнімділігі бассейні бойынша тұтас алғанда екі есе дерлік артып, айына 9 мың тонна көмір шығаруға жетті. Жеке комбайншылар — Абросимов, Бобнев, Халипин және басқалар комбайнның айлық өнімділігін 26 мың тоннаға және одан да артық отын шығаруға жеткізді. Осыған қарамай облыстық комитеттің пленумында атап көрсетілгендей бассейн шахталарының жартысынан көбінде комбайндардың жұмыс өнімділігі әлі төмен. Мысалы № 101 шахтада ол жоспар бойынша 6 690 тонна орнына 3959 тонна ғана көмір шығарады. № 18 шахтада комбайндардың жұмыс өнімділігі өткен жылға қарағанда 2 262 тонна төмендеп кетті. Егер бассейнің барлық комбайншылары әрбір машинаның айлық өнімділігін 10 мың тонна отын өндіруге жеткізгеннің өзінде, комбинаттың қосымша 1,5 миллион тонна көмір шығаратыны есептеп шығарылды.

Құрал-жабдықтарды барынша толық пайдалану — өнім шығаруды арттырудың, еңбек өнімділігін арттырудың мол резерві. Партия активінің Зыряновск қалалық жыйналысында полиметалл комбинатында машиналар мен механизмдердің жұмыс өнімділігі ерекше төмен екендігі атап көрсетілді. Мысалы, байыту фабрикасында 1955 жылдың алғашқы жартысында құрал-жабдықтардың пайдаланылуы тек 67 процент болды. Путинцевск руднигінде 141 перфоратордан 78-і ғана жұмыс істейді. Партия активінің Жезқазған қалалық жыйналысында мынадай фактілер келтірілді. «Казмедьстрой» тресінде көпшімшісті экскаваторлар алты айдың ішінде тек бескүн ғана жұмыс істеген, 5 скрепер 77 күн ғана пайдаланылған, 42 башиялық кран жұмыс уақытының жартысы бойына қарап тұрған. Осылай бола тұрып, 70 мың текшеметр топрақ күрекпен шығарылған. Техниканың нашар пайдаланылатыны туралы Павлодар және Батыс Қазақстан обкомдарының пленумдарында облыстық партия комитеттерінің секретарьлары А фон о в және Т о қ т а м ы с о в жолдастар айтты.

Көптеген бағалы құрал-жабдықтар жылдар бойына қоймаларда жатады және тіпті пайдаланылмайды. «Балхашский рабочий» газетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі Су л а ц к о в жолдас Балхаш қалалық партия комитетінің пленумында былай деді: «Техникалық жабдықтау бөлімінің қоймасында болат балкытпа үшін электр пеші, бөлшектерді қуатты тоқпен пісіруге арналған установка және басқа 6 миллион сомның әртүрлі құрал-жабдықтары 9 жылдан бері босқа жатыр». Шымкенттің май комбинатының қоймасында құны 11 400 мың сомдық майды үзіліссіз экстракциялауға арналған жабдықтар екі жылдан бері жатыр. Бұл жабдықты орнату рафинатталған май шығаруға көшуге және оның өндірісін жылына 6 500 тонна арттыруға мүмкіндік берер еді.

Техниканың кәзіргі дәрежесі жетілдірілген, өзінің техникалық сипаты жөнінде шетелдерде шығарылатын ең жақсы үлгілерден кем түспейтін машиналар, құрал-жабдықтар жасауды талап етеді. Дегенмен Оңтүстік Қазақстан облысы партия активі жыйналысында атап көрсетілгеніндей, Шымкент пресс-автомат заводы жасап шығаратын престер Чехословакияның кәсіпорындары жасап шығарған осындай престерге қарағанда едәуір ауыр және көлемді, жұмыс өнімділігі төмен. Завод еліміздің халық шаруашылығына өте керекті ГО-151 және ГО-081 автоматтардың өндірісін екінші жыл бойына меңгеруде. Завод директоры П е т р ж а к о в с к и й жолдас кәсіпорын «соғыстан кейінгі дәуірде тек екі автомат ғана жасады және фрикциондық престің конструкциясын біраз жақсартты. Негізінен алғанда өзінің салмағы және жұмыс өнімділігі жөнінен шетелдерде даярланған осындай машиналардың түрлерінен төмен, престердің ескірген конструкцияларын жасап шығарамыз» деп мойындады.

Партия комитеттерінің пленумдарына және партия активтерінің жыйналыстарына қатнасушылар түсті металлургия кәсіпорындарының жұмысына көп көңіл бөлді. Бұл түсінікті де, түсті металлургия Қазақстан ауыр өнеркәсібінің басты саласы болып есептеледі. Мұнда технологиялық процестің жетілдірілмегендігінен металдардың көп шығыш болуына жол беріледі. Қонырат руднигінде 0,5 проценттен жоғары мысы бар ондаған миллион тонна рудалар жатыр. Бұл руда байыту технологиясы жасалмағандықтан пайдаланылмай жатыр. 0,93 проценттен жоғары мысы бар рудалар ғана өңделеді. Рудниктің басшылары Першаков пен Мазитов кенді пайдаланудың прогрессивті системасын енгізумен шұғылданбайды, сондықтан Қонырат рудадағы мыстың мөлшері жөніндегі жоспарды үнемі орындай алмай келеді.

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Устенко жолдас пленумға қатнасушылардың назарын Лениногор руднигінде рудада әртүрлі бос жыныстардың көп болатындығына аударды. Олардың мөлшері 12 проценттен астам. Сокольный руднигінде «Победа» линзысын қазып алғанда жыныстар 20 — 25 процентке жетті.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы түсті металлургия қызметкерлерінен шығарылатын рудалардағы пайдалы компоненттерді комплексті пайдалануды және өндірістің бүкіл барысында түсті металдар мен күкіртті шикізаттың шығынын барынша азайтуды талап еткені мәлім. «Осыған қарамай, — дейді Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Юсупов жолдас, партия активі жыйналысында, — Шымкент қорғасын заводы өңдейтін шикізаттағы 11 пайдалы компоненттерден тек 6-ы ғана айрылып алынады. Қалған 5 компоненттер, олардың ішінде мырш, мышьяк және кейбір сирек металдар немесе айрылып алынбайды немесе қалдыққа жіберіледі. Бұл қалдықтарда жыл сайын 36 миллион сомның әртүрлі металдары кетеді». Балхаш мыс заводында мыс қорыту кезінде алюминий, қорғасын және бірсыпра сирек металдар айрылып алынбайды. Мұнда жыл сайын 50 мың тоннаға дейін күкірт ауаға ұшып кетеді.

Өндіріс процесінде негізгі металдың да шығындары көп. Мысалы, Шымкент қорғасын заводында металдарды айыру кезінде қорғасынның шығыны 8 — 10 процент болады. Байыту фабрикаларында металдардың шығыны мұнан да көп. Шымкент қорғасын заводының өзінде бесінші бесжылдық ішінде қорғасынның шығыны он мың тоннадан астам болды.

Мұнай өндірісіне де озат технология нашар енгізілуде. Бұл туралы Гурьев және Ақтөбе облыстық партия комитеттерінің пленумдарында айтылды. Сұйық отын, ең алдымен аса бағалы майлы мұнай шығаруды арттырудың аса маңызды резерві скважиналарды екінші рет пайдалану әдісі болып саналады. Қазақстан мұнай бірлестігі ССРО-да біріншілердің қатарында Доссар-Мақат промыселында мұнай алаңдарын суландыру әдісін қолдана бастады. Бірақ, жақсы өндірістік пайда келтірген мұнай шығаруды арттырудың бұл жана әдісі басқа промыселдерге енгізілмеген. Құлсары промыселында екі жылдан артық уақыт бойы менгеріліп келе жатқан мұнай алаңдарын контурлық суландыру әдісін қолдану арқасында тиімді нәтижелер алына бастады. Бірлестіктің басшылары Өтебаев пен Гершман жолдастар мұнай скважиналарының өнімділігін арттырудың жаңа пайдалы әдісін — пласталарды сумен ажырату әдісін енгізуді ұзаққа созып келеді. Ақтөбе облысындағы Жақсымай және Шұбарқұдық промыселдерінде мұнай шығарудың озат әдістері пайдаланылмай келеді. «Актюбнефтеразведка» тресінде барлау бұрғылаудың орта шапшаңдығы ерекше төмен, ол айына әрбір станокке 132 метрден ғана келеді.

Өнеркәсіпті, техникалық прогресті ғалымдардың қатнасуынсыз, кең көлемді ғылыми және зерттеу жұмыстарын жүргізбейінше, табыспен да-

мытуға болмайды. Бірақ республиканың кейбір ғылыми мекемелері мен ғалымдары өнеркәсіп орындарына бүгінгі күннің зәру мәселелерін шешуде нашар көмектеседі. Қарағанды ғылыми-зерттеу институтының штатында 141 адам бар. Оны ұстауға тек өткен жылдың өзінде 1 807 мың сом қаржы жұмсалды. Осылай бола тұрса да институт осы бесжылдықтың ішінде көмір өнеркәсібіне енгізу үшін бірде-бір жұмыс берген жоқ. Бұл институттың көмір пластыларын қазып алудың үш қабатты әдісін енгізу жөнінде зерттеу жұмысын жүргізіп жатқанына 6 жыл болды. Институттың ғылыми қызметкері Тастинов жолдас өткен жылы осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап үлгерді, бірақ көмір алудың жаңа системасы әлі пайдаланылған жоқ. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің пленумында геолого-минерологиялық ғылымдардың докторы И в а н к и н жолдас Қазақ ССР Ғылым Академиясы Алтай кен-металлургия ғылыми-зерттеу институтының, түсті металлургия жөніндегі Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының, Алтайгипроцветметтің өнеркәсіп орындармен байланысы нашар екендігі туралы айтты.

Коммунистік партия, Совет үкметі өнеркәсіпке басшылықты жетілдіре беруге аса күшті маңыз береді. Осылай бола тұрса да Қазақстанның бірсыпыра кәсіпорындарында өндіріске басшылық студің структурасы икемсіз, ал әкімшілік-басқару аппаратының штаттары көп. Мысалға Ащысай полиметалл комбинатын алайық. Оның басқару структурасы мынандай: Комбинат — Ащысай кен басқармасы — Ащысай руднигі. Бір рудник және байыту фабрикасы үшін штатында 31 адамы бар арнаулы кен басқармасы құрылған. Ал комбинаттың өзі структурасы жағынан министрліктің бас басқармасынан айырмасы аз. Комбинатта 11 бөлім бар, оларда 99 инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілер істейді. Қелтемашат шахта басқармасы тәулігіне 25—35 тонна көмір шығарады. Мұнда 94 жұмысшыға 37 адам әкімшілік-басқару қызметкерлері бар. Мұнан кейін бір тонна көмірдің түсер құны шоль айында оның босату құнынан он есе дерлік жоғары болғанына таңдануға болмайды.

Біздің экономикалық саясатымыздың негіздерінің негізі техникалық прогрес үшін, еңбек өнімділігін үнемі арттыра беру үшін күрес беруге болып келді және бола береді. СОКП Орталық Комитеті көмекші жұмыстарды механикаландыруға, өндірісті комплексті механикаландыруды жүзеге асыруға ерекше көңіл аударулы талап етеді. Алайда Қазақстанның кәсіпорындарында бұл істің жағдайы нашар. Қарағанды бассейнінің шахталарында, мысалы, бірсыпыра процестер (шабу, құлату, тиеу) біршама тәуір механикаландырылған, ал басқа процестер (төбелерді бекіту, тірек тіреу, ағаш жеткізу) түгелдей қолмен атқарылады деуге болады. Осының салдарынан көптеген көмекші жұмысшылар ұстауға тура келеді. Бассейн жұмысшыларының құрамында көмекші жұмысшылар 56,5 процент. Қарсақдай мыс заводында пешке шихта тиеуден бастап, дайын өнімдерді вагондарға тиеуге дейінгі барлық жұмыс қолмен істеледі. «Мырғалымсай руднигінде, — дейді СОКП Орталық Комитетінің Ащысай полиметалл комбинатындағы парторгі Положенко жолдас, — бір негізгі жұмысшыға екі көмекші жұмысшыдан келеді».

Партия комитеттерінің пленумдарында және активтердің жыйналыстарында республиканың жеке кәсіпорындарында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың дәрежесі өспей, қайта төмендеп, көмекші жұмысшылардың саны артып отырғаны айтылды. Партия активінің Оңтүстік Қазақстан облыстық жыйналысында обкомның секретары Қостин жолдас былай деді: «1940 жылы Ленгер кен басқармасында көмекші жұмысшылар жалпы жұмысшылардың 47,1 проценті болса, 1954 жылы — 63,1 процент, ал кәзір мұнда көмекші жұмысшылар 63,9 процент». Қарағанды бассейнінің 10 шахтасында көмір тиеуді механикаландырудың дәрежесі үстіміздегі жылы өткен жылғыдан төмендеп

кетті. Бассейннің ірі шахталарының (Жданов атындағы, Киров атындағы, №№ 101, 3-бис шахталары) көпшілік лаваларында қол еңбегі басым.

Қазақ ССР-ның Түсті металлургия министрлігіне елеулі сын айтылды, министрлік өндірісті кооперациялауға және мамандандыруға ешқандай көңіл бөлмейді. Партия комитеттерінің пленумдарында және партия активтері жыйналыстарында метиздерді, жеке механизмдерді, агрегаттарды және басқаларды өндіру жағдайындағы төзгісіз фактілер келтірілді. Бұларды осы министрліктің барлық кәсіпорындары дерлік өндіреді. Егер Лениногорде диаметрі 0,5-тен 1 дюймға дейінгі бір болттың түсер құны 22 — 30 тыйын болса, Зыряновскінің жартылай майдагерлік мастерскойларында осы болттың түсер құны 2 сом 30 тыйыннан 6 сом 98 тыйынға дейін барады.

Партия комитеттерінің пленумдарында, партия активтерінің жыйналыстарында партияның кейбір обкомдарының, қалалық комитеттерінің, аудандық комитеттерінің тарапынан өнеркәсіпке басшылықтың дәрежесі кәзіргі талаптарға жауап бере алмайтындығы атап көрсетілді. «Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің жұмыс стилі, — деді Лениногор қалалық партия комитетінің секретары Е ф и м о в жолдас, — СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумынан кейін аз өзгерді. Партия органдары бөлімі және оның меңгерушісі Чернецов жолдас бұдан бұрын жұмысты қалай істесе, кәзір де солай істейді. Обкомның насихат және үгіт бөлімі туралы да осыны айтуға болады». Зыряновск қалалық партия комитетінің секретары В и н о х о д о в жолдас партия активінің жыйналысында былай деді: «партияның облыстық комитеті қағаз жүзінде басшылық етуді қоюы керек. Облыстық комитет бізде металдарды айырып алудың дәрежесі неге төмен екенін білмейді».

Партия комитеттері өнеркәсіп бөлімдерінің және олардың басшыларының жұмысы қатаң сыналды, олар көбінесе партия жұмысымен емес, ұсақ шаруашылық істермен шұғылданады. Мысалы, Жезқазған қалалық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің қызметкерлері, қалалық комитет секретарының келісімі бойынша қаладағы кәсіпорындарды техникалық жабдықтау жөніндегі жауапты орындаушыларға айналдырылған. «Быйылғы жылы, — деді Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің пленумында, Каменск аудандық партия комитетінің секретары Ә л м ұ х а н о в жолдас, — обкомның өнеркәсіп және транспорт бөлімінен аудандық комитетке ешкім келген жоқ, бізге ауданның жергілікті өнеркәсібінің қызметін терең зерттеуге көмектескен жоқ. Бөлімнің қызметкерлері көбінесе әртүрлі справкалар мен ақбарлар жыйнаумен шұғылданады». Шымкент қалалық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі Ежанов жолдас быйыл қорғасын зауытында бір де рет болған жоқ. Лениногор қалалық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Фаткин жолдас 1955 жылы шахтаға түспеген. Гурьев облыстық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Любенко жолдас пен оның орынбасары Сапаев жолдасының жұмыс стилі нашар шаруашылық басшыларының жұмыс стилі сыяқты.

Партия комитеттері пленумдарына, партия активтерінің жыйналыстарына қатнасушылар СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қортындыларын талқылай отырып, көптеген сын ескертпелер, нақтылы ұсыныстар жасады, оларды партия комитеттері зерттеп, практикалық жұмыстарында ескерулері керек. Партияның облыстық, қалалық және аудандық комитеттері барлық еңбекшілерді өнеркәсіпті, техникалық прогресті оған әрі дамыта беруге және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту беруге күнделікті бағыттап отыруға міндетті. Өнеркәсіпке партия басшылығының дәрежесін арттыру СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы алға қойған міндеттерді тезірек орындауға көмектеседі.

Партия органдарының есеп беруі және сайлауы

Н. НОВИКОВ

Қазақстан КП Орталық Комитетінің партия органдары бөлімінің меңгерушісі

СОКП Уставына сәйкес республиканың партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізілуде. Бұл жыйналыстар Коммунистік партия мен Совет үкметінің тарихи шешімдерін жүзеге асыруға жұмылған еңбекшілердің жанқиярлық күресі үстінде өтуде.

Коммунистік партия социалистік өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, оның техникалық прогресін күшейту, еңбек өнімділігін арттыра беру программасын белгіледі. Партия ауыл шаруашылығы саласында да зор міндетті: астық өндіруді шұғыл ұлғайтып, колхоз және совхоз егінінің шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді екі есе — екі еседен аса көбейту міндетін алға қойды.

Партия ұйымдарының басшылығымен, халық шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету үшін күресе отырып, Қазақстанның еңбекшілері алғашқы табыстарға жетті. Быйым өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерін өндіру 1953 жылғыдан: көмір 63 процент, тазартылмаған мыс 68 процент, болат 1,7 есе, ал қорғасын, мырш, болат прокат екі еседен аса артады.

Егін даласының еңбекшілері тың жерлерді ойдағыдай игеруде. Екі жылдың ішінде 16 миллион гектардан астам тың жерлер жыртылды, 337 жаңа астық совхоздары құрылды. Колхоздар мен совхоздар мемлекетке мал шаруашылығының өнімін тапсыруды барған сайын арттыруда. 1955 жылдың өткен айлары ішінде, өткен жылғымен салыстырғанда, ет 25,2 процент, жүн 34,6 процент, сүт 13 процент көп дайындалды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының шешімдері Қазақстанның партия ұйымдарының бүкіл жұмысының негізіне алынды. Сондықтан есеп беру-сайлау жыйналыстарында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне баса көңіл бөлінді. Коммунистер жұмысқа баға бергенде, жалпыпартиялық және жалпымемлекеттік мүдделерді есепке ала отырып баға беруде.

Қазіргі есеп беру-сайлау жыйналыстарының, сол сыяқты алдағы партия конференцияларының ерекшелігі мынада: олар СОКП Орталық Комитетінің январь және июль Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыру жұмысының алғашқы қортындыларын жасауға, жұмыстағы кемшіліктерді ашып, оларды неғұрлым тез жою шараларын белгілеуге, партиялық-саяси жұмысты және партия ұйымдарының шаруашылыққа басшылығын жақсарту жолдарын белгілеуге тиіс.

Мұның бәрі басшы партия органдарына есеп беру-сайлау жыйналыстары мен конференциялардың күшті ұйымшылдықпен өткізілуін камтамасыз етуді, партия ұйымдарының жұмысын жан-жақты талқылауға жағдай туғызуды міндеттейді.

Көптеген партия ұйымдары есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлік және ол жыйналыстарды өткізу жұмысын іскерлікпен жүргізуде. Мұның өзі коммунистердің белсенділігін күшейтіп, жыйналыстарға іскерлік сипат береді. Мұндай ұйымдарда партия мүшелері мен кандидаттары жыйналыстарға толық қатнасады, әдетте олардың жартысынан көбі жарыссөзге шығып сөйлейді, сын және өзара сын дәрежесі жоғары болады, көптеген бағалы ұсыныстар енгізіледі.

Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақтөбе облыстарының бірсыпыра партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарында СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін орындау мәселелері толық талқыланды. Жарыссөзде сөйлеушілер көптеген кәсіпорындардың партия комитеттері өндірістің экономикасына шындап зер салмайтынын, кемшіліктерге төзіп отыра беретінін, кейде жеке шаруашылық басшыларының кертартпалығын, енжарлығын байқамайтынын айтты. Мәселен, Ақтөбе станциясының коммунистері партия бюросы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға қамқорлық жасамағаны үшін, өндірістің резервтерін пайдалануға немқұрайды қарағаны үшін қатты сынады.

Көптеген жыйналыстарда партия ұйымдарының күнбе-күнгі өндіріс істерімен шұғылдана отырып, көп уақытта өндірістің түбірлі мәселелерін ескермегені, бақылау правосын нашар пайдаланғаны айтылды.

Өндірістің шұғыл міндеттерін іскерлікпен талқылау, жыйналыстарда коммунистердің жұмысты жақсартуды көздейтін нақты ұсыныстар енгізуі республиканың өнеркәсібін онан әрі шұғыл өрге бастыруда маңызды роль атқаруға тиіс.

Селолық партия ұйымдарында коммунистер барлық ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай аяқтауға, жемшөп дайындауға, күздік дақылдар егуге, зябь жыртуға, тұрғын үйлер мен мал қораларын салуға баса көңіл бөліп, колхоздарға басшылық етудегі кемшіліктерді ашуда, қоғамдық шаруашылықты жан-жақты өркендетуге, агротехниканы кеңінен енгізуге, машиналарды өнімді пайдалануға бағытталған ұсыныстар енгізуде. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдері тұрғысынан белгіленген, ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өркендету шараларын орындаудың барысы қызу талқылануда. Белгіленген жоспарларды мерзімінен бұрын орындаудың жаңа жолдары көрсетіліп, түзетулер енгізілуде. Қарағанды облысы, Ворошилов ауданының Киров атындағы колхозының партия жыйналысында шаруашылықты өркендетудің 1960 жылға белгіленген дәрежесіне таяудағы екі жылдың ішінде жетуге қаулы алынды.

Кеңінен жолға қойылған партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыс — шаруашылықтағы барлық табыстардың тұрақтылығының және баяндылығының негізі. Алға қойылған міндеттерді орындаудың негізгі шарты болып отырған бұл мәселелерге коммунистер ерекше маңыз беруде. Олар өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, совхоздардың жұмысына партиялық бақылауды күшейтуді, шаруашылық жұмысы мен саяси-тәрбие жұмысын шебер ұштастырып жүргізуді талап етуде. Қалың бұқараны партия белгілеген программаны онан әрі жүзеге асыруға жұмылдыру үшін, әрбір жұмысшыны, колхозшыны, МТС және совхоз қызметкерін тәрбиелеу ісімен күнбе-күн шұғылданып отыру керек екенін коммунистер дұрыс көрсетуде. Мәселен, Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы Шөптікөл совхозының тапсырмаларды орындауда артта қалуының себебі не? Жыйналыста сөйлеген коммунистердің көрсеткеніндей, мұның себебі мынада: бұл совхозда жұмысшылар мен қызметшілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмыс нашар жүргізіледі, үгітшілер жұмыс істемейді, фермаларда жыйналыс өткізілмейді, совхоздың дирекциясы мен фермалардың меңгерушілері жұмысшылардан бойын аулақ салады.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарында коммунистердің өндірістегі ролі туралы мәселеге көп көңіл бөлінеді. Кейбір ұйымдар партияның кандидаттары мен мүшелерін жоспардың тағдыры тікелей шешілетін участоктерге жібере тұрса да, оларға тиісінше көмектеспейді. Басқа бірсыпыра ұйымдарда коммунистерді дұрыс орналастыруға мүлде қамқорлық жасалмайды. Жарыссөзде сөйлеушілер бұл маңызды іске атүсті қараудың біржолата жойылуын талап етті.

Жыйналыстарда партияның кандидаттары мен мүшелерінің саяси білім алуына жеткілікті қамқорлық көрсетпейтін басшылар қатты сыналды. Жарыссөзде сөйлеушілер лекциялар мен сабақтардың сапасын жақсартып, марксизм-ленинизмді өздігінен үйренушілердің жұмысын бақылауды күшейту керек екенін айтты.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары коммунистердің талабы өскендігін көрсетті. Мұның өзі жарыссөздерден, баяндамалар бойынша енгізілген ұсыныстарды талқылаудан ғана емес, бюроның, партия комитеттерінің құрамына кандидатуралар ұсынудан да көрініп отыр. Коммунистер әрбір кандидатураны жан-жақты талқылайды, партия ұйымына іскерлікпен басшылық ете алатын адамдарды ғана сайлайды. Мәселен, коммунистер Алматы облысының Нарынкол ауданындағы Кеген МТС-нің партия ұйымының секретары Құлжабаев жолдасты, партия ұйымына қанағаттанғысыз басшылық еткені үшін сайлауда өткізбей тастады. Солтүстік Қазақстан облысының Полудин ауданындағы Ганькино станциясының партия ұйымының секретары Русанов жолдасқа, оның жұмысқа жауапсыз қарағаны үшін сенім көрсетілмеді.

Кейбір жерлерде партия жыйналыстарына тиісінше зор маңыз берілмейтінін көрсету қажет. Кейбір аудандар мен облыстарда есеп беру-сайлау жақсы ұйымдастырылмай өткізіледі, тәртіп бұзылады, сын мен өзара сын болмайды, кейде партиялық ішкі демократия тәртібі сақталмайды. Мысалы, Гурьев облысында 267 партия ұйымында коммунистер жыйналыстарға түгел қатыспады. Кейбір партия ұйымдарында жыйналыстарға есептегі партия мүшелері мен кандидаттарының небәрі 70 — 80 проценті қатысты.

Гурьев облысының Жылой аудандық партия комитеті өзінің басшылық жұмысында есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізу графигін жәй бекітумен қанағаттанды. Аудандық партия комитетінің секретарьлары мен бюро мүшелері, ең алдымен жыйналыстарды әзірлеуге және өткізуге өздері белсеніп қатысуға міндетті еді, алайда олар бұл маңызды жұмыстан бойын аулақ салып, тіпті бірде-бір жыйналысқа қатыспады. Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің мұндай жауапсыздығы салдарынан бірсыпра партия ұйымдарында жыйналыстар төмен дәрежеде өтті, тиісті сын мен өзара сын болмады.

Бұл фактілер Гурьев облыстық партия комитетінің есеп беру-сайлау жыйналыстарын әзірлеуге және өткізуге тиісінше басшылық етпейтінін, әрбір жыйналыс бұқараны тәрбиелеудің және оның белсенділігін күшейтудің елеулі мектебі болуына ұмтылмайтынын көрсетеді.

Басқа аудандық партия комитеттері мен облыстық партия комитеттері де бастауыш партия ұйымдарындағы есеп беруге және сайлауға әзірлік жасау, оған басшылық ету жұмысында елеулі кемшіліктерге жол беріп отыр. Олар бұл аса жауапты іске қатысқанда, тек жалпылама нұсқаулар берумен қанағаттанады, бірақ күнбе-күнгі ұйымдастыру жұмысынан бойын аулақ салады. Ал кейбір секретарьлар мен бөлім меңгерушілері партия ұйымдарының өміріндегі зор оқиғалардан мүлде шет қалып отыр.

Мынадай мысалдар келтірейік. Павлодар қаласында 63 бастауыш партия ұйымында жыйналыстар өткізілді, алайда қалалық партия комитетінің секретары Дүйсекеев жолдас сол жыйналыстардың бірде біреуіне қатыспады. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Свядош жолдас 20 сентябрьге дейін, яғни партия ұйымдарының жартысы есеп беруді және сайлауды өткізгенге дейін, бұл туралы ешнәрсе білмеген. Сол облыста Больше-Нарым, Верхуба және Тарбағатай аудандық партия комитеттерінің секретарьлары жыйналыстарды өткізуге соңғы уақытқа дейін қатысқан жоқ.

Бірсыпра облыстарда жыйналыстар шақыруды кейінге қалдырған, тіпті баяндамалардың әзірленбеуі немесе коммунистердің түгел келмеуі

себепті жыйналыстарды өткізбей аяқсыз қалдыру фактілері болды. Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Гурьев, Оңтүстік Қазақстан және басқа облыстардың партия ұйымдарында жыйналыстарды өткізуде осындай кемшіліктер байқалды. Мәселен, Семей облысының Аякөз станциясы депосында партия жыйналысы екі рет кейінге қалдырылды.

Ол былай тұрсын, Ақтөбе облысы, Новоросей ауданы, Никель-Тау станциясындағы сауда бөлімі партия ұйымының жыйналысында СОКП Уставын өрескел бұзуга, сынға қысым жасауға жол берілді. Бұл ұйымның секретарлығына СОКП Уставында белгіленген міндетті партиялық стажы жоқ, бұрын сотталған, партия қатарынан шығарылған Ким жолдас сайланды. Коммунистер бұл кандидатураға қатты қарсылық білдірді, бірақ жыйналыста болған Новоросей аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Сейтмарамбетов жолдас пен Оренбург темір жолының Орск бөлімшесі саяси бөлімінің нұсқаушысы Тарасов жолдас сынға жол бермей, коммунистерге ұнамаған кандидатураны зорлап қабылдаттырды. Облыстық партия комитеті бұл ұйымдағы секретардың сайлауын бұзып, аудандық партия комитетіне сайлауды жаңадан өткізуді, ал СОКП Уставын бұзғандарды партия жолымен жауапқа тартуды ұсынды.

Партия ұйымдарының жеке басшылары жыйналыстарда СОКП Орталық Комитеті нұсқауының, сайлауды өткізу тәртібінің қатаң орындалуын қадағалап отырмайды. Мәселен, Шымкент гидролиз зауытының партия жыйналысында нұсқауды бұзып, қалалық партия конференциясына делегаттыққа партия кандидатын сайлады. Бұл жыйналыста болған Шымкент қалалық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Ежанов жолдас бұл қатені болдырмауға алдын-ала қамданбады. Аудандық және қалалық партия конференцияларына делегаттар сайланғанда белгіленген өкілдік нормаларын бұзу фактілері болды.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары бірсыпыра аудандық партия комитеттерінің кадрлар арасында күнбе-күн жұмыс жүргізбегенін, оларды жан-жақты зерттеп білмегенін көрсетеді. Сондықтан бюроның, партия комитеттерінің құрамына, секретарлыққа практикалық жұмыста аз тексерілген адамдардың ұсынылуы тегін емес. Шығыс Қазақстан облысы, Дайындау министрлігінің Верхуба аудандық өкілдігінің партия ұйымындағы коммунистер Тюбеньков жолдасының кандидатурасын өткізбеді, ал Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Амангелді атындағы астық совхозының партия ұйымы Чумаченко жолдасы сайламады. Аудандық партия комитеттері бұл жолдастарды партия ұйымдарының секретарлығына ұсынған еді. Сөйтіп коммунистер аудандық партия комитеттерінің қатесін түзетті.

Бастауыш партия ұйымдары секретарларының көп ауысуы да кадрлар арасындағы жұмыстың нашарлығын дәлелдейді. Гурьев облысында, есеп беру және сайлау өткізілген ұйымдарда секретарлардың 60 проценттен артығы ауыстырылды. Әрине, секретарлардың белгілі бір бөлегін, ең алдымен, жұмысты атқара алмағандарын ауыстыру қажет, бірақ олардың көпшілігі ауыстырылып отырса, мұның өзі, ең алдымен, секретарларды тәрбиелеу жұмысының қапағаттанғысыз жолға қойылғанын, оларға партиялық басшылық өнерінің үйретілмегенін көрсетеді.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарын жәй өткізе салумен іс бітпейді. Бұл жыйналыстар еңбекшілер арасында партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысын күшейтуді, социалистік құрылыстың барлық участоктерінде коммунистердің белсенділігі мен ролін арттыруды көздейді. Сондықтан аудандық партия комитеттері, қалалық партия комитеттері, облыстық партия комитеттері есеп беруді және сайлауды әзірлеуге, өткізуге жауаптылықты күшейтуге тиіс. Жыйналыстар мен конференцияларды әзірлегенде, коммунистер олардың ашылатын күнін күнілгері біліп, оған әзірленетіндей етіп, партияның мүшелері өздерінің праволарын толық

пайдаланып, батыл сынай алатындай, кандидатураларды еркін талқылап, басшы партия органдарына өздерін жақсы жағынан көрсеткен коммунистерді сайлай алатындай етіп әзірлеу керек.

Есептегі коммунистердің саны қандай аз болса да, әрбір бастауыш партия ұйымына барып, есеп беру-сайлау жыйналыстарының күшті ұйымшылдықпен, сын мен өзара сынды кең өрістеткен жағдайда, СОКП Уставының талаптарын бұлжытпай орындай отырып, өткізілуін қамтамасыз ету міндет.

Мәселелерді толық талқылау көп ретте баяндаманың сапасына да байланысты екенін тәжірибе көрсетті. Егер баяндамада жұмыстың тәжірибесі қорытылып, кемшіліктер ашылып, кезекті міндеттер алға қойылса, жыйналыс та жоғары дәрежеде өткізіледі. Ал өткізілген жыйналыстарда көптеген есепті баяндамалардың кемшіліктері мынадай болды: партия жұмысына нашар талдау жасалды, шаруашылық жұмыстарының орындалуы үстірт баяндалды, белгілі бір міндеттерді орындаудағы қолданылған әдістер тек жол-жөнекей айтылды, өткір сын болмады. Бұл олқылықтарды ескеріп, олардың енді қайталауына жол бермеу — партия ұйымдары басшыларының міндеті.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарын ойдағыдай өткізуде жергілікті баспасөздің — аудандық, қалалық, облыстық газеттердің ролі зор. Амал не, көп газеттер жыйналыстар мен конференциялардың барысын жеткіліксіз жазады, партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесін қорытып отырмайды. Газеттердің редакциялары бұл кемшілікті түзетіп, партиялық тақырыптардағы материалдарды көбірек жариялап отыруға міндетті.

Есеп беру және сайлау Қазақстанның партия ұйымдарының көбінде өткізілді. Есепті баяндамалар бойынша тиісті шешімдер қабылданды. Ендігі жұмыстағы маңызды кезең — шешімдерді орындауды ұйымдастыру, алға қойылған мақсатқа жету жолында партиямыз қолданатын әдістер мен құралдарды пайдалану. Мұнда шабандыққа, ырғалу-жырғалуға мүлде жол берілмеуге тиіс. Коммунистердің белсенділігін бәсеңдетпей, онан әрі күшейте берудің маңызы зор.

Қазіргі жыйналыстар зор оқиғалардың — Қазақстан Коммунистік партиясы VIII съезінің және СОКП XX съезінің қарсаңында өткізілуде. Барлық еңбекшілерді партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа қатыстырып, олардың күші мен жігерін жана өндірістік жеңістерге жетуге бағыттау — партия ұйымдарының міндеті.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарында және алдағы аудандық, қалалық, облыстық партия конференцияларында басшылардың тәжірибесі барлық коммунистердің тәжірибесімен толықтырылады. Партия комитеттері бұл тәжірибені қорытып, оны барлық ұйымдардың игілігіне айналдыруға, партиямыздың саясатын жүзеге асыру міндетіне олардың айрықша назарын аударуға тиіс.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары, сол сыяқты партия конференциялары коммунистердің авангардтық ролін, партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін онан сайын күшейтетін болу керек. Мұның өзі республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуді қамтамасыз етудің кепілі болады.

Партия ұйымы және техникалық прогресс

И. ТАНАНАЙСКИЙ

СОКП Орталық Комитетінің Ақтөбе ферросплав зауытындағы парторгі

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы социалистік өнеркәсіпті онан әрі мықтап өрге бастырудың, техникалық прогрестің және өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың нақты программасын жасап берді. Пленум өндіріс процестерін электрлендіру, комплексті механикаландыру және автоматтандыру, ең жана, жоғары өнімді станоктерді, машиналарды, аппараттарды енгізу, өндіріс технологиясын жетілдіре беру негізінде өнеркәсіптің барлық салаларында техникалық жетілдіру қарқынын қаурт күшейтуді талап етті. Партия өндірістің бар резервтерін неғұрлым толық пайдалануды, бұқараның творчестволық инициативасын үнемі күшейте беруді, еңбек өнімділігін мықтап арттыруды талап етеді. Техникалық прогресс үшін, жаңа техника мен технологияны енгізу үшін күресу — партия ұйымдарының, барлық шаруашылық басшыларының төл ісі.

Коммунистік партияның ауыр индустрияны онан әрі өрге бастыру туралы шешімдерін жүзеге асыра отырып, Ақтөбе ферросплав зауытының металлургтер коллективі бесінші бесжылдықтың өткен жылдарында барлық техникалық-экономикалық көрсеткіштерді едәуір жақсартты. Өнім шығару екі есе көбейді, еңбек өнімділігі екі есе артты. Өнімнің түсер құнын жоспардан тыс кеміту есебінен 10 миллион сомнан астам қаржы үнемделді.

Бұл табыстарға партия ұйымының күнбе-күнгі ұйымдастыру қызметі арқасында қол жетті. Партия ұйымы инженерлердің, мастерлердің, жаңашыл жұмысшылардың творчестволық күштерін ұйымдастырып, технологиялық процесті жетілдіруге, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға, техниканы, шикізатты және электр қуатын жақсы пайдалануға бағыттап отырды.

Бесжылдықтың басынан бері заводтың жаңашылдары 1 400 рационализаторлық ұсыныс енгізді. Бұл ұсыныстарды өндіріске енгізудің экономикалық нәтижесі 7,5 миллион сомнан асты.

Жаңашылдардың қозғалысына басшылық ете отырып, партия ұйымы өндірістің техникасын онан әрі өркендетуге байланысты басты-басты міндеттерді орындауға бүкіл металлургтер коллективінің ерекше назарын аударды. Заводта бар техниканы пайдаланудың жақсартылуы, технологиялық процестің онан әрі жетілдірілуі партиялық-саяси жұмыстың нәтижелілігін айқын дәлелдейді. Мынадай бір мысал келтірейік. Өртеу пештерінің жұмыс өнімділігі ұзақ уақыт бойына кем болып келді, өндірілетін әктің сапасы өндірістің талаптарына сай келмеді. Коммунистер, әрине, мұндай халге төзіп отыра алмады. Олар шикізаттың сапасын арттыру жолдарын қажырлылықпен іздестіріп, мұның арқасында едәуір табыстарға жетті. Жаңашылдар әк өртеудің жартылай газдық тәсілі орнына көмір араластыру тәсілін қолданды, әктасын пешке толтыруды автоматтандыруды ұсынды. Партия ұйымы олардың бастамасын қолдап, жаңа технологияның енгізілуін қадағалап отырды. Бұл технология бұрын пеште жұмыс істейтін 20 жұмысшыны басқа қызметке босатуға мүмкіндік туғызды, ал ең жақсысы — тазартылған феррохром шығаруға керекті жоғары сапалы әк алуды қамтамасыз етті. Мұның өзі қоспа алуға жұмсалатын электр қуатының шығынын азайтып, завод бойынша еңбек өнімділігін 5 процент арттырды.



Екінші бір мысал. Феррохромды қорыту үшін ұзақ уақыт бойына хромы аз және алыстан әкелінетін руда пайдаланылып келді, мұның өзі металдың түсер құнын арттырды. Заводтың коллективі алдына: қоспаны жергілікті ақтөбелік хромды рудалардан өндіруді меңгеруге мүмкіндік беретін технологияны жасау міндеті қойылды. Коммунистер мұнда да творчестволық ізденуге кірісті. Инженерлер — коммунистер Лобжанидзе, Қадарматов, Боровиченко жолдастар жаңа технологияны жасады. Бұл технологияны қолдану жылына 300 мың сомнан астам қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

Металлургия өндірісінде шихталық материалдар сапасының, оларды мұқият әзірлеудің шешуші маңызы бар. Біздің зауытымыз ұзақ уақыт бойына қатардағы рудалар деп аталатын рудалар негізінде, оларды технологиялық белгілеріне қарай түр-түрге бөлмейінше, жұмыс істеп келді. Инженер-технологтар зерттеу жұмыстарын табандылықпен жүргізді. Партия ұйымы олардың қызметіне көңіл бөліп, барынша көмектесіп отырды. Мұның нәтижесінде Донской руда басқармасының хромды рудаларының металлургиялық жіктеу схемасы жасалды. Зауытқа әкелінген хромды рудалардың әрбір бөлегі қазір дәл технологиялық принцип бойынша түсіріледі. Мұндай жіктеуді қолдану феррохромның неғұрлым жақсы түрлерін шығаруды едәуір ұлғайтты, пештердің отқа төзімділігін арттырды, негізгі элементтің айрылуын көбейтті.

Партия ұйымының көмегімен үшінші қорыту цехының мамандары мен жұмысшылары коллективі технологиялық процесті жетілдіру жолында көп жұмыс істеді. Бұл цехтың жаңашылдары шикізаттың жеке түрлерін неғұрлым арзан түрлерімен ауыстырды, шихтаны тиімді мөлшерде іріктеп алды, шлактардың доводкасы дейтін тәсілді еңгізді, осылайша шихталық материалдардың шығыны азайтылды, негізгі элементті айыру арттырылды. Бұл жаңалықтар жылына жарты миллион сомнан астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Орталық буэлектр станциясының партия ұйымы өндіріс мәселелерін творчестволықпен шешіп отырады. Коммунистер — станцияның бас инженері Куклин жолдас, котел цехының бастығы Петров жолдас, оның орынбасары Ворона жолдас, мастер Зоткин жолдас және басқалары — станция агрегаттары жұмысының тиімділігін, үнемділігін және сенімділігін арттыруға бағытталған көптеген рационализаторлық ұсыныстар еңгізді. Мәселен, Петров жолдас станцияның котелдеріндегі трубалардың қайнату байламдарының бірін қайта жасауды ұсынды. Мұның өзі агрегат қуатын пайдалануды арттырды, жылына 100 мың сомнан астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туғызды.

Зауыттың партия ұйымы техникалық прогресті онан әрі өркендету жолындағы күреске басшылық етіп, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің өндірістік инициативасын мейлінше өрістетіп отырады. Партия комитеті мен цех партия ұйымдары бүкіл ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты рационализаторлық қозғалысты дамытуға бағыттап, жаңашылдарды мейлінше қолдап отырады, оларды тиімді жаңалықтың, прогрестіктің бәрін өндіріске батыл еңгізуге ұмтылдырады. Партия ұйымы шаруашылық басшыларының жұмысшылар мен мамандар еңгізген ұсыныстарды мезгілінде қолдауын, бұл ұсыныстарды жүзеге асыруға нақты көмек көрсетуін қадағалап отырады. Партия комитетінің мәжілістерінде, жалпы завод және цех партия жыйналыстарында рационализаторлардың жұмысына және еңбектің озат әдістерін еңгізуге байланысты мәселелер талқыланады.

Ғылыми-техникалық конференциялар, рационализаторлардың кешестері жаңашылдар қозғалысын өрістетуге зор пайда келтірді. Олар рационализаторлардың жұмысына жеңілдік келтіріп, оны ең маңызды шұғыл міндеттерді орындауға бағыттайды. Бізде таңдаулы рационализаторлық

ұсыныс енгізу конкурстары да өткізіліп тұрады. Мұның өзі жақсы нәтижелер береді.

Біздің заводта кең өріс алған, таңдаулы рационализаторлық еңбек жолындағы социалистік жарыс жанашылдар қозғалысын өрістетуге мықтап көмектеседі. Әрбір тоқсаннан кейін завод бойынша жарыстың қортындысын шығарумен қатар, рационализаторлар жарысының қортындысы да шығарылады.

Өндірістік-техникалық совет заводтағы жанашылдық ойдың орталығына айналды. Бұл совет жұмысшылар мен мамандарды техникалық жаңалықтарды өндіріске енгізуді көздейтін белсенді қызметке катыстырып отырады, жұмысшылардың, техниктердің, инженерлердің баяндамаларын тындайды, маңызды рационализаторлық ұсыныстарды, еліміздің кәсіпорындарына творчестволық командировкаға барған адамдардың есептерін талқылайды.

Заводтың партия ұйымы өндірісті ұйымдастырудың прогрестік әдістерін енгізуге көп көңіл бөледі. Мұның ішінде, қорыту цехтарында қолданылған, пештерде қызмет ететін барлық қорытушы бригадалардың күнтаулігі бойынша үйлесімді жұмыс атқаруын қамтамасыз ететін ұштасқан жұмыс әдісі айтарлықтай нәтиже берді. Рас, бұл әдіске қарсы шығушылар аз болған жоқ, бірақ партия комитеті ескіні жақтаушыларға тойтарыс беріп, жаңалықтың бастаушыларын батыл қолдады. Ұштасқан жұмыс әдісі барлық пештерде технологиялық процесті неғұрлым дұрыс жүргізуге, байқаусыз қарап тұратын уақытты азайтуға, өндіріс қуатын жақсы пайдалануға мүмкіндік берді.

Озат тәжірибені насихаттау — заводтың партия және кәсіподақ ұйымдарының аса маңызды міндеті. Жаңашылдар мектептері — бұл тәжірибені таратудың сыннан өткен құралы. Цехтарда еңбектің озат әдістерінің мектептері ұйымдастырылды. Бұл мектептер барлық жұмысшыларға таңдаулы өндірісшілердің көрсеткіштеріне жетуге көмектесу мақсатын көздейді. Әдетте бұл мектептерде инженерлер, технологтар консультант болып жұмыс істейді. Олар озаттардың табыстарын зерттейді, олардың жұмыс әдістерін толық сипаттайды, теориялық сабақтарға басшылық етеді, ал тікелей жұмыс орнындағы, агрегаттар жанындағы практикалық сабақтарды жаңашылдардың өздері өткізеді. Бұл мектептердің жұмысы тәжірибені жұмыс орнының өзінде үйрету — барлық жаңалықты, прогрестікті таратудың неғұрлым қонымды және пайдалы формасы екенін көрсетіп отыр. Құрметті металлург Савелий Сиромашенко басқаратын мектеп мұны айқын дәлелдейді. Запорожье ферросплав заводына творчестволық командировкаға барған кезінде Сиромашенко жолдас, металл қорытушылардың бригадирі Бельденков жолдас және басқалары запорожьеліктердің летканы магнезитті ұнтақпен бітейтініне назар аударды. Заводқа қайтып оралғаннан кейін олар заводтың және цехтың техникалық советтерінде өздерінің Запорожьеде көргендерінің бәрін айтып берді. Советтер ондағы жаңалықтардың бәрін өндіріске енгізуге ұйғарды.

Көзір № 14 пештің үш сменасында леткаларды бітеудің жаңа тәсілін енгізетін жаңашылдар мектептері жұмыс істейді. Мұндағы сабақтарға Сиромашенко жолдас басшылық етеді. Бұрын летка электр қуатының көмегімен өртелетін. Бұған көп уақыт кететін, электр қуаты артық шығын болатын. Көзір леткалар магнезитті ұнтақпен бітеледі, мұның өзі оларды өртемей-ақ ломмен ашуға мүмкіндік береді. Оның үстіне металл шығару уақыты мықтап қысқартылды, пештің қарап тұратын уақыты азайтылды, сөйтіп металлургтер тәулік сайын қосымша металл қорытпасын бере бастады.

Заводтың партия ұйымы мен басшылары біздермен жарысқа түскен Челябині ферросплав заводының және басқа тектес кәсіпорындардың тәжірибесін кеңінен тарату шараларын қолдануда. Бұл мақсатпен жұмысшы-

лар мен инженер-техник қызметкерлер жиі-жиі творчестволық командировкаға жіберіліп тұрады.

Озат тәжірибені таратудың неғұрлым нәтижелі формаларының бірі — жанашылдардың заводаралық мектептері. Өткен жылы жеке қоспаларды өндіру тәжірибесін, быйыл ферросплав өнеркәсібі заводтарының жабдықтарын жөндеу, пайдалану тәжірибесін алысатын мектеп ашылды.

Жаңалық, прогрестік үшін күресте партия ұйымының күшті құралы — баспасөз, көрнекі үгіт. Көп тиражды «Ферросплавщик» газетінде, цехтардың қабырға газеттерінде, «жауынгерлік листоктарында» озаттардың тәжірибесі толық көрсетіліп отырады. Таңдаулы адамдардың суреттері салынған арнаулы плакаттар жарыстың нәтижелерін баяндайды. Балқыту цехтарында, орталық буэлектростанциясының үйінде рационализаторлардың тақталары орнатылды. Бұл тақталар қандай ұсыныстар түскенін, қандай сыйлықтар, авторлық ақылар төлегенін хабарлайды.

Заводтың коллективі Москваның ферросплав ғылыми-зерттеу институтымен, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Металлургия және байыту институтымен үнемі байланыс жасап отырады. Олармен творчестволық ынтымақ шарттары жасалды. Ғылыми қызметкерлермен бірге біздің металлургиямыз ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын жүзеге асырып, ғылымның табыстары мен озаттардың тәжірибесін өндіріске енгізіп отырады. Металлургия және байыту институтымен бірге заводтың мамандары хромрудалық агломерат жасаудың тәсілін алғаш рет белгіледі. Рудаларды агломерациялау, қорыту тәжірибесі жақсы нәтиже берді.

Партия ұйымы жұмысшылар мен мамандардың техникалық білімін арттыруға зор маңыз береді. Олар үшін ондаған әртүрлі үйірмелер мен курстар ашылды. Жүздеген жұмысшылар өздерінің мамандығын арттыруда, өздерінің практикалық тәжірибесін теориялық білімдермен толықтырып, жапсарлас мамандықтарды меңгеруде. Заводта жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін арттырудың алдағы уақытқа арналған жоспары жасалды. Партия ұйымы бұл жоспардың орындалуын үнемі қадағалап отырады.

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының Н. А. Булганин жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысы заводтың металлургиягері арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Бұл маңызды документті талқылап үйренудің барысында заводтың коллективі өздерінің мүмкіндіктерін есептеп, СОКП XX съезі құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттемелер алды. Бұл міндеттемелерді ойдағыдай орындау үшін заводтың металлургиягері еңбек өнімділігін арттырудың пайдаланылмаған резервтерін ашып, іске қосуда. Кәзірдің өзінде жүзден астам ұйымдастыру-техникалық шаралар белгіленді. Мұның ішінде негізгі шаралар көбінесе металл құюдың неғұрлым мінсіз тәсілін онан әрі кеңінен енгізуге бағытталған. Бұл шаралардың бірсыпасы кәзірдің өзінде орындалды. Мысалы, металлды құятын машина жасалды. Бұл машина жұмысшылардың еңбегін жеңілдетіп, өндірістік циклді қысқартуға, еңбек өнімділігін екі есе арттыруға мүмкіндік туғызды. Таяудағы уақыттың ішінде феррохромды оттегін қолдану жолымен қорыту тәжірибелері жасалды. Көмекші цехтардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылуда.

Алған міндеттемелерін орындай отырып, заводымыздың коллективі жалпы өнім шығарудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Сентябрьде программадан тыс 300 тонна металл қорытылды.

Ақтөбе металлургиягерінің коллективі партия ұйымының басшылығымен, техникалық прогрестің жаңа жоғарғы шыңдарына жетіп, еңбек өнімділігінің онан әрі артуын қамтамасыз етуге барлық шараларды қолданады. Отанымызға керекті жоғары сапалы ферросплав қорыту қарқынын үздіксіз арттыра береді.

Бұқаралық-саяси жұмыстың жаңа формасы

С. ДУБОВИЦКИЙ

*Көкшетау облысы, Красноармеец аудандық партия комитетінің
секретары*

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерінде селодағы бұқаралық-саяси жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталып, колхоздың, МТС-тің, бригаданың және ауыл шаруашылығындағы әрбір еңбекшінің міндеттерімен тығыз байланыстырылып, нақты және тыңғылықты жүргізілуге тиіс екені көрсетілді. Пленумның қаулыларын жүзеге асыра отырып, Красноармеец ауданының партия ұйымдары колхозшылар мен механизаторлар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты күшейтті, оның дәрежесін және нәтижелілігін арттырды, бұл жұмыстың жаңа формаларын пайдаланып отырады.

Саяси-тәрбие жұмысының жаңа формаларының бірі — «бригада күні» өткізу. «Бригада күндері» алғаш рет осы жылғы апрельде ұйымдас-тырылды, сонан бері егін және трактор бригадаларында, мал фермаларында айына екі рет өткізіліп тұрады.

«Бригада күндері» қалай өткізіледі?

Тағайындалған күні бригада мүшелерінің жыйналысы шақырылады, онда бригадир немесе ферманың менгерушісі баяндама жасайды. 20—30 минуттық баяндамада өндірістік тапсырмалардың қалай орындалғаны мәлімделеді, озаттардың аттары аталады, жұмыстағы кемшіліктер, бұл кемшіліктердің себептері көрсетіледі, жұмысты нашар істейтіндер сына-лады. Қортындысында бригадир таяудағы 15—20 күннің ішіндегі мін-деттерді алға қояды, бұл міндеттерді орындаудың жолдарын көрсетеді. Мұнан кейін бригаданың мүшелері сөз сөйлейді. Олар өзара пікір алы-сып, бүкіл жұмысты жақсартуды көздейтін ұсыныстар енгізеді.

Мұнан соң бригаданың мүшелері үшін, әдетте, жыйналысқа қаты-сушылар неғұрлым мүдделі болып отырған тақырыпта лекция оқылады. Күндіз өткізілетін бригаданың жыйналысы, баяндама мен лекцияны қос-қанда, әрі кеткенде екі сағаттың ішінде аяқталуы керек. Егер жыйналыс кешке өткізілсе, онда лекциядан тыс концерт беріледі немесе кинокар-тина көрсетіледі.

Мұндай бригада жыйналыстары партия ұйымдарына әрбір колхозшы мен механизаторды өздерінің ықпалына тартуға, саяси жұмысқа белгілі бір мақсатты көздейтін, неғұрлым нақтылы сипат беруге мүмкіндік ту-ғызады. «Бригада күндері» село еңбекшілерінің саяси, өндірістік белсен-ділігін арттырады, олардың инициативасын, талапкерлігін күшейтеді, шаруашылық жұмыстарын жақсартуға, социалистік жарысты өрістетуге көмектеседі.

Жақсы ойластырылып, іскерлікпен өткізілген жыйналыстар, мәселен, көктемгі егіс кезінде Октябрь МТС-нің № 3 бригадасының артта қалуын жоюға көмектесті. «12 лет Октября» колхозының товарлы-сүт фермасын-да да сондай болды. Жыйналыста сауыншылар, өздерінің колхозымен жа-рысқа түскен Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің сүт ферма-сындағы сыйырлардың сүттілігін арттырудың сырын ашып беретін фак-тілерді келтірді. Озаттардың жұмысын барып көрген сауыншы Гайдай жолдас көршілердің фермасында қандай тәртіп орнатылғанын, сыйыр-лардың қалай күтілетінін айтты. Фермада жақсы жабдықталған үгіт пункті бар, «жауынгерлік листок» шығарылып тұрады, ұрандар, плакат-тар, көркем әдебиет және ауылшаруашылық әдебиеті бар. Жыйналыс-тың қортындысында товарлы-сүт фермасының қызметкерлері өздерінің фермасындағы кемшіліктерді жою, еңбек тәртібін күшейту, сыйырларды

лагерлеп бағуды ұйымдастыру шараларын және басқа сондай шараларды белгіледі. Жыйналыстан кейін зоотехник Марушенко жолдас «Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолдары туралы» лекция оқыды. Жыйналыстың шешімі ертеңіне-ақ жүзеге асырыла бастады: сыйырлар күн тәулігі бойына жайып бағылатын болды, барлық сауыншылар сыйыр қораларын тазартып, жөндеуге кірісті, үгіт пунктін жабдықтады. «12 лет Октября» колхозының сауыншылары июльде әрбір сыйырдан сүтті, Сталин атындағы ауылшаруашылық артеліндегіден көп алды.

«Бригада күндерін» өткізу егін жыйнаудың барысына да игілікті әсерін тигізді. Егін орағының алғашқы күндерінде барлық колхоздарда бригада мүшелерінің жыйналыстары өткізілді. Колхозшылар мен механизаторлар ұйымдастыру жұмысындағы кемшіліктерді ашып, егін жыйнауды және астық талсыруды ойдағыдай өткізуге барытталған нақты ұсыныстар енгізді. Егін жыйнаудың бұл қызу күндерінде колхозшылардың белсенділігі едәуір күшейді. Өткен жылы «Сталинский путь» және Чапаев атындағы колхоздарда егін жыйнау кезінде жұмысшы күші жетпей, шеттен алынды. Ал быйыл, егіс көлемі едәуір ұлғайғанның өзінде, ауылшаруашылық артелі барлық жұмыстарды өз күшімен орындады.

Егіншілерге арналған «бригада күндерін» механизаторлармен бірге өткізу жақсы нәтиже беретінін тәжірибе көрсетті, өйткені олар бірдей міндеттерді атқарып, бірге жұмыс істейді. Тәрбие жұмысының бұл жаңа формасының маңызын ескеріп, аудандық партия комитеті партия, совет активі, селолық интеллигенция есебінен лекторлар мен баяндамашылар құрамын толықтыру шараларын қолданды. Апрельге дейін лекциялар мен баяндамаларды 40 адам оқыса, көзір олардың саны 60-тан асты. Партия және совет қызметкерлері, колхоздар мен МТС басшылары, селолық интеллигенция бригадалардың өздерінде жиі-жиі лекциялар оқып, баяндамалар жасайтын болды. Үш айдың ішінде 200-дей лекциялар мен баяндамалар оқылды.

Колхозшылар мен МТС механизаторлары арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты күшейту ауданға өзінің алдына қойылған міндеттерді жақсы орындауға мүмкіндік туғызады. Малдың өнімділігі едәуір артты. Быйыл әрбір сыйырдан алынған сүт өткен жылғыдан 120 килограмм көбейді. Сүт дайындаудың және сатып алудың жартыжылдық жоспары асыра орындалды, мемлекетке сүт өткен жылғыдан 2500 центнер көп тапсырылды. Көптеген колхоздарда егіннен мол өнім алынды. Тың жерлерді игеру жоспары толық орындалды: августың аяғына дейін зябь өткен жылғы бұл уақыттағыдан 4250 гектар көп жыртылды.

Алайда біз «бригада күндерін» барлық колхоздарда бірдей мезгілінде өткізіп тұрмаймыз. Жеке колхоздардың бригадалары мен фермаларында жыйналыстар дұрыс ұйымдастырылмайды, сондықтан онда колхозшылар мен механизаторлар баяндамаларды талқылағанда жеткілікті белсенділік көрсетпейді. Аудандық партия комитеті бұл кемшіліктерді жойып, бригадирлер мен ферма меңгерушілеріне «бригада күндерін» жоспарлауды, күн тәртібін, баяндамаларды әзірлеуді, колхозшылар мен колхозшы әйелдердің белсенділігін күшейтуді үйретуге тырысады.

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері алдына зор міндеттер: келесі жылғы егіннің берік негізін қалау, тапсырылатын өнімнің барлық түрлері бойынша мемлекетпен толық есеп айыру, малдың құнарлы азықпен, жылы қорада қыстатылуын қамтамасыз ету міндеттері қойылып отыр. Бұл және басқа сондай міндеттердің бәрін тек колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының, механизаторлардың саяси және еңбек белсенділігін санап әрі күшейткенде ғана ойдағыдай орындауға болады. Сондықтан ауданның партия ұйымы еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесін арттыруға барлық шараларды қолданып отыр, өйткені бүкіл істің табысты болуын сайын келгенде осы жұмыс шешеді.

Бүгінгі күннің тақырыбына

Совхоздардағы құрылыс жұмыстары

Республиканың Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және басқа облыстарында тың жерлерді игеру жұмыстары мейлінше кеңінен жүргізілуде. Быйылғы көктемде жаңадан жыртылған жерге 9 миллион гектардан астам дәнді дақылдар егілді. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары келесі жылдың егініне арнап, шамамен айтқанда, тағы да осы мөлшерде тың жер жыртады. Келесі жылы елімізде дәнді дақылдар егілетін 28 — 30 миллион гектар тың және тыңайған жерден 18 миллион гектарға жуық жер біздің республикамыздың сыбағасына тиеді.

Қазақстанның жаңа жерлерінде соңғы екі жылдың ішінде 337 ірі астық совхоздары құрылды, оның ішінде 250-дей совхоз өткен жылдың күзінде және осы жылдың көктемінде ұйымдастырылды. Коммунистік партия алға қойған — елімізде астықтың жылма-жылғы жалпы түсімін 10 миллиард пұтқа жеткізу міндетін орындауда орасан зор роль атқаруға тиісті жаңа астық совхоздары быйылғы жылдың өзінде, ауа райының өте қолайсыз болуына қарамастан, ондаған миллион пұт товарлы астық береді. Мәселен, Көкшетау облысы мемлекетке астықты өткен жылғыдан едәуір көп тапсырады. Бұл облыстың ең үлкен астықты ауданы — Рузасев ауданында совхоздар дәнді дақылдардың өзін 500 мың гектардан астам екті. Бұл аудан астықтың жалпы түсімін 1953 жылғыдан 5 еседен аса арттырып, мемлекетке быйыл 15 миллион пұттай астық тапсырады. Қызылту ауданының тың жерлерінде 20 совхоз құрылды. Онда астық өндіру бірнеше есе артады. Ауданның совхоздары мемлекетке 10 миллион пұтқа жуық астық тапсырады.

Қазақстандағы ең үлкен «Целинный» совхозы быйыл екі миллион пұтқа жуық астық өндіреді. Көкшетау облысының Жданов және «Бидайық» совхоздары, Ақмола облысының Калинин және «Победа» совхоздары, Алматы облысының Рославльский совхозы, Солтүстік Қазақстанның Маленков атындағы совхозы, әрқайсысы мемлекетке бір миллион пұттай астық тапсырады. Тың жерлердегі жаңа қоныстанушылардың жанкыярлық еңбегінің алғашқы нәтижелері осындай.

Коммунистік партия мен Совет үкметі тың жерлердегі жаңа совхоздарлы неғұрлым қысқа мерзімде шын мәнісіндегі астық фабрикаларына айналдыруға барлық шараларды қолданып отыр. Қуатты ауылшаруашылық техникасы совхоздарға үздіксіз ағылып келуде. Мемлекет совхоздардың құрылысына орасан көп қаржы, құрылыс материалдарын беріп, жаңа қоныстанушылардың жаңа жерлерде орнығуына, көркейген мәдениетті поселкалар салуына барынша көмектесуде.

Қазақстанның совхоздарындағы күрделі құрылысқа мемлекет быйыл 1 536 миллион сом қаржы берді, жеткілікті мөлшерде құрылыстық ағаш, цемент, кірпіш, шифер, құрамалы үйлер бөлді. Мұнымен бірге СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі партия және совет органдарына, министрліктер мен ведомстволарға, совхоздардың басшыларына жергілікті құрылыс материалдарын мейлінше кеңінен пайдаланып, кесек тас, қийыршақ тас, әк шығаруды, қыш және кірпіш өндірісін ұйымдастыруды, балшық-сабан қоспасынан, әрбір ауданда молынан табылатын қамыстан және арзанға түсетін басқа сондай берік материалдардан тұрғын үйлер мен мал қораларын салуды кең өрістетуді тапсырды.

Республиканың тың жерлерде құрылған совхоздарында быйыл 678 400 шаршы метр тұрғын үйлер салынуға тиіс. Жоспар бойынша әрбір совхозда бір-екі жатақ үйлер, мектеп, асхана, магазиндер, аурухана салынады. Астық қоймаларын, жөндеу мастерскойларын, гараждар салуға көп қаржы берілді. Көптеген совхоздарда қысқа дейін клубтар және басқа мәдени-тұрмыс орындары салынуға тиіс. Жаңа совхоздардағы мал шаруашылығының қажетіне, жалпы сыйымдылығы кемінде 570 мың тонналық шегенделген шұңқырлар, траншеялар және басқа шөп сүрлейтін құрылыстар салуға қаржы, материалдар бөлінді. Суық түскенге дейін салынып бітуге тиісті мал қораларына 1 300 мыңдай мал орналастырылуға тиіс.

Совхоздардағы құрылыс жұмысының көлемі қандай зор екені, белгіленген тапсырмалардың орындалуып қамтамасыз ету үшін қандай көп күш жұмсау керек болатыны, бұл аса маңызды мемлекеттік іс сеніп тапсырылған адамдардың жауаптылығы қандай күшті екені, партия және совет органдары тың жерлерді игеру жұмысының бұл шешуші участоғыне қандай нақты жетік және жедел басшылық етуге тиіс екені жоғарыда келтірілген цифрлардан айқын көрініп отыр.

Тың жерлердің совхоздарындағы құрылыс жұмыстары Қазақ ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігіне жүктелді. Бұл министрлік быйыл 963 миллион сомнан астам көлемдегі күрделі жұмыстарды орындауға тиіс. Мұнымен бірге құрылыс жұмыстары көмір өнеркәсіп, түсті металлургия, қатнас жолдары, мұнай және кеме жасау өнеркәсібінің одақтық министрліктеріне және басқа бірсыпра министрліктер мен ведомстволарға да жүктелді.

Алайда тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыс орындарын, өндірістік орындар, мал қораларын салу жұмыстары бүкіл құрылыс маусымы бойына өте шабан жүргізіліп келеді, бұл күйінде мемлекеттік жоспардың орындалуын қамтамасыз етпейді. Совхоздарда 1 сентябрьге дейін орындалған құрылыс-мантаж жұмыстарының көлемі 645,5 миллион сомдық болды — жылдық жоспар небәрі 42 процент орындалды. Ең үлкен құрылыс ұйымы — Қонюшевский жолдас басқаратын Қазақ ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігі жылдық жоспарды небәрі 37,6 процент орындады — басқа құрылыс ұйымдарының қайсысынан болса да едәуір кем.

Қыс жақындап келеді, ал тың жерлердің совхоздарында жоспарланған тұрғын үйлер көлемінің небәрі 14,9 проценті пайдалануға тапсырылды. Әсіресе тың жерлерді игеретін негізгі аудандарда тұрғын үйлер құрылысының жайы өте нашар. Мысалы, Қөкшетау облысының совхоздарында тұрғын үйлер салудың жылдық жоспары небәрі 4,2 процент, Қостанай, Павлодар облыстарының совхоздарында 7 процент орындалды.

Совхоздардағы құрылыс жұмыстарының барысы бірсыпра ұйымдар басшыларының, ең алдымен Қазақ ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігі басшыларының аса маңызды мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапсыздықпен қарағанын дәлелдейді. Министрліктің коллегиясы құрылыс ұйымдарының жұмысына жарамсыз әдістермен басшылық етуге тырысады. Коллегияның мүшелері, көп уақытта сырт көрініс үшін еткізілетін мәжілістерге көп уақытын ысырап етеді, талқыланған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдайбайды, ал қабылданған күнде, олардың орындалуын ешкім бақыламайды. Министрліктің коллегиясы құрылыс трестері мен өндіріс учасоктерін қордан берілетін материалдармен жабдықтауды ұйымдастыру, жергілікті құрылыс материалдарын дайындап, кеңінен пайдалану ісінде тиісті тәртіп орната алмады. Министрліктің коллегиясы құрылыс ұйымдарының басшыларын, инженер-техник қызметкерлерін іріктеп, жұмысқа орналастыру сыяқты аса маңызды мәселені шеше алмады, адамдардың іскерлік және саяси қасиеттерін тексер-

мейінше, басшылық қызметке қоя салатын зиянды практиканы жоймады. «Павлодарстрой» тресінде, мысалы бес айдың ішінде төрт басқарушының ауысуы, «Қызылтустрой» тресінде мамандардың едәуір бөлегінің өз міндетіне сай келмеуі тегін емес.

Қазақ ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігінің өте қымбатқа түсетін зор аппараты бюрократтық әдістермен жұмыс істейді. Министрліктің қызметкерлері істің жайын жер-жердің өзінде айырып, құрылысшыларға іс жүзінде көмектесу орнына, оларды әртүрлі директивалармен және нұсқаулармен бастырмалатып, жұмысқа бөгет жасайды. Министрліктің құрылғанына көп уақыт өтпесе де, оның кеңсесінен кәзірдің өзінде телеграф арқылы ондаған мың нұсқаулар, мындаған жазба бұйрықтар таратылды. Министрліктің аппаратында мемлекеттік тәртіп өте нашар. Мәселен, министрдің орынбасары Познанский жолдастың Тюмень қаласына, Қазақстанның Солтүстік облыстарындағы совхоздардың құрылысына арнап дайындалған ағашты жөнелтетін пункттерді көрсетіп телеграмма жіберуіне бір айдай уақыт керек болды. Құрылыс ұйымдарының бүкіл жұмысының берекесін кетіретін ондай бюрократтық фактілер министрлікте аттаған сайын кездеседі. Министрліктің партия ұйымы (секретары Фисенко жолдас) аппараттың жұмысындағы өрескел кемшіліктерге көңіл бөлмейді, коллективті әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іске жауаптылығын күшейту рухында тәрбиелемейді.

Совхоздарда құрылыстың мықтап артта қалуы, жаңа қоныстанушыларға арналған тұрғын үйлердің, мәдени-тұрмыс орындарының және өндіріс үйлерінің өте шабан салынуы, сөйтіп бірсыпыра совхоздарда аса маңызды мемлекеттік істің орындалмай қалу қаупінің тууы кейбір партия комитеттерінің іс жүзінде құрылысқа басшылық етуден бойын аулақ салып, совхоздардағы істің жайына жауаптылықтан жалтаруынан, құрылыс ұйымдарының жұмысына араласпауынан болып отыр. Қөкшетау облысы, Қызылту ауданының он совхозында құрылыс жұмыстарын инженер-коммунист Селифаненков жолдас басқаратын «Қызылтустрой» тресі жүргізеді. 16 миллион сомнан астам қаржы жұмсағанның өзінде трес жаңа қоныстанушыларға бірде-бір шаршы метр пәтер бермеді, бірде-бір үйді толық салып бітірмеді. Трестің жұмысында кемшіліктер өте көп. Өндірістік учасоктердің инженер-техник қызметкерлері мен басшылары арасында, жұмысшылар алдында өздерінің беделін түсірген, тапсырған іске жауаптылық сезімнен айрылған, жағдайды дұрыстап, жоспардың орындалуын қамтамасыз ете алмайтын адамдар аз емес. Солай бола тұрса да, Қызылту аудандық партия комитетінің секретары Скороходов жолдас трестің және оның басшыларының жұмысына жақсы баға береді.

Ақтөбе облысында жаңа совхоздардың құрылысы «Ақтөбестрой» тресіне жүктелген. Бұл ұйымның жұмысынан ірі-ірі кемшіліктер мен жолсыздықтар ашылды. Трестің басшылары — басқарушысы Гулько жолдас, бас инженері Шапиро жолдас — өтірік мәлімет беру жолына түсті. Мәселен, Қарабұтақ ауданында, екі совхоздың және бір МТС-тің құрылысында, заказчиктер ақы төлеген 2 200 мың сомдық орындалған жұмыстарды июль және август айларында өлшеп тексергенде, 826 мың сомның артық жазылғаны анықталды. Амал не, бұл өрескел көзбояушылыққа Қарабұтақ аудандық партия комитеті де, Ақтөбе облыстық партия комитеті де ешқандай шара қолданбады.

«Главзападстройдың» жұмысындағы зор кемшіліктер Қостанай облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетіне көптен мәлім. Мәселен, жоспар бойынша белгіленген 190 900 шаршы метр тұрғын үйден совхоздардың жаңа қоныстанушыларына небәрі 14 250 шаршы метр тұрғын үй берілгенін, бірсыпыра совхоздарда құрылыс жұмыстарының іс жүзінде әлі басталмағанын олар жақсы біледі. Алайда облыстық ұйым-

дар «Главзападстройда» және оның трестерінде тиісті тәртіп орнатуға тыңғылықты шаралар қолданбайды, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің совхоздардағы құрылыстың барысына жауаптылығын күшейтпейді.

Қазақстанның бірсыпыра совхоздарында күрделі құрылыс жоспарын орындаудың, әсіресе жаңа қоныстанушыларды тұрғын үйлермен қамтамасыз етудің жайы тіпті төзгісіз. Құрылыс қарқынын шұғыл күшейтуге батыл шаралар қолдану керек. Совхоздардың құрылыс алаңдарындағы жұмыстар кәзір күні-түні тоқтаусыз жүргізілуіне тиіс. Совхоздар мен құрылыс ұйымдары басшыларының, құрылысшылар мен егін жыйнау жұмысында жоқ совхоз қызметкерлерінің барлық күш-жігерін бағталған құрылыстардың бәрін таяудағы уақытта аяқтауға жұмылдыру керек.

Тың жерлерде құрылған совхоздардағы құрылыс — маңызды мемлекеттік іс. Бұл құрылысты үнемі қатаң бақылап, құрылысшыларға іс жүзінде көмектесіп отыру, Коммунистік партияның құрметті тапсырмасын орындауға олардың жауаптылығын күшейту — партия органдарының ең бірінші міндеті.

Көпшілікті тамақтандыруға қамқорлық күшейтілсін

Коммунистік партия, Совет үкметі көпшілікті тамақтандыруды көң өрістетуге әрдайым зор маңыз беріп келеді. В. И. Ленин көпшілікті тамақтандыратын асханаларды, яслилермен және балалар бақшаларымен қатар — «коммунизмнің өркендері» деп атады, көпшілікті тамақтандырудың еңбекшілер тұрмысын социалистік негізге қайта құрудағы ролін ашып көрсетті.

Біздің елімізде көпшілікті тамақтандыратын көптеген кәсіпорындар құрылды. Заводтар, фабрикалар, шахталар, оқу орындары жанында көптеген жақсы асханалар салынды. Рыноктік азық-түлік қорларының төрттен бір бөлегі осы асханалар арқылы өткізіледі. Елімізде 29 миллионнан астам еңбекші асханалардың қызметінен пайдаланады.

Лениногордағы фабрика-кухня еңбекшілердің алдында зор беделге ие болды. Мұнда тамақ мол және әралуан түрлі, келушілерге тез және мәдениетті қызмет көрсетеді. Көпшілікті тамақтандыратын мұндай кәсіпорындар барған сайын көбеюде.

Сонда да көпшілікті тамақтандырудың ұйымдастырылуы әлі де қанағаттанғысыз. Көпшілікті тамақтандыру жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі — материалдық-техникалық базаның халықтың тұтыну қажетінің өсу қарқынынан артта қалып отырғандығы. Көпшілікті тамақтандыратын орындардың сауда айналымы бесінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде екі еседен аса өссе, тамақтандыратын орындардың саны небәрі 25 процент, онда да көбінесе салқын тағам орындары мен буфеттер есебінен көбейді. Бірсыпыра қалаларда, аудан орталықтарында, жұмысшы поселкелерінде асханалар мен чайханалар мүлде жеткіліксіз. Алматының өзінде де көпшілікті тамақтандыратын орындардың саны бес жылдың ішінде небәрі 20 процент өсті. Бүкіл қалаға бір ғана жазғы кафе бар. Қалада көпшілік тамақтанатын асханалар аз, жақсы жабдықталған кофейня, ұлт тағамдарын әзірлейтін арнаулы асханалар жоқ. Диеталық тамақтандырудың жолға қойылуы қанағаттанғысыз.

ССРО үкметінің қаулысы бойынша, тұрғын үйлердің төменгі қабаттары сауда орындарына, оның ішінде асханаларға берілуге тиіс. Еңбек-

шілер депутаттарының Алматы қалалық советі атқару комитетінің немқұрайды қарауынан үкметтің бұл қаулысы орындалмай келеді. Бесінші бесжылдықтың өткен жылдары ішінде қалада жүзден астам екі және үш қабат үйлер салынды, ал көпшілікті тамақтандыратын орындарға содан бірде-бір жәй берілген жоқ.

Республиканың басқа да көптеген қалаларында істің жәйі сондай. Мәселен, Жезқазғанда асханаларды тозығы жеткен, қолайсыз үйлерге орналастырған, ал жаңа үйлерді салу қарқыны мүлде шабан. Қостанайда көпшілікті тамақтандыратын орындардың аздығы сонша — еңбекшілер стол жанынан орын алу үшін нешеме сағат бойына кезек күтіп тұрады.

Мектеп буфеттері мен балалар асханаларын көбейтуге аз көңіл бөлінеді. Республиканың үлкен қалаларында базалық балалар асханалары ашылмаған. Ал мұндай асханалар көптеген мектеп буфеттерін әртүрлі тағамдармен, ыстық тамақтармен камтамасыз ете алар еді.

Қазақстанда 26 жоғары оқу орындары, 126 техникум бар. Бұларда 80 мыңнан астам жігіттер мен қыздар оқиды. Бірақ студенттер асханаларының оларды тамақтандырып үлгеруі өте нашар. Бұл асханаларды көбейтумен қатар, ірі өнеркәсіп орталықтарында студенттер асханаларын және басқа асханаларды жартылай фабрикаттармен жабдықтайтын дайындаушы асханалар ашу керек. Мұның артықшылығы даусыз. Мамандандырылған ірі кәсіпорындарды механикаландыру оңайырақ, мұнда еңбек өнімділігі жоғары, өнімнің түсер құны кем болады.

Қолхозды деревняның тұрмысын қайта құруда көпшілікті тамақтандыратын селолық асханалар зор роль атқаруға тиіс. Қазір республикада 1 280 селолық асханалар мен чайханалар бар. Алайда, бірқатар аудандарда, әсіресе тың жерлерді игеретін аудандарда көпшілікті тамақтандыратын орындар тіпті жеткіліксіз және олардың басым көпшілігі село мен ауылдың еңбекшілеріне мәдениетті қызмет ету талаптарына сай келмейді. Быйыл МТС-терде 300, жаңа совхоздарда 250 асхана салынуға тиіс. Бұл тапсырманың орындалмай қалу қаупі туып отыр. Жоспарланған асханалардан совхоздарда небәрі 27 асхана салынып жатыр.

Көптеген асханаларда, ресторандарда, кафелерде, салқын тағам орындарында кондитер тағамдар, консерв, нан-булка тағамдар, папирос, арақ-шараб және басқа сондай товарларды сату жалпы айналым сомасы ішінде тіпті көп орын алады. Мысалы, республиканың жергілікті сауда ұйымдарына қараған көпшілікті тамақтандыратын орындардың сауда айналымы ішінде түскі тамақтың алатын орны 1940 жылғы 49,2 проценттен 1954 жылы 22,8 процентке дейін кеміді. Быйылғы жылы да айтарлықтай өзгеріс жоқ. Тұтыну кооперациясының көпшілікті тамақтандыратын орындарының бүкіл сауда айналымының төрттен үш бөлегіне жуығы — сатып алынатын товарлар. Демек, асханалар мен чайханалар өздерінің негізгі ісімен өте аз шұғылданып, оның орнына бөлшек сауда жүргізеді.

Асханалардың қызметкерлері ішкі қорларды кеңінен пайдалануға міндетті. Мұндай қосымша қорлардың бірі — шошқа семірту. Бұл іске толық көңіл бөлген орындар жақсы нәтижелерге жетті. Ақмола облысы Калинин аудандық тұтыну қоғамының чайханасының коллективі өзінің көмекші шаруашылығын ұйымдастырды. Чайхана шошқа семірту есебінен өзін етпен және маймен камтамасыз етіп отырады. Күнбе-күнгі тамақтың түр-түрі мұнда 20 — 25-ке жеткізілді.

Алайда республиканың сауда ұйымдарының басым көпшілігінде шошқа семірту ұйымдастырылмаған. Мысалы, 1954 жылы жергілікті сауда ұйымдарында, асханалар мен ресторандар трестерінде шошқа семіртуден алынған ет орталық қордан бөлінген еттің небәрі 0,1 процентіндей бөлд. Быйыл да сондай. «Қарагандауголь» комбинатының, Түрксибтің жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінде, Семей және Талдықорған облыстарының тұтыну кооперациясы системасында шошқа семірту қанағат-

танғысыз ұйымдастырылған. Ал, Қазақ ССР Сауда министрлігінің мәліметі бойынша, республиканың сауда ұйымдарының жыл сайын 30 мың шошқа семіртіп, 2600 тонна қосымша ет алуға мүмкіндігі бар.

Көпшілікті тамақтандыратын орындарға саудадан түскен қаржының 15 процентін колхоздар мен колхозшылардан, преysкуранттық бағадан аспайтын бағамен, ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу қажетіне пайдалануға право берілді. Мұның өзі, басқа өнімді қоспағанда, жылына 3000 — 3500 тонна ет сатып алуға мүмкіндік береді. Бірақ бұл мүмкіндік пайдаланылмайды. Мысалы, быйылғы жылдың бірінші жартысында ауылшаруашылық өнімдерін сатып алуға: Семейдің асханалар тресі саудадан түскен қаржының небәрі 0,6 процентін, Көкшетау тресі мен Петропавл тресі 2,2 процентін жұмсады.

Мемлекеттік және кооперативтік сауда ұйымдарына қараған көпшілікті тамақтандыратын орындардың басым көбінде тамақтың сапасы нашар, түр-түрі аз. Овоштан, балықтан, сүт-қышқыл өнімдерден жасалатын, өте қоректі тағамдар аз шығарылады. Жергілікті сауда ұйымдары мен асханалар трестеріне қараған орындарда әрбір 100 блюда тағам қатарында овош тағам 4-тен, балық тағам 6-дан келеді. Әралуан түрлі овош мол, жергілікті балықты сулар көп бола тұрса да, асханалардағы тамақтың жәйі осындай.

Технологиялық процесті, рецептураны бұлжытпай орындау — жақсы сапалы тағам әзірлеудің ең бірінші, сөзсіз шарты. Бұл істе аспазға маңызды міндет жүктеледі. Аспаз — көпшілікті тамақтандырудағы қоректі тұлға. Ол өзінің ісіне жетік болып, тағам әзірлеу өнерін қажырлылықпен меңгеруге тиіс. Көпшілікті тамақтандыруды онан әрі жақсарту, жоғары дәрежелі мамандығы бар аспаздарды ынталандыру үшін ССРО Сауда министрлігі «шебер-аспаз» атағын белгіледі. Бұл құрметті атақты алған адамдарға ай сайын мөлшерлі жалақысының 30 процентіндей үстеме төленіп тұрады.

Тағамның сапасын жақсарту күресінде кулинария советтері мен бракерлік комиссиялар маңызды орын алады. Олар тағамның сапасына және өңдеп берілуіне зор талаптар қоюға тиіс. Алайда сауда ұйымдарының, трестердің, жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің көптеген кулинария советтері жұмыс істемейді.

Көпшілікті тамақтандыратын орындарда тағамның сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, мәдениеттілікті арттыру оларда тоназытқыштар орнатуға, технологиялық процестерді механикаландыруға тығыз байланысты. Ал асханалардың механикаландырылу дәрежесі өте төмен. Тамақ әзірлеуге керекті өнімдерді өңдеу жұмыстарының (картопты аршу, овошты турау, етті тарту, нанды кесу, ыдыстарды жуу) көбі қолмен атқарылады. Қазақ ССР Сауда министрлігінің көпшілікті тамақтандыру орындары еттартқыштармен 15 процент, универсал приводтармен 9 процент, ыдыс жуатын машиналармен 8 процент, сүрткіш машиналармен 2 процент қамтамасыз етілген. Көптеген асханаларда жана жабдық пайдаланылмайды.

Көпшілікті тамақтандыратын орындардың жұмысындағы мәдениеттілікті онан әрі арттырудың ерекше маңызы бар. Мұндағының бәрі келушілердің көңілді отырып, жақсы тамақтануына, тыныш демалуына көмектесетін болу керек. Амал не, көп асханаларда мұндай жағдай әлі жоқ. Лас дастарқан, нашар жуылған ыдыс әлі көп кездеседі. Көптеген асханаларда тағам даярлайтын, тағамды столға беретін ыдыстар, аспаптар жетіспейді. Ал ұқыпсыздықтың салдарынан, бақылаудың, есептің жоқтығынан «сынған ыдыс» статьясы бойынша жүздеген мың сомдық ыдыс есептен шығарылады. Еңбекшілерге мәдениетті қызмет ететін, олар жақсы демалатын орындар болуға тиісті ресторандардың жәйі өте нашар. Көпшілікті тамақтандыратын көптеген асханалар мен ресторандар-

дың жұмысындағы елеулі кемшіліктерді еңбекшілердің көп арыздары айқын дәлелдейді. 1955 жылдың бірінші жартысында Алматының асханалар мен ресторандар тресіне қараған көпшілікті тамақтандыратын орындардың жұмысындағы кемшіліктерді көрсеткен 437 арыз, оның ішінде тағамның сапасының нашарлығын көрсеткен 101 арыз, қызмет етудің шабандығын көрсеткен 189 арыз түсті.

Түскі тамақтың касса шектерін алдын ала сатуды кеңінен қолдану керек. Бұл шара жақсы нәтиже берді. Ол тұтынушылармен есеп айыруды оңайлатып, тездетуге мүмкіндік туғызады. Сол сыяқты түскі тамақ немесе толық бір күндік тамақ алуға абонементтер сатуды, түскі тамаққа алдын ала заказдар қабылдауды, өзгермейтін бағамен екі—үш түрлі түскі тамақты енгізуді, асханалар жанында сатушысы жоқ буфеттер ашуды мейлінше қолдау қажет. Халыққа қызмет етудің, үйге түскі тамақ беру сыяқты формасы да өзін толық ақтады.

Тамақтанушыларға қызмет етудің прогрестік формаларының кеңінен таралуы үшін, озат өндірісшілер мен коллективтердің тәжірибесін тез және шебер насихаттап отыру керек. Кадрларды, әсіресе аспаздарды іріктеу, даярлау және бөлу ісін батыл жақсарту керек. Мұның өзі — көпшілікті тамақтандыру жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жоюдың негізгі шарттарының бірі.

ССРО үкметі мен СОКП Орталық Комитеті Сауда министрлігіне, көпшілікті тамақтандыратын орындары бар басқа министрліктер мен ведомстволарға жақсы жабдықталған асханаларды, ресторандарды және басқа көпшілікті тамақтандыратын орындарды едәуір көбейтуді, тағамның сапасын жақсартып, түр-түрін көбейтуді, еңбекшілерге қызмет етудегі мәдениеттілікті арттыруды міндеттеді.

Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақстанның тұтынушылар одағына да зор талаптар қойылуға тиіс. Көпшілікті тамақтандыратын орындардың жұмысында тәртіп орнату — олардың ең шұғыл және ең маңызды міндеті. Совет адамдарының барған сайын өсіп отырған тілектері осыны талап етеді.

Сауда қызметкерлері ғана емес, шаруашылық, кәсіподақ, совет және партия ұйымдарының қызметкерлері де көпшілікті тамақтандыру ісіне ерекше көңіл бөлуге тиіс. Олар күнбе-күн нақты көмектесіп отырғанда ғана көпшілікті тамақтандыру қызметкерлері өздерінің шұғыл міндеттерін ойдағыдай орындай алады.

М. РОЗМАНОВ.

Газеттегі хабар

Ұлы Отанымыздың өмірі әралуан түрлі. Еліміздің ұлан-байтақ кеңістігінде совет адамдарының жасампаз еңбегі оттай қаулап, олардың творчестволық инициативасы бұлақтай тасуда. Бұл тамаша өмірді, совет халқының ұлы еңбегін көрсету — газеттеріміздің құрметті және жауапты міндеті.

Қоғамдық, саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми тұрмыстың жаңа оқиғалары, құбылыстары туралы мәліметтерді оқушыларға хабарлап отыру — газет қызметінің аса маңызды түрлерінің бірі.

В. И. Ленин фактілер бойынша үгіт жүргізуге орасан зор маңыз беріп, мұны газет хабарларының негізгі міндеті деп таныды. «Саяси сыйдыр сөз аз болсын, — деп жазды ол, — коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бірақ өмірден алынған, өмірмен тексерілген жанды фактілеріне көбірек көңіл бөлінсін — бұл ұранды біздің бәріміз, біздің жазушыларымыз, үгітшілеріміз, насихатшыларымыз, ұйымдастырушыларымыз, тағы басқалар қажымастан қайталап отыру керек» (Шығармалар, 29-том, 415-бет).

Хабарлар беруді жақсылап жолға қою газетке көрік беріп, оны неғұрлым мазмұнды, қызықты етеді. Оқушылар социалистік құрылыстың жанды істерінен коммунизм идеяларының салтанатын көреді. Коммунистік партия совет адамдарын нақты мысалдар бойынша коммунизм рухында тәрбиелейді.

Хабарсыз газет болмайды. Сондықтан да, партияның Орталық Комитетінің органы — «Правда» жергілікті тұрмысты хабарлауға айрықша көңіл бөліп отырады. Онда әртүрлі хабарларға әдетте бірінші бет (бас мақаладан басқасы), сондай-ақ ішкі беттерден көп орын беріледі.

«Правданың» 1955 жылғы 4 сентябрьдегі дардылы бір номерін мысалға алайық. Бірінші бетте «Отанымыздың бір күні», «Егін даласынан хабарлар» деген бөлімдер берілген. Бірнеше материал «СОКП XX съезінің құрметіне» деген жалпы тақырыппен біріктірілген. Бұл бөлімде мынадай хабарлар берілген: «Байырғы бір алаңдардан — үш есе көп өнім» (Ленинград), «Тоғыз айдың тапсырмасы орындалды» (Ворошиловград), «Тың жырту жоспары асыра орындалды» (Қарағанды), «Ескі кәсіпшіліктегі жаңалық» (Баку), «Станок жасаушылардың еңбек өмірі» (Минск), «Нарва СЭС-нің құрылысында іске қосу қарсаңындағы күндер», «Алты мың жаңалық ұсыныстар» (Горький) және басқалар.

4 сентябрьде «Қазақстанская правда» газетінің беттерінде де әртүрлі хабарлар басылды. «СОКП XX съезінің құрметіне» деген бөлімде Теміртау мартендерінің жобаланған қуатының асыра пайдаланылуы туралы, бір көмір комбайнымен айына 26.400 тонна көмір шығарылғаны туралы, жаңашыл шоферлер туралы, алдыңғы қатарлы трактор бригадалары туралы, балықшылардың күзгі балық аулау маусымындағы табыстары туралы хабарлар берілді. Басмақаланың астында Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының 1 сентябрьге дейін 7.760 мың гектар егін жыйнағаны туралы қысқаша хабар басылды. Екінші бетте одақтық хабарлар және партия тұрмысының хабарлары, үшінші бетте: «Жазушылардың жаңа шығармалары», «Суретшілердің конференциясы алдында»

деген хабарлар берілді. Төртінші беттің үш бағанасына республикалық және Алматы қалалық хабарлар басылды. Бұлардың қатарында: «Жаңа Қаскелең совхозында», «Лениногор жұмысшыларының клубы» деген суреттер, «Ғылыми әдебиет алысу», «Әйнек үрлеуші мастерлер», «Көшелерге асфальт төселуде» деген хабарлар, «Спорттық сентябрь» деген шолу және басқа материалдар бар.

Қазақстанның маңызы кәзір бұрынғы қай уақыттағыдан болса да өсті. Өнеркәсіп өндірісін кең өрістетіп, ұлан-байтақ тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан, Совет Одағының шығысындағы мал шаруашылығының негізгі базасы болып келе жатқан біздің республикаға бүкіл еліміздің еңбекшілері назар салуда. Республиканың облыстары мен аудандарының әралуан, сәулетті тұрмысын көрсететін хабарлар Қазақстанның баспасөз бетінде күнсайын зор орын алып отыруға тиіс.

Республиканың кейбір облыстық газеттерінде мұндай хабарларға едәуір көп көңіл бөлінеді. Сол жексембі күні—1955 жылғы 4 сентябрьде шыққан номерлер мұны көп жағынан дәлелдейді. Шығыс Қазақстанның облыстық «Знамя коммунизма» газетінде ол күні жергілікті хабарларға арнап бірнеше бөлім: «СОКП XX съезінің алдында», «Марксизм-ленинизм кешкі университеттерінде оқу басталды», «Өскеменде және облыста», «Қысқа хабарлар», «Физкультура және спорт» деген бөлімдер берілді. Зыряннан алынған мынадай хабар басылды: «Маслянский руднигінің кеншілері партияның XX съезі құрметіндегі жарыста жаңа табысқа жетті. Рудниктің коллективі руда шығарудың тоғыз айлық программасын екінші сентябрьде орындады». Сол сыяқты газет жаңа совхоздағы құрылыс туралы, ауылшаруашылық көрмесіне экскурсиялар туралы, клуб қызметкерлерінің курсы туралы, жақсы очерк пен әңгімеге бәйге туралы хабарлар берді. Жергілікті суретші В. Подкидышевтің «Алтай тауларында» деген суреті жемсембі күнгі номердегі хабарларға көрік беріп тұр.

4 сентябрьде «Алма-Атинская правда» газетінде «Кеше Алматыда» деген қызықты хабарлар бөлімі берілді. Газет корей артистерінің концерті болғанын, тың жерлерге әртүрлі жабдықтар жөнелтілгенін, өнеркәсіп озаттарының жыйналысы өткізілгенін, қарт жұмысшының құрметіне мереке жасалғанын, парашютші-спортшылардың өнер көрсеткенін хабарлады.

Көкшетаудың облыстық «Сталинское знамя» газеті 4 сентябрьде «Облысымыздың бір күні» деген бөлімде оқушыларға рационализатор-құрылысшылардың қандай табыстарға жеткенін, Украина комбайншыларының қандай туысқандық көмек көрсеткенін, Рузаев ауданының «Целинный» совхозында көп тиражды «За урожай» қабырға газеті шығарыла бастағанын хабарлады.

Сол күні Талдықорғанның облыстық «Семиреченская правда» газетінде де жергілікті хабарлар кеңінен берілді.

Қостанайдың «Сталинский путь» газеті редакциясының коллективі 18 сентябрьдегі жексембі күнгі номерді облыстағы бір күнгі еңбекті көрсетуге арнап, жақсы инициатива жасады. Ондағы хабарлардың бірінде Қозырев руда басқармасына караған ұсату-сорттау фабрикасының кеншілері партияның XX съезі құрметіне жарысқа түсіп, жоспардан тыс ондаған вагон руда бергені айтылды. Екінші бір хабарда Қостанай—Тобыл магистралының құрылысшылары болат жолдың жыйырманшы километрін салғаны хабарланды. Бұдан басқа хабарларда Қостанайдың механика заводының токары Виктор Миловатскийдің сменалық тапсырманы 450 процент орындағаны, аяқ киім фабрикасының закройщиці Николай Бибаковтың 15 пар балалар аяқ киіміне жетерлік былғары үнемдегені, мұғалімдер үйінде пионер вожатыйларының Варшавадағы жастардың бүкіл дүниежүзілік фестивалына катысқан, Жаркөл МТС-ның трактор бригадасының бригадирі Иван Рудскоймен кездескені хабарланды.

Газеттің жексембі күнгі номері оқушыларға облыстың колхоздары мен совхоздарының быйыл екі миллион гектардан астам тың жыртықаны туралы және облыс еңбекшілерінің басқа сондай тамаша істері туралы мәлімет берді.

Амал не, көптеген редакциялар жергілікті тұрмысты нашар баяндайды, газетте мазмұнды, жауынгерлік хабарлар жариялап отырудың маңызын жете бағаламайды. Мұндай жете бағаламағанда, кейбір редакторлар облыс орталығының, аудандардың тұрмысын нашар хабарлау газетті құнсыздандыратынын, нақты тұрмыстан алыстатып, бірсарындылық сипат беретінін ұмытатын болса керек.

Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге, Коммунистік партия алға қойған міндеттерді орындау үшін күресуде. Петропавлдың және облыстың өнеркәсіп орындарында партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс, техникалық прогресті онан әрі алға бастыру, еңбек өнімділігін арттыру, өнім шығаруды ұлғайту, оның түсер құнын кеміту жолындағы күрес барған сайын кең өрістеуде. Облыста жүздеген мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды, жаңа астық совхоздарында құрылыс жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

Облыстық «Ленинское знамя» және «Ленин туы» газеттері облыстың бұл аралуан тұрмысын жазбайды деуге болмайды. «Ленинское знамя» газетінің редакциясы августта «Тың жердегі трасса» деген қызықты очерк-хабар, «Жамбыл совхозының жаңа құрылыстары» деген хабар және «Редакция почтасынан» деген бөлім берді. Бұл бөлімде: «Сықақ қабырға газеті», «Депо жанындағы сквер», «Таңдаулы аңшыларға сыйлық» деген хабарлар жарияланды. «Ленин туы» газетінің редакциясы жас мичуриншілдер туралы фотоочерк, «Селолық магазинде» деген сурет, «Булаев ауданында», «Жамбыл атындағы колхозда» деген хабар бөлімдерін және басқа материалдар жариялады.

Алайда, Солтүстік Қазақстанның облыстық газеттерінің июльдегі, августтағы және сентябрьдің алғашқы күндеріндегі номерлерін қарап шықсаң, олардың редакцияларының жергілікті тұрмысты үнемі жазып отыруға аз көңіл бөлетінін көресің. Газет оқушылар заводтардың, фабрикалардың, колхоздардың, МТС-тердің, жаңа совхоздардың, облыс орталығының және аудан орталықтарының қызметі туралы көп сұрақтарға жауап таба алмайды.

«Ленинское знамя» газетінің 28 августтағы бас мақаласында Петропавлдың хром заводы мен ет-консерв комбинатында быйыл бірсыпра техникалық жаңалықтар мен рационализаторлық ұсыныстардың өндіріске енгізілгені, өндіріс технологиясының жетілдіріліп отырғаны хабарланды. Мұның бәрі мемлекеттік жоспарды орындап қана қоймай, асыра орындауға көмектеседі. Алайда газет өзінің хабарларында бұл техникалық жаңалықтар, озат тәжірибе, жаңашылдардың табыстары туралы ешнәрсе айтпайды. «Жаңа техника сарқа пайдаланылсын» деген екінші бір мақалада (26 август) быйылғы май айында Петропавлдың жол бөлімшесінің тепловоздар алғаны айтылған. Бұл, — дейді газет, — жүк тарту құралының ең жоғары өнімді түрі. Тепловоздардың пайдалы қуаты паровоздардың қуатынан төрт есе артық екенін көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Тепловоздарды пайдалану июльде 3.280 мың сом қаржыны үнемдеп, тасымалдың түсер құнын 24,9 процент кемітуге мүмкіндік берді. Бірақ «жаңа техниканы шын сүйген және бұл қысқа мерзімде оны меңгеріп үлгірген адамдардың» бар екені мақалада тек жол-жөнекей айтылады.

Жергілікті тұрмыстың назар аударарлық фактілерін хабарлап отыру — газеттің ең бірінші міндеті. Бірақ газет оқушыға тек мұнымен ғана қызықты болмайды. Ол өмірді терең зерттеп, оны толық баяндап, неғұрлым көңіл бөлерлік құбылыстар туралы айқын түсінік беріп отыруға тиіс.

Мәселен, «Ленинское знамя» 30 августа «Қамыстан салынған екі қабат үйлер» деген қызықты хабар жариялады. Бұл шынында да облыстары жаналық іс, сондықтан бұл жайында қысқаша хабармен тоқтауға болмайды. Ол үйлердің қамыстан қалай салынғанын толық суреттеу керек еді. Сол сыяқты тепловоз машинистерінің жұмысын, олардың жаңа техниканы қалай меңгергенін қызықты формада айтып беру керек еді.

Жаңа техниканы еңгізу, технологияны жетілдіру, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін арттыру, еңбекті ұйымдастыруды, нормалауды және еңбекке ақы төлеуді жақсарту туралы материалдар газетте өте аз жарияланады. Жаңа астық совхоздарының өмірі, мәдени-ағарту орындарының жұмысы нашар баяндалады.

«Ленин туы» газетінің жергілікті хабарларды жариялаудағы елеулі кемшілігі — жеделділіктің жоқтығы, тақырыптың және өрістің тарлығы. Бұл газетте «Біздің облысымызда» деген бөлім екі айдың ішінде небәрі үш рет берілді. Редакцияның жеке аудандар бойынша бөлімдер беруі дұрыс. Бірақ бұл бөлімдер, амал не, сирек жарияланады және облыстың барлық аудандары бойынша беріліп тұрмайды. Мәселен, «Мамлютка ауданында» деген бөлім бір айдың ішінде екі рет жарияланды, ал басқа кейбір аудандар бойынша тұтас бөлім түгіл, жеке хабарлар да берілмеді.

Облыстық газеттер: «Коммунист» (Жамбыл), «Екпінді» (Семей), «Ленин жолы» (Қызылорда), «Павлодарская правда», жергілікті тұрмыс туралы материалдарды өте аз жариялайды. Бұл газеттердің редакциялары тек оқта-текте кішкене хабар бөлімдерін береді, онда да көп уақытта кездейсоқ фактілер келтіріледі.

«Екпінді» газетінің редакторы Байсақалов жолдас жақын арада жергілікті хабарлар бөлімін жойып, оның қызметкерлерін басқа бөлімдерге берді. Бұл ойластырмай істелген істің зардабы көздің өзінде көрініп отыр. Газет облыстың неше алуан тұрмысының барлық жақтарын жазуды тоқтатып, әдетте тек науқандық материалдармен шығатын болды.

4 сентябрьдегі номерінде «Екпінді» көшпелі кітапханалар, кітап базары, жаңа кітаптар туралы хабарлар жариялады. Газеттің келесі номерінде тағы да кітаптар туралы бөлім шықты. Жергілікті тұрмысты мұндай біржақты жазуды оған немқұрайды қарағандықтан деп түсінбей, басқаша түсінуге болмайды. Редакция газет бетінде хабарларды дұрыс орналастырмайды, мәселен, партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс туралы материалдарды төртінші бетке беруді орынды деп біледі.

Совет адамының ұлылығын, оның еңбекке, социалистік меншікке жаңа көзқарасын, оның мінез-құлқының тамаша сипаттарын, қоғамымыздың ұлы күшін, совет адамдарының идеялық және мәдени өсуін ашып көрсететін мазмұнды, жан-жақты хабарлар газет бетінде үнемі орын алып отыруға тиіс. Бұл хабарлар оқушыларды белгілі бір мақсатқа ұмтылдыратын, Ұлы Отанымызды мақтан ету рухында тәрбиелейтін, халқымыздың саяси және мәдени өмірінің әралуан жақтарын, партия, совет, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдардың қызметін айқын көрсетіп отыратын болу керек.

Бұл міндеттердің маңызы әсіресе кәзір, Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезінің жақындауына байланысты, мықтап өсті. Бұл ұлы тарихи оқиғаны еңбектегі жаңа жеңістермен қарсы алуға бүкіл еліміз әзірленуде.

СОКП XX съезі ССРО халық шаруашылығын өркендетудің алтыншы бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларды талқылайтыны мәлім. Жоспарлардың алдын ала жобалары кәзір тікелей кәсіпорындардың өзінде талқылануда. Оған сан мың еңбекшілер белсеніп қатысуда. Газет бетінде бұл тақырыптарда жарияланатын хабарлар жаңа бесжылдықта-

ғы заводтар мен фабрикалар туралы айқын түсінік беретін, жұмысшылардың, жұмысшы әйелдердің, инженер-техник қызметкерлердің творчестволық белсенділігі мен инициативасын көрсететін болу керек.

Совет адамдарының миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру, жаңа астық совхоздарын орнату жолындағы күресін номер сайын көрсетіп отыру — газеттердің құрметті міндеті. Не істелгенін ғана емес, мұнымен бірге оның қалай істелгенін көрсетудің зор маңызы бар. Совет адамдарының күнбе-күнгі ардақты, ерлік істерін кеңінен таратып отыру қажет. Қызылорданың «Ленинский путь» газеті 26 августа тракторшы Қасымтай Ізтілеуов туралы К. Есжановтың мынадай хабарын жариялады:

«Қасымтай Ізтілеуов тракторға алғаш рет 1935 жылы отырды. Өзі жұмыс істеген Ақжар МТС-інде және колхоздарда ол озат тракторшы деген даңққа ие болды. Бірақ ол кездейсоқ бақытсыздыққа ұшырады. 1952 жылы бір тәжірибесіз тракторшының айыбынан Ізтілеуов екі бірдей аяғынан айрылды. Бірақ Қасымтай мойымады. Емделіп шығып, протездерге үйреніп алғаннан кейін, ол қайтадан МТС-те еңбек етуге ұйғарды.

Бір жылдан артық уақыт бойына Ізтілеуов жөндеу жұмыстарында болды, бірақ ол тракторға қайтып оралуды ойынан шығармады. МТС дирекциясы Ізтілеуовтың өтінішін қабылдады. Ол «ДТ-54» машинасына аға тракторшы болып белгіленді.

Сталин атындағы колхозда жұмыс істегенде Ізтілеуов жолдас алты айлық өндірістік тапсырманы едәуір асыра орындап, 254 килограмм жарнамай үнемдеді.

Ақжар МТС-інде Қ. Ізтілеуовты жанқиярлық жұмысы, кішіпейілділігі, жұмыстағы қажырлылығы үшін жұрттың бәрі құрметтейді».

Мұндай фактілер, газет оқушыларды қызыншылықтарды жеңуге ұмтылдырып тәрбиелейді, советтік мақтан, патриоттық сезімін күшейтеді.

Алайда, біздің өмірімізде болып жатқан барлық оқиғаларды, өзгерістерді тек қысқаша хабарлар арқылы жап-жақты баяндап отыруға болады деп есептеу дұрыс болмас еді. Жергілікті тұрмысты хабарлаудың барлық түрлерін пайдалану керек. Газетте ұсақ хабарлар да, кең хабарлар да, әңгімелер де, жол очерктері де, белгілі бір қызық мәжілістер туралы есептер де, совет адамдарының еңбек өмірі туралы репортаж және басқалары да болу керек.

Газет «Совет Одағында», «Советтік Қазақстанда», «Біздің облысымызда», «Біздің көршілерімізде» (іргелес облыстардан) деген хабар бөлімдерін, облыстың жеке аудандары, қалалар, ауылдар, селолар бойынша хабар бөлімдерін беріп отырса, ол сонда қызықты болып шығады. Газет өз облысының тұрмысын күнбе-күн көрсетіп отырмаса, ол мазмұны жағынан қызықты, тақырыбы жағынан әралуан бола алмайды.

Жергілікті тұрмысты кеңінен баяндап отыру редакцияның облыста болып жатқан оқиғаларды жақсы білуін керек қылады. Мұның үшін газеттің меншікті тілшілерінің белсеніп жұмыс істеуі, ең алдымен, кең авторлар активі болу керек. Жергілікті тұрмысты тек хабарлар бөлімі ғана емес, газеттің барлық бөлімдері баяндап отыруға тиіс.

Газеттерде жергілікті тұрмысты хабарлауды жақсарту социалистік жарысты онан әрі өрістетуге, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге қызмет етеді.

В. СИНЕЛЬНИКОВ.

Оқушылардың сұрауларына жауап

Парламенттер арасындағы байланысты дамыту туралы

Журналымыздың оқушысы А. Тлеулиев (Қызылорда қаласынан) парламенттер арасында байланысты дамыту туралы және Парламентаралық одақтың қызметі туралы түсінік беруді өтінді. Бұл мақалада оның сұрауына жауап береміз.

Әлеуметтік-экономикалық құрылысының қандай болуына қарамастан барлық мемлекеттер арасында саяси, экономикалық және мәдени байланысты дамыту мүдделері теңестік және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, өзара тиіспеу және басқа мемлекеттердің территориялық тұтастығына қол сұқпау, олардың ерікті елдігі мен ұлттық тәуелсіздігін құрметтеу принциптерін бұлжытпай орындап отыруды талап етеді. Халықаралық байланысты нығайту үшін, елдердің бір-біріне көрнекті қоғамдық және саяси қайраткерлер делегацияларын, ең алдымен, мемлекеттік өкмет билігінің жоғарғы органдары болып табылатын парламент мүшелері делегацияларын жіберіп отыруының зор маңызы бар. «Парламенттерге бейбітшілікті сақтау және нығайту үшін ұлы жауаптылық жүктеледі. Соғыс және бейбітшілік мәселелері бойынша заң актілерін нақ сол парламенттер қабылдайды» — деп көрсетілді ССРО Жоғарғы Советінің 1955 жылғы 9 февральдағы Декларациясында.

Барлық елдердің халықтары мен парламенттеріне арнаған үндеуінде ССРО Жоғарғы Советі парламенттер арасында тікелей байланыс орнатып, елдердің бір-біріне парламент делегацияларын жіберетін, бір елдердің парламент мүшелерінің басқа елдер парламенттерінде сөз сөйлейтін болуы қажет екенін көрсетті. ССРО Жоғарғы Советі бұл шаралардың бәрін жүзеге асыру, достық қатнасты дамытуға және халықаралық ынтымақ орнатуға ұмтылып отырған халықтардың мүдделеріне сай келетіндігіне сенім білдірді.

ССРО Жоғарғы Советінің декларациясын социалистік лагерьдің барлық мемлекеттері қызу қостады. Англия, Франция, Италия, Канада, Бельгия, Голландия және басқа мемлекеттер парламенттерінің көптеген мүшелері Декларацияны байсалдылықпен талқылауды жақтады. АҚШ-тың бірсыпыра конгрес мүшелері Декларацияға қостап баға берді.

Соңғы кездегі оқиғалар мемлекет қайраткерлері арасында тікелей байланыс жасаудың маңыздылығын айқын дәлелдеді. Әртүрлі мемлекеттердің парламент мүшелерінің өзара кездесіп диалогтасуы жиіленді. ССРО Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша кәзірдің өзінде Совет Одағына көп елдердің парламент делегациялары келді. Өткен жылы Англия мен Финляндияның парламент мүшелері біздің елде қонақ болды. 1955 жылы парламентаралық байланыс оған әрі кеңейді. ССРО-да Индияның, Швецияның, Югославияның, Сирияның, Бельгияның, Жапонияның, Францияның, Люксембургтың парламент делегациялары болды. ССРО Жоғарғы Советінің делегациялары Польшаға, Албанияға, Финляндияға, Югославияға барды. Алдағы уақытта совет делегациялары басқа елдерге де барады.

ССРО-да болған кезінде парламент делегацияларының мүшелеріне совет елінің өмірімен танысуға толық мүмкіндік берілді. Олар өнеркәсіп орындары мен колхоздарда, әртүрлі мекемелер мен оқу орындарында болды, әр түрлі қызметтегі адамдармен әңгімелесті.

Совет адамдарының меймандостығы, өкмет органдарының Совет Одағына келген делегаттардың елімізбен танысуын неғұрлым жақсы ұйымдастыруға әзірлігі ССРО-дағы қайдағы бір «темір шымылдық» дейтін жаланың күлін көкке ұшырады. «ССРО-да біз көрген бірден-бір

темір шымылдык, — деді бұған байланысты Индия парламентінің депутаты Диван Чаман Лал, — Москваың Үлкен театрындағы өрттен сақтайтын шымылдык болды».

Өзара парламент делегацияларын жіберу халықтар арасында өзара ұғыныстың, ынтымақтың және достық қатнастың күшеюіне қызмет етеді, мұның өзі соңғы кезде халықаралық жағдайда болған өзгерістердің рухына толық сай келеді.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясының мәжілісінде Югославия Федерациялық Халық Республикасының Одақтық Халықтық Скупщинасының делегациясын құттықтаған сөзінде екі елдің арасында достық қатнасты күшейту үшін Совет мемлекет қайраткерлерінің Югославияға баруының қандай зор маңызы болғанын атап көрсетті. Сол сыяқты Югославия парламент делегациясының ССРО-ға келуі де совет-югославия қатнасын нығайтуда зор роль атқарды.

Мұның бәрі парламенттер арасындағы байланыстың зор маңызы бар екенін дәлелдейді. Сол себепті де, халықаралық жағдайды әлі де шиеленістіруге тырысатын кейбір топтардың әрекетіне қарамастан, әртүрлі елдердің өзара байланысы әр алуан түрлі формада, оның ішінде парламенттер арасындағы тікелей байланыс формасында кеңейіп, нығаяуда.

Мемлекеттер арасында байланыс орнатуда әртүрлі халықаралық ұйымдар маңызды роль атқаруға тиіс. Бұл ұйымдар қатарында Парламентаралық одақ көрнекті орын алады. Бұл одақта дүние жүзінің көптеген мемлекеттерінің парламент мүшелері жылсайын кездесіп, пікір алысады. Парламентаралық одақ мұнан жетпіс жылдай уақыт бұрын, 1888 жылғы октябрьде, әртүрлі елдердің ұлттық парламенттік топтарға біріккен парламент мүшелерінің ерікті ассоциациясы ретінде құрылды. Одақтың Парижде өткізілген ұйымдастыру жыйналысына небәрі 34 делегат, Англия мен Франция парламенттерінің депутаттары жыйналды. Алайда, одақтың бір жылдан кейін Венада өткізілген бірінші конференциясына енді тоғыз мемлекеттің парламенттерінен өкілдер қатысты.

1922 жылы Парламентаралық одақтың уставы қабылданды. Бұл устав, кейбір өзгерістер мен қосымшалар енгізілген түрінде, кәзірде де қолданылады. Уставтың бірінші статьясы бойынша, одақтың негізгі мақсаты — «барлық парламенттердің мүшелері арасында тікелей байланыс жасауды қолдау» және оларды «тиісті мемлекеттер арасында ынтымақты нығайту жолында... сол сыяқты халықтар арасында бейбітшілікті және ынтымақты нығайту жолында бірлесіп жұмыс істеу үшін» біріктіру. Бұл мақсатқа жету үшін одақ, парламенттер арқылы тездетіп шешуге болатын барлық халықаралық проблемаларды зерттеп, бұл проблемалар бойынша өзінің пікірлерін жариялап отырады.

Үкметтік емес ұйым бола тұрса да, Парламентаралық одақ, дегенмен, кәзіргі халықаралық тұрмыстың көптеген мәселелерін шешуде көрнекті роль атқара алады. Көптеген мемлекеттердің парламент мүшелерін өзінің жұмысына қатыстыра отырып, одақ коллективтік әрекеттерді ұйымдастыру жолымен, әртүрлі мемлекеттер үкметтерінің саясатына белгілі дәрежеде әсер ете алады, сөйтіп өзінің уставында жарияланған идеяларды жүзеге асыруға көмектесе алады.

Парламентаралық одақтың жоғарғы органы — оның жылма-жыл шақырылатын конференциясы. Бұл конференцияға әртүрлі парламенттердің ұлттық топтарының делегаттары қатысады. Конференцияға қатысатын делегаттардың саны олар өкілдік ететін елдің халқының санына және белгілі бір ұлттық топтағы парламент депутаттарының санына қарай белгіленеді. Конференцияға қатысқан одақ мүшелерінің бәрі дауыс беруге праволы.

Белгілі бір елде құрылған парламенттік ұлттық топ одақтың басшы органына — Парламентаралық советке өзінің екі делегатын жібереді. Бұл

орган конференцияларды шақырады, күн тәртібін белгілейді, әртүрлі тұрақты немесе уақытша комиссияларды тағайындайды. Одақтың басшылық қызмет орындарына кандидаттар ұсынады, оның жылма-жылғы бюджетін белгілейді және басқа сондай міндеттер атқарады. Сол сыяқты совет халықаралық шұғыл проблемалар бойынша өзінің пікірін білдіруге праволы.

ССРО парламенттік тобының парламентаралық советтегі кәзіргі тұрақты өкілдері — ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары Н. А. Михайлов пен Ю. И. Палецкис.

Одақтың советтен кейінгі басқару органы — төрт жылда бір рет председатель және сегіз мүше құрамында конференцияда сайланатын атқару комитеті. Советтің президенті атқару комитетінің председатели болып қызмет атқарады. Оның кәзіргі председатели — ағылшын лейбористі лорд Стейнсейм. Атқару комитетінің мүшелері — ССРО, Финляндия, Италия, АҚШ, Ирак, Цейлон және басқа мемлекеттердің парламенттік топтарының өкілдері.

Парламентаралық одақтың секретариаты қызметін атқаратын, одақтың тұрақты органы бас секретарь де Блонэ басқаратын бюро болып табылады. Парламентаралық бюроға советтің және конференциялардың шешімдерін тікелей жүзеге асырып отыру міндеті, сол сыяқты ұйымдастыру-техникалық жұмыс жүктелген. Одақтың үнемі тұратын жері — Женева, бірақ конференциялар дүние жүзінің әртүрлі елдерінде кезекпен өткізіледі.

Парламентаралық совет керегіне қарай өзіне бағынышты комитеттер: мәселен, әлеуметтік, саяси, мәдени байланыс комитеттерін және басқа комитеттерді құрады.

Парламентаралық одақтың құрылысы негізінде осындай.

Одақ соғыстан кейінгі он жылдың ішінде халықаралық ынтымақты, Біріккен Ұлттар Ұйымын бірнеше рет қолдады. Мысалы, 1948 жылы одақтың 37-конференциясында «Халықаралық моральдың принциптері туралы декларация» қабылданды. Бұл декларацияда соғыс насихаты, жанталаса қарулану айыпталды, халықаралық дауларды БҰҰ уставы негізінде, бейбіт жолмен шешу талап етілді. Парламентаралық одақ советінің 1955 жылғы апрельде өткізілген сессиясының саяси комиссиясы бейбіт қатар өмір сүру туралы тезисті қолдайтын және ССРО Жоғарғы Советінің парламенттер арасында тікелей байланыс орнату туралы инициативасын қостайтын қарар қабылдады.

Парламентаралық одақтың соғыстан кейінгі тарихында оның 1954 жылғы август-сентябрьде Венада өткізілген 43-конференциясының, әсіресе жақын арада Хельсинкиде аяқталған 44-конференциясының неғұрлым зор маңызы бар.

Венадағы конференцияның жұмысына ұзақ үзілістен кейін Польшаның, Венгрияның және Болгарияның жоғарғы мемлекеттік өкмет органдарының өкілдері қатысты. Конференция халықаралық жағдай туралы баяндаманы қарап, талқылады, БҰҰ-ның жұмысы туралы мәселелерді және қару-жарақты азайту мәселесін қарады. Конференция БҰҰ уставын тексеруге бағытталған ұсыныстарды қабылдамай, БҰҰ-ның барлық органдарының жұмысын жақсартуға, оның негізгі принциптерін құрметтеуге шақырды. Конференция Біріккен Ұлттар Ұйымы қатарына алынуға даусыз правосы бар және бұл правоның жүзеге асырылуын көптеп күтіп отырған бірсыпра мемлекеттерді бұл ұйымға қабылдауды қостады. Көптеген делегаттар Қытай Халық Республикасын БҰҰ-ға тезінен қабылдауды мақұлдады. Конференция ұлы державаларға Австрия мәселесін шешуді тездету керек екенін ескертті.

Венадағы конференцияның тағы бір зор маңызы — оның делегаттары қатарында халықаралық даулы мәселелерді келіссөздер жүргізу

жолымен, бейбітшілікпен шешу принципі барған сайын кеңінен таныла бастады.

1955 жылғы июньнің аяғында ССРО Жоғарғы Советі депутаттарының кеңесі ұлттық парламенттік топ құруға, сөйтіп Парламентаралық одаққа кіруге қаулы алды. УССР Жоғарғы Советі мен БССР Жоғарғы Советі депутаттарының жыйналыстары да осындай шешімдер қабылдады. Онан кейін Кремльде ССРО парламенттік тобының мәжілісі өткізілді. Бұл кезде парламенттік топқа 1250 адам, яғни ССРО Жоғарғы Советі депутаттарының 92 процентінен көбі кірген еді. Мәжілесте парламенттік топтың комитеті және Парламентаралық одақтың 44-конференциясына 29 адамнан делегация сайланды. Делегаттар құрамына мемлекеттік қайраткерлер Н. А. Михайлов, Ю. И. Палецкис, жазушылар Н. С. Тихонов, М. Турсун-Заде, академиктер А. М. Панкратова және Н. В. Цицин, жаңашыл жұмысшы П. Б. Быков, Совет Одағының Батыры М. Ғабдуллин және басқалары енгізілді.

Парламентаралық одаққа кіргенде ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары халықаралық ынтымақты дамытуға көмектесуді көздеді, өйткені парламент мүшелерінің өзара тікелей байланысы бұл ынтымақты кеңейтуде маңызды роль атқара алады. ССРО Жоғарғы Советінің 1955 жылғы 9 февральдағы Декларациясын басшылыққа алып, совет парламентінің ұлттық тобы: халықтар арасындағы достық және өзара ұрыныс үшін шын ниетімен күресушілердің бәрі совет өкілдерінен өздеріне шын және сенімді достар таба алатынын мәлімдеді.

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттарын Парламентаралық одаққа кіруге ұмтылдырған ардақты идеялар осындай.

1955 жылғы 25 августа Хельсинкиде Финляндия сеймінің үйінде Парламентаралық одақтың 44-конференциясы ашылды. Конференцияға дүние жүзінің 50-ге жуық елдерінің парламенттерінен өкілдер келді. Совет Одағының бұл конференцияға қатысуы, Финляндия баспасөзінің жазғанындай, Парламентаралық одақтың өкілдік сипатын онан сайын күшейтті, сөйтіп бұған байланысты оның қызметінің маңызы әлде қайда өсті.

Конференция халықтардың бейбіт қатар өмір сүруі туралы мәселені, оның ішінде мұндай қатар өмір сүрудің заңдық және моральдық принциптері туралы мәселелерді, қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік мәселелерін, экономикалық және мәдени байланысты дамыту мәселелерін, сол сыяқты басқа бірсыпра проблемаларды талқылады.

Совет делегациясы барлық мәселелерді талқылауға белсеніп қатысты. Совет өкілі К. П. Горшениннің өз сөзінде айтқанындай, «парламенттердің және Парламентаралық одақтың аса маңызды міндеті мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципі барлық мемлекеттердің, барлық халықтардың қарым-қатынасы негізіне айналдыруға өзінің қарамағындағы барлық күш-құралдармен көмектесуде».

Шетелдік баспасөздің көрсеткеніндей, Парламентаралық одақтың конференциясы Женева кеңесінің жалғасы сыяқты болды, өйткені оның негізгі тақырыбы бейбіт қатар өмір сүру туралы мәселе болды, ал мұндай қатар өмір сүру «Шығыста да, батыста да дүние жүзі халықтарының үміті мен арманының тірегіне айналды».

Конференциядағы аса сүйсінерлік көрініс — әр түрлі халықтар өкілдерінің бір-бірін жақсы білуге ұмтылған өзара тілегі болды. Конференцияға қатысушылардың ынтымақты нығайтуға, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге жалпы ұмтылуы сезіліп тұрды.

Конференцияның делегаттары қатарында Қытай Халық Республикасы өкілдерінің болмауы конференцияның жұмысындағы қынжыларлық олқылық болды. Қытайда, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы депутаттарының 90 процентін қамтыйтын парламенттік топ құрылғаны мәлім. Қытайдың парламенттік тобы бүкіл әзірлік жұмысын жүргізді

және Парламентаралық одаққа кірудің формальдық шарттарын орындады. ССРО-ның және европалық халықтық демократия елдерінің өкілдері конференцияның трибунасынан Қытай Халық Республикасының конференцияға қатысу правосын толық дәлелдеді. Англия, Франция, Италия, Индия, Югославия, Бельгия, Финляндия, Цейлон және басқа бірсыпра мемлекеттер делегацияларының мүшелері Қытай Халық Республикасының парламенттік тобын одаққа алуды қостады. Алайда Парламентаралық одақтың атқару комитеті Қытайдың мәлімдемесін шынында қабылдамай, бұл мәселені қарауды декабрыға қалдырды. АҚШ және оны жақтаушы елдер өкілдерінің күшті қысым жасауымен қабылданған бұл шешім Парламентаралық одақтың уставында жарияланған жоғары мақсаттар гуманизміне, кәзіргі заманның рухына көріне қайшы келеді.

Қытайдың парламент мүшелеріне, алты жүз миллион халықтың өкілдеріне, басқа елдердің парламент мүшелері қатарынан орын бермеу — Парламентаралық одақтың зор қатесі. «Біздің Қытайды одаққа қабылдамауымыз, — деді Францияның өкілі Амон, — бұл қыйсынсыздық. Атқару комитетінің Қытай туралы шешімі қанағаттанғысыз. Бұл шешім өзгертілуге тиіс, сонда одағымыздың беделі артады».

Конференция талқыланған мәселелер бойынша қарарлар қабылдады. Оның ішінде қатар өмір сүру принциптері туралы қарардың зор маңызы бар. Онда бейбітшілікпен қатар өмір сүру барлық халықтардың тілегіне сай келетіні атап көрсетілді. Қарар парламенттерді өздерінің үкметтерінен халықаралық-праволық ережелерді бұлжытпай орындауды, барлық даулы мәселелерді бейбітшілік жолмен шешуді талап етуге шақырды.

Қауіпсіздік және қарусыздану мәселесі бойынша қабылданған қарар парламенттер мен үкметтерді барлық елдер үшін коллективтік қауіпсіздік орнату бағытында жұмыс істеуге шақырды. Конференция жаппай қырғын қаруларына тыйым салып, қарулы күштерді азайту керек екенін көрсетті.

Экономикалық ынтымақ туралы қарарда конференция парламенттерге, экономикалық тежеулерді жою және бейбіт қатар өмір сүрудің аса маңызды шарттарының бірі ретінде экономикалық байланысты дамыту мақсатымен таяудағы уақыттың ішінде бүкіл дүниежүзілік конференция шақыруды ұсынды.

Конференцияның қортындылары парламенттер арасында байланысты дамытуға кең өріс бар екенін көрсетті. Дүние жүзінің халықтары парламенттердің жалпы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қорғауға барлық күшті жұмсауын қатты талап етеді. Совет үкметі мен ССРО Жоғарғы Советін алатын болсақ, олар барлық халықтармен күш біріктіріп, бейбітшілік және ынтымақ үшін күресу Совет мемлекетінің қызметінің бұлжымайтын принциптері болып табылатынын іс жүзінде дәлелдеді.

ССРО Жоғарғы Советінің төрт держава үкметтері басшыларының Женевадағы кеңесінің қортындылары туралы Н. А. Булганиннің баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысында былай деп көрсетілді: «ССРО Жоғарғы Советі былай деп мәлімдеді: Совет Одағы бейбітшілік, халықаралық ынтымақ орнату, халықаралық шиеленісті бәсеңдету саясатын жүргізіп келді және бұдан былай да жүргізе береді, аса маңызды халықаралық проблемаларды келіссөздер жүргізу арқылы бейбітшілікпен шешу үшін мемлекеттер арасында сенім орнатуға ұмтылады. ССРО Жоғарғы Советі бұл жолда өзін барлық парламенттер мен үкметтер қолдайды деп үміттенетінін білдіреді».

Парламенттер арасында жан-жақты байланысты дамыту жолында онан әрі ілгері басу халықтар арасында өзара ұғынысты, сенімді және достықты күшейтуге көмектесетіні күмәнсіз.

Я. МИХАЙЛОВИЧ.

Хаттар мен корреспонденциялар

Қарағандының комсомолецтері өнеркәсіпті өркендету күресінде

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы кәсіпорындардың өндірістік өмірінде комсомол ұйымдарының ролін күшейтуді, комсомолецтер мен жастардың бағалы бастамаларын мейлінше қолдап отыруды, жас жұмысшыларға саяси тәрбие беруге және олардың мамандығын арттыруға неғұрлым көп қамқорлық жасауды талап етті.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы Қарағанды облысының комсомолецтері мен жастарының творчестволық белсенділігін күшейтті. Пленумының шешімдерін — партия мен үкметтің Отанымызды көркейтуге жасап отырған қамқорлығының тағы бір айқын белгісі деп танып, облыстың комсомолецтері мен жастары еңбек өнімділігін арттыру үшін, ғылым мен техникадың табыстарын өндіріске енгізу үшін, техникалық прогресс үшін күресуде.

Ондаған мың жігіттер мен қыздар фабрикаларда, заводтарда, шахталарда, рудниктерде еңбек етуде. Олардың ішінде көптеген жастар өндірістік тапсырмаларды едәуір асырып орындауда. Облыстың өнеркәсіп орындарында 376 комсомолец-жастар бригадалары, сменалары, участоктері құрылды. Жас жұмысшылар инициатива көрсетіп, еңбек өнімділігін арттыруда.

Қарағанды көмір бассейнінің жас шахтерлері жақсы нәтижелерге жетті. Үш мың жігіттер мен қыздар өздерінің жылдық тапсырмаларын орындап, 1956 жылдың есебіне жұмыс істеуде. Озаттар қатарында Лыгин жолдас (№ 37 шахта), Бучкинский және Величко жолдастар (№ 31 шахта), Абросимов жолдас (№ 26 шахта) және басқалары даңққа шықты. Жарысқа түскен комбайншылардың, проходчиктердің, араш ұсталарының, кірпіш қалаушылардың, штукатуршылардың ондаған бригадалары өндірістік нормаларын ай сайын асырып орындауда.

«Ленинуголь» тресінің 14 комсомолец-жастар бригадалары жанқиярлық еңбектің үлгілерін көрсетуде. Жарыста Қосяктың, Петровтың, Жарқынбаевтың бригадалары бірінші орын алды. Калинин атындағы шахтада Равиль Дашкиннің комсомолец-жастар бригадасы, Михаил Рябов пен Алексей Дородныхтың комбайн бригадалары күн сайын толық циклді орындап отырады. Комбайншы Дашкин кезіңде өзінде жоспардан тыс 1 000 тоннадай көмір шығарды.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумынан кейін «Первая вертикальная» шахтасында №№ 1, 2 және 3 комсомолец-жастар участоктері циклдік графикке көшті. Жас кеншілер жоспардан тыс 15 мың тонна көмір шығаруға сөз берді. Олардың сөзі ісімен үйлесіп отырады. Олар көмір шығару қарқынын күннен күнге күшейтуде. Жарыста № 3 участоктің коллективі алда келеді. Бұл коллектив жоспарды үнемі 105 — 110 процент орындап келеді.

Комсомол ұйымдары социалистік жарыстың жариялығына ерекше маңыз береді. Олар озаттардың еңбектегі табыстарын барлық жас жұмысшылардың біліп отыруына қамқорлық жасайды. Жарыстың қортындылары цехтар мен шахталардағы көрсеткіштер тақталарында, қабырға газетінде, радио арқылы жарияланып тұрады. Үздік шыққан кеншілерді ынталандыруға көп көңіл бөлінеді. Бұл мақсатпен ауыспалы вымпельдер бекітілді.

Озаттардың артта қалғандарға жолдастық көмек көрсетуі социалистік жарыстың негізгі принципі болып табылатыны мәлім. Бұл істе таңдаулы жұмысшылардың тәжірибесін таратып отырудың маңызы зор. Өнеркәсіп орындарының комсомол ұйымдары жас жұмысшылардың конференцияларын өткізеді, шапшаң еңбек әдістерін өндіріске енгізетін комплексті бригадалар құрады; клубтар мен техника кабинеттерінде жастардың тәжірибені ортаға салатын кештерін, өндіріс озаттарымен кездесуін ұйымдастырып отырады.

Киров аудандық комсомол комитеті мен «Комсомолец Караганды» газетінің редакциясы алдыңғы қатарлы № 31 шахтаның № 9 участогінің лавасында тәжірибе алысуды ұйымдастырды. Шахтаның бас инженері Мельников жолдас жас комбайншыларға лавадағы циклдік жұмыстың жөйін айтты, комбайншы Шени жолдас өзі басқаратын комплексті бригададағы жұмыстың қалай жолға қойылғанын іс жүзінде көрсетті. Тәжірибені жұмыс орнының өзінде үйретудің мұндай әдісі өте нәтижелі болып шықты.

Еңбек өнімділігін арттыруда рационализаторлық пен өнертапқыштықтың орасан зор маңызы бар. Комсомол ұйымдары рационализаторлар қозғалысын қалың көпшілікке тарату үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға тырысады. Көмір шығаратын разрездің № 5 участогіндегі жас жұмысшылар коллективі көмір бую технологиясын жақсартуды көздейтін рационализаторлық ұсыныс енгізді. Мұның нәтижесінде участок жылына екі миллион сомнан астам қаржы үнемдейтін болды.

№ 26 шахтада бас механиктің көмекшісі Маринин жолдастың инициативасымен, қосақты «Донбасс» комбайншының көмір кесетін құралының биіктігі өзгертілді. Мұның өзі көмірді бүкіл қабат қалыңдығы бойынша оюды қамтамасыз етті. Маринин жолдастың мұнан басқа бір ұсынысы бойынша, қосақталған комбайндарда аварияның болуына мүмкіндік қалдырмайтын винтті телескоптық көтергіштері бар арнаулы домкраттар жасалды.

Басқа да бірсыпыра рационализаторлық ұсыныстар енгізу жұмысшылардың еңбегін жеңілдетіп, оның өнімділігін арттырды, әрбір тонна көмірдің түсер құнын кемітті. № 2 және № 3 участоктердің лавасынан іс жүзінде шығарылатын көмірдің өнімі едәуір артып, күн тәулігіне 1 100 — 1 200 тоннаға жетті. Шахта түгелінен циклдік жұмысқа көшті.

Түсті металлургия және химия өнеркәсібі орындарының комсомолецтері мен жастары еңбек өнімділігін арттыру үшін белсеніп күресуде. Теміртау қаласындағы жасанды каучук зауытында 27 комсомолец-жастар бригадалары өзара жарысқа түсіп, норманы үнемі асырып орындауда, шикізат пен материалдарды үнемдеуде, шығарылатын өнімнің сапасын арттыруда.

Қазақ металлургия зауытындағы жастар бригадалары арасында салмақты шапшаң балкытпалар беру жарысы кең өріс алды. Мұнда Байғазиев, Уалиев, Голубева жолдастардың бригадалары ерекше көзге түсті. Олар бесжылдықтың басынан бері жоснардан тыс 13 мың тонна болат балкытты, оның төрттен бір бөлігін үнемделген отынмен балкытты. Зауыттың комсомол ұйымы жастардың өздерінің білімін толықтырып, мамандығын арттыруына қамқорлық жасап отырады.

Жастардың өндірісте елеулі табыстарға жетуі көп ретте саяси тәрбие жұмысының дәрежесіне байланысты. ҚЛКЖО қалалық комитеттері, аудандық комитеттері және облыстың комсомол ұйымдары жігіттер мен қыздар арасындағы саяси жұмысты едәуір жақсартты. 350 ден астам комсомол активистері, лекторлар, баяндамашылар олар үшін лекциялар оқиды, баяндамалар жасайды. 4 000-ға жуық үгітші комсомолецтер Қарағанды, Балқаш, Жезқазған және Теміртау кәсіпорындарының жас жұмысшыларына СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының

қаулыларын түсіндіруде. Комсомол ұйымдары үгіт-бұқаралық жұмыстың әралуан түрлі құралдарын кеңінен пайдалануға тырысады. Барлық кәсіпорындарда комсомолецтердің қатысуымен «Жаңалықтар айнасы» шығарылады, онда «Крокодил», «Нажағай» сықак листоктары қойылады. Қабырға газеттері кәсіпорындардың партия, комсомол ұйымдарына, басшыларына кеншілер, металлургітер, құрылысшылар коллективтерін жоғары өнімді еңбекке жұмылдыруға көмектеседі.

Таңдаулы өндірісшілердің жұмыс тәсілдері мен әдістерінің сипаттамалары жүздеген, мыңдаған дана етіп шығарылады. Қарағандының қалалық комсомол комитеті көміршілер одағының облыстық комитеті мен бірге, Калинин атындағы шахтада жұмыс істейтін Р. Дашкиннің комсомолец-жастар бригадасының жұмыс тәжірибесі туралы плакат шығарды.

Алайда, комсомолдың облыстық комитеті, қалалық комитеттері, аудандық комитеттері, көптеген бастауыш комсомол ұйымдары өндіріс жұмыстарына әлі де жеткілікті зер салмайтынын, жастарды социалистік еңбек тәртібі рухында жеткілікті тәрбиелемейтінін көрсету қажет. Жеке кәсіпорындарда комсомолецтер басқа жастарға үлгі көрсетпейді.

Қарағанды қаласының Шахта және Сталин аудандарында жастар бригадаларының жарысы нашар ұйымдастырылған. Көптеген комсомол ұйымдары жас механизаторлар арасында әлі де аз жұмыс істейді, олардың күшін кемшіліктерді жоюға, техниканы толық пайдалануға бағыттап отырмайды. Комсомолдың қалалық комитеті мен аудандық комитеттері жастар үшін қолайлы тұрмыс жағдайларын жасауға ұмтылмайды.

БЛКЖО Орталық Комитетінің және ҚЛКЖО Орталық Комитетінің пленумдарында біздің комсомол ұйымымыз бұл кемшіліктер үшін өте орынды сыналды. Қазір комсомолдың облыстық комитеті кемшіліктерді жоюдың тыңғылықты шараларын қолдануда. Комсомол қызметкерлері, ең алдымен, комсомолдың өндірістік міндеттерді орындаудағы ролін жете бағаламауды жойып, экономикалық білімдерді, техниканы меңгеруге тиіс. Жастардың қайнаған жігерін тек сонда ғана шебер бағыттап, дұрыс пайдалануға болады.

Қазір Қарағанды жұмысшы табының қатарын толықтыратын көптеген жастар жұмысқа келуде. Республиканың әртүрлі облыстарынан бассейннің шахталарына мыңдаған жігіттер мен қыздар келіп, кеншілер семьясына қосылуда. Олар өздерінің барлық күшін осы қыйын және құрметті жұмысқа береді. Облыстың комсомолецтері оларға қамқорлық жасап, жас патриоттардың мамандықты неғұрлым тез меңгеруіне, сөйтіп еңбек процессіне қосылуына барлық шараларды қолдануға міндетті.

Қарағанды облысының комсомол ұйымдары, барлық жастары СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы алға қойған міндеттерді орындауда партия ұйымына тыңғылықты көмек көрсетеді.

Д. ШАЙМУХАНОВ.

Қазақстан ЛКЖО Қарағанды облыстық комитетінің секретары.

Бір заводтағы өндірісті және жоспарлау жұмысын ұйымдастыру

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыру мәселелерін талқылағанда, көптеген кәсіпорындардың жұмысты біркелкі атқармайтынын, мұның салдарынан брак көбейіп, шығарылатын өнімнің түсер құны өсетінін атап көрсетті. СОКП Орталық Ко-

митетінің Пленумы партия және шаруашылық ұйымдарынан бұл кемшіліктерді жою шараларын қолданып, өндірісті жоспарлауды және ұйымдастыруды жақсартуға ерекше көңіл бөлуді талап етті.

Қазақстанның ең үлкен машина заводы — Алматының ауыр машиналар жасайтын заводында өндірісті жоспарлау және ұйымдастыру қалай жолға қойылған?

Завод металлургия, кокс-химия, цемент және кен-руда кәсіпорындарына керекті домна, прокат, созу және басқа жабдықтауды жасап шығарады. Мұнда жасалатын бұйымдардың түр-түрі көп. Заводтың жылдық программаларына әртүрлі қызмет атқаратын машиналар мен механизмдердің 80-нен 130-ға дейін түрі енгізілген. Олардың көпшілігі жүздеген, мыңдаған бөлшектерден құралады, салмағы зор және көп еңбек жұмсауды керек қылады. Мәселен, кейбір созығыш стандартдың салмағы 20 тоннаға жетеді, ол 2 000-ға дейін әртүрлі бөлшектерден құралады. Прокат станына керекті рольгангтың салмағы 260 тонна, ал оны жасауға жұмсалатын еңбектің мөлшері — 59 700 нормасағат. Мұндай және онан да күрделі, еңбекті көп керек ететін бұйымдар заводтың өндірістік программасында негізгі орын алады.

Жасап шығарылатын бұйымдардың түр-түрінің және бөлшектерінің көп болуы, олардың аз шығарылуы және сирек қайталануы, керекті заттарды көп жерден бірден алуға зор тәуелділік (завод материалдарды, жартылай фабрикаттарды, бөлшектерді және тораптарды 50-ден астам жапсарлас заводтар мен жабдықтаушы ұйымдардан алып отырады) заводтың жұмысы үшін қиын жағдай туғызады. Мұндай жағдайлар өнімді даралап және шағын топтап шығаратын кәсіпорындардың бәріне тән болады. Сондықтан мұнда өндірісті ұйымдастыру және жоспарлау мәселелерінің зор маңызы бар.

Алматының ауыр машиналар заводында жаңа техника мен прогрестік технологияны енгізуде біраз жұмыс істелді. Бөлшектер мен аспаптарды күшті токпен термикалық әдіспен өңдейтін установка орнатылды. Мұның өзі ол жұмыстарға еңбектің жұмсалуды мықтан азайтты. Құрастырудағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар едәуір дәрежеде механикаландырылды. «1700» прокат станының редукторларының айырығының үстін қолмен тегістеп жонудың орнына механикалық тегістеп өңдеуді енгізу жұмсалатын еңбекті 2400 нормасағат азайтып, 35 мың сомнан астам қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туғызды. Еттартқыш машинаның тетіктерін жасауды жетілдірудің есебінен жылына 20 мың сомнан астам қаржы үнемделді. Созғыш стандарда, рольгангтердің кейбір типінде және басқа механизмдерде қолданылатын обоймалардың небәрі төрт түрін жекелеп соғудан штамплау арқылы даярлауға көшіру оларды жасауға жұмсалатын еңбекті екі есе азайтуға, сол сыяқты металл шығынын кемітуге мүмкіндік туғызды. Тіректі болат дөңгелектерді кокильге түтікпен-ерітіп құюды енгізу біржолы 24 дөңгелек құйып шығаруға, сондай бөлшектердің жарамды құймасының шығуын СБРО-ның басқа ауыр машиналар заводтарындағыдан 30 процент арттыруға мүмкіндік берді. Заводта күшпен шапшандатып кесу әдісі енгізілуде. Станоктердің 40 проценттен көбі шапшаң кесу режиміне көшірілді.

Мұның бәрі өнім шығаруға жұмсалатын еңбекті азайтуға, өнімнің түсер құнын кемітуге, еңбек өнімділігін арттыруға сөзсіз көмектеседі, бірақ заводтағы резервтерді тіпті де түгел қамтымайды. Обоймаларды қолдан соғудан штамптауға көшіруге мүмкіндік және мұның экономикалық қолайлы болуының себебі — бұл бөлшектер завод жасап шығаратын бірнеше түрлі машиналарда қолданылады, сондықтан ондай жүздеген бөлшектер керек болады. Бірақ әртүрлі машиналарда қолданылатын бөлшектер тек обоймалар ғана емес. Көп машиналардың конструкцияларында көптеген стандартты, бірыңғай бөлшектер табуға болады. Мәселен созығыш стандарттың бөлшектерінің бірыңғайластырылуы 28 — 30 про-

центке жетеді, яғни осы мөлшердегі бөлшектер ондай машиналардың барлық түрлерінде дерлік болады. Алайда бұл ортақ бөлшектер әрбір жеке машинаны құрастыруға арнап шағын мөлшерде жасалады.

Алматының ауыр машиналар заводында жаңа техника мен прогрестік технологияны онан әрі енгізуге өндірісті ұйымдастырудағы және жоспарлаудағы бірсыпра кемшіліктер едәуір бөгет болып отыр.

Мұнда операциялық-календарлық жоспарлауда заказдық система дейтін қолданылады: цехтарға тапсырмалар бір бұйымға тұтасынан немесе бір заказға біріктірілген бұйымдар тобына беріледі. Мұнда бөлшектер бүкіл номенклатура бойынша бірден кең көлемде беріліп жасалады. Жұмыс орындарына аз уақыттың ішінде көптеген аралуан түрлі бөлшектер біртіндеп немесе аздап түсіп отырады. Мұның өзі жабдықтарды үнемі қайта құрып, қайта жолға қойып отыруды керек қылады. Заводтың екінші механика-құрастыру цехында жүргізілген байқаулар жеке станоктардың бір айдың ішінде 50—60 рет қайта құрылғанын, мұның үшін әр станокке 15—20 сағаттан өнімсіз уақыт өткізілгенін көрсетті. Мұның себебі цехқа әртүрлі бөлшектердің түскендігінде ғана емес. Тіпті біртүрлі бөлшектердің өзі ай бойына бір станокке 3—5 данадан 10—15 рет түсті. Станок жабдығына жұмыс берудің мұндай үнемсіз тәртібі механика-құрастыру цехтары арқылы өтетін бөлшектердің түр-түрінің орасан көп болуынан ғана емес (орта есеппен айына 8—10 мың түрлі бөлшектер өтеді), мұнымен бірге өндірісті жоспарлаудағы елеулі кемшіліктерден туып отыр.

Айлық жұмыс жоспарларында дайындау цехтарындағы құймалар, соқпалар және штамповкалар комплектін шығарудың тек ақырғы мерзімдері және механика-құрастыру цехтарында даяр машиналарды шығару мерзімдері белгіленеді. Құю және ұсташылық-прес цехтарына берілетін жоспарларда мұның үстіне құйманың, соқпаның, штамповканың салмағы және ақша есебімен жұмыстардың көлемі көрсетіледі. Механика-құрастыру цехтарына жұмыстардың көлемі нормасағат және ақша есебімен белгілеп беріледі.

Дайындау цехтары, заводтың диспетчерлік бөлімі арқылы олардың жұмысын бақылап отырудың қиыны болуы себепті (қазіргі қолданылатын жоспарлау системасы тұсында), жоспарды тонна есебімен орындау үшін ең алдымен қарапайым және ауырлау бөлшектерді жасауға тырысады. Мұның өзі соңғы айлардың ішінде шығаруға жоспарланған заказдарды орындағанда көбірек қолданылады. Мұның нәтижесінде комплектсіз, қажеттен тыс бұйымдар жасалады, ал көптеген қажетті бұйымдар машиналарды шығарумен бір мезгілде жасалады. Мұның өзі дайындау цехтарының жұмысында да, механика-құрастыру цехтарының жұмысында да қиыншылық туғызады.

Механикалық учасоктерде де сондай. Жоспарды нормасағат есебімен орындауға және станоктердің жұмысын неғұрлым толықтыруға тырысып, учасоктердің диспетчерлері мен мастерлері станоктерге көп уақытта, қашан керек болатыны мәлімсіз, кез келген бөлшектерді толтыра береді. Тез құрастыруды керек қылатын бөлшектердің заготовкалары түскенде кездейсоқ бөлшектер, жасалып болмаса да, станоктерден алынады.

Мұндай жоспарлау, дұрысырақ айтқанда, жоспарсыздық станоктерді қайта құруға көп уақыт өткізілуіне ғана емес, оның үстіне бөлшектер мен тұтас машиналарды жасау циклінің едәуір ұзаққа созылуына әкеп соқтырады. 5—10 сағаттың ішінде жасап шығаруға болатын кейбір бөлшектер механика цехынан екі-үш айдың ішінде азар өтеді. Мұның нәтижесінде цехқа өңдеп шығарылған, бірақ әзірге құрастырылмайтын және жартылай жасалған бөлшектер толып кетеді, мұның өзі аяқталмаған өндірістің көлемін, демек айналымда жүрген қаржының мөлшерін едәуір көбейтеді.

Өндірісті ұйымдастырудың және жоспарлаудың мұндай тәртібі тұсында машиналарды біркелкі жасап шығарып отыруды жолға қою шынында да өте қиын. Сондықтан завод жұмысты біркелкі атқарып отырмайды, өнімнің негізгі бөлегін айдың соңғы онкүні ішінде шығарады. Еліміздің басқа кәсіпорындарынан алынатын материалдар мен жеке тораптардың мезгілінде әкелінбеуі және комплектісіз әкелінуі де бұған себеп болады. Мәселен, даяр тұрған созығыш стандалар, оларға керекті электр жабдықтарының мезгілінде түспеуі себепті, жөнелтілмей жатып қалады.

Жұмысты жоспарлаудың жоғарыда көрсетілген және басқа елеулі кемшіліктері жаңа техника мен прогрестік технологияны еңгізуге де, сол сыяқты цехтар мен учасоктердің өндірістік қуатын пайдалануға да зыяны зардабын тигізеді. Жұмыстардың көлемі аз болуы және олардың жиі ауысуы жағдайында жоғары өнімді жабдықты, арнаулы тетіктер мен аспаптарды, металл кесудің шапшаң режимдерін қолдану қиындайды және аз нәтиже береді.

Қандайда болсын өндірісті мамандандыру оны жақсы ұйымдастыруға, еңбек өнімділігін арттыруға көмектесетіні мәлім. Өнеркәсіп орындарын мамандандырудың маңызы және оны тереңдете берудің қажеттігі СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының шешімдері мен Н. А. Булганин жолдастың баяндамасында атап көрсетілді. Алматының ауыр машиналар заводын мамандандырылған кәсіпорын деп атауға болмайды. Бұл завод көптеген әртүрлі машиналар мен механизмдерді ғана жасап қоймай, мұндай заводқа мүлде тән емес өнімді де: еттартқыштар, күректер, ломдар және басқа сондай бұйымдарды да шығарады. Шығарылатын бұйымдардың түр-түрін азайту туралы мәселе ССРО Ауыр машиналар жасау министрлігі алдына талай рет қойылды. Сонда да Алматының ауыр машиналар заводы бұрынғысынша даралық және шағын-топтық өндіріс кәсіпорны болып келеді.

Бұл жағдайда заводтың ішкі мамандандыру ісіне толық көңіл бөлу керек. Машина жасайтын заводтағы мамандандырудың екі негізгі формасы: технологиялық және заттық формалары бар. Технологиялық мамандандыру бір цех немесе учасок шеңберінде қандайда болсын бір текті жұмыстарды (қалыптау, құю, жону, құрастыру және т. б.) орындауды, демек, бір типті жабдықтарды орнатуды көздейді. Заттық мамандандыру бір учасокте жұмыстардың жеке түрлерін орындауды емес, белгілі бір заготовклар, бөлшектер, тораптар, машиналар немесе олардың бір текті топтарын жасауды көздейді.

Заттық мамандандырудың технологиялық мамандандырудан көп артықшылықтары бар. Заттық мамандандырылғанда учасокке технологиясы және конструкциясы жағынан бірыңғайлас, мұнда өндеудің бүкіл циклін өтетін бөлшектердің белгілі бір түрлері бекітін беріледі, жабдықтар мен аспаптарды неғұрлым тыңғылықты пайдалануға, жұмысшыларды белгілі бір бөлшек-жұмысты орындайтын етіп мамандандыруға, өндірістің барысын мінсіз және жедел бақылап отыруды жолға қоюға жағдай жасалады; учасок бастықтарының өздеріне тапсырылған жұмысқа жауаптылығы күшейтіледі. ССРО-ның ауыр машиналар жасайтын көптеген заводтарында (Уралмаш, Ленинградтың Сталин атындағы металл заводы, Ново-Краматор заводы және басқа заводтар) кәзірдің өзінде дайындау және өндеу цехтарында заттық учасоктер жасалды.

Алматының ауыр машиналар заводы бұл істе артта қалып отыр. Дайындау және механика-құрастыру цехтарында учасоктер технологиялық принцип бойынша ұйымдастырылған, мұның нәтижесінде, мәселен метиздер (болт, гайка, шайба және басқа ұсақ бөлшектер) екі механика құрастыру цехында, жөндеу-механика және аспаптар цехтарында жасалады. Заводтың екі механика-құрастыру цехы басқа бөлшектермен қатар көптеген ұқсас, тіпті бірдей бөлшектер жасайды (стандартты, норма-

лы, бірыңғайлас бөлшектер). Өндірісті мұндай ұйымдастырғанда, әрине бар жабдықты нәтижелі пайдалану өте қиын.

Быйылғы март айында заводтың партия комитетінің бастауымен еңбектің ұйымдастырылуына қоғамдық байқау өткізілді. Байқау кезінде жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер жасаған сын ескертулер мен білдірген тілектердің, көбінесе, өндірісті ұйымдастыруға және жоспарлауға тікелей немесе жанама қатысы болды. Еңбек тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік туғызу үшін, жұмысшылар өздеріне бөлшектердің белгілі бір түрлерін бекітіп беруді талап етті. Заготовкалардың, аспаптардың, техникалық документтердің болмауы себепті, жұмыстың көп уақыт тоқталып тұруына наразылық білдірілді. Участоктердің мастерлері өздерінің станоктерге келесі күні қандай жұмыс беретінін көп уақытта білмейтіндіктерін айтты.

Мұндай ескертулер мен тілектер көп болды. Сонан бері едәуір уақыт өтсе де, жағдай өзгерген жоқ, дұрысында өндірісті ұйымдастыруды түбірінен қайта құрмайынша, өзгеріс болуы мүмкін емес.

Заводта өндірісті ұйымдастыруды және жоспарлауды жақсарту үшін не істеу керек? Ең алдымен дайындау және механика-құрастыру цехтарында заттық участоктер жасап, оларды технологиясы мен конструкциясы жағынан ұқсас заготовкалар мен бөлшектерді жасауға мамандандыру керек. Жұмысты жоспарлауды қайта құрып, көп бұйымдарда қолданылатын бөлшектер мен тораптарды үлкен топтап жасауды ұйымдастыру керек. Алғашқы есептер бойынша, барлық бөлшектердің не бәрі 25 процентін топтап жасау және мұның негізінде тиістік технологияны белгілеп, участоктерді мамандандыру жылына заводтың кемінде үш миллион сом қаржысын үнемдейді.

Машиналардың жеке түрлерінде ғана қолданылатын бөлшектер үшін, оларды жасауды комплекті-тораптық жолмен жоспарлау қажет. Комплектілі-торапты жоспарлаудың негізгі шарты — бөлшектердің жасалуына қаншама еңбек жұмсалатынын және оларды жасау циклін, құрастыруға тапсыру кезегін есепке ала отырып, бөлшектерді беруді және жасап шығаруды ұйымдастыру. Мұның өзі машиналардың дұрыс комплектіленуін және өндеу, құрастыру алдынан комплектілі даяр бөлшектер жасалуын қамтамасыз етеді.

Бұл негізгі шараларды жүзеге асыру үшін, завод басқармасы барлық бөлімдерінің және өндірісті әзірлейтін бөлімдердің бәрінде дерлік зор әзірлік және ұйымдастыру жұмысын жүргізу керек болады. Бұл іске цехтардың қызметкерлері де белсеніп қатысуға тиіс.

Өндірісті дұрыс ұйымдастырып, дұрыс жоспарлағанда ғана жаңа техника мен прогрестік технологияны ойдағыдай енгізіп, бар жабдықтар мен өндірістік алаңдардан өнім алуды көбейтуге, заводта жұмыстың біркелкі жүргізілуін ұйымдастырып, мұның негізінде еңбек өнімділігін арттыруға, өнім шығаруды ұлғайтып, оның түсер құнын кемітуге болады.

Р. ПЕТУХОВ,
техникалық ғылымдардың кандидаты.

Партия тұрмысының хабарлары

КОЛХОЗДАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕМИНАРЛАР

Талдықорған облыстық партия комитеті колхоздардың басшы кадрларының экономикалық білім алуына көп көңіл бөліп отырады. Коммунистерге оқудың формаларын және өздерінің білімін арттырудың әдістерін таңдауға көмектесе отырып, XVI партия съезі атындағы, «1-е мая» және Ворошилов атындағы колхоздардың партия ұйымдары өткен оқу жылында экономикалық семинарлар ұйымдастырды. Колхоздардың коммунистері, партияда жоқ активистері — бригадирлер және ферма меңгерушілері — ауылшаруашылық өндірісінің экономикасын және ұйымдастырылуын зор ынтамен үйренді. Теориялық мәселелер колхоздардың шаруашылық жұмысымен байланыстырылды. Жаңа оқу жылында бұл колхоздардың коммунистері экономикалық семинарларда онан әрі оқиды.

Быйыл колхоздарда экономикалық семинарлар көбейтілді. Сарқант, Талдықорған, 28 гвардияшы атындағы аудандардың өзінде, МТС-тер мен аудандық партия комитеттері жанындағы семинарлармен қатар, ірі колхоздардың партия ұйымдары жанында 7 экономикалық семинар жұмысқа кірісті. Аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтарындағы жақсы даярлығы бар нұсқаушылары мен ауыл шаруашылығының мамандары семинарлардың жетекшілері болып бекітілді.

Аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, ауыл шаруашылығының мамандары, колхоздардың председателдері, фермалардың меңгерушілері және колхоз өндірісінің озаттары семинар сабақтарында лекциялар оқиды, баяндамалар жасайды.

ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Қызылорда қалалық партия комитеті, сол сыяқты облыстық кәсіподақ советі кәсіподақтардың жұмысына қанағаттанғысыз басшылық етеді. Көптеген кәсіподақ ұйымдары өздерінің жұмысын СОКП Орталық Комитетінің Пленумдары мен кәсіподақтардың XI съезінің талаптарына сәйкес қайта құрған жоқ, өндірістік кәсіпорындардың жұмысшылары арасында, мекемелерде ұйымдастырушылық роль атқармайды. Аяққим

фабрикасының, былғары заводының кәсіподақ ұйымдары және басқалары коллективтік договорларды оқта-текте бір тексереді, екі жақты міндеттемелердің орындалуын қадағалап отырмайды, жұмысшылардың техникалық білімін арттыруға жеткілікті қамқорлық жасамайды.

Кәсіподақ мүшелері арасында бұқаралық және тәрбие жұмысының жолға қойылуы қанағаттанғысыз. Фабрика-завод комитеттері мен жергілікті комитеттер социалистік жарысқа нашар басшылық етеді. Олардың бірсыпырасы еңбекшілерді еңбек өнімділігін арттыруға жұмылдыру жұмысын міндеттемелер жыйнаумен тұжырады. Бұл және басқа сондай кемшіліктер өндіріс жоспарларын орындауға зиянды зардабын тигізеді.

Қызылорда облыстық партия комитеті қалалық партия комитеті мен облыстық кәсіподақ советіне кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жақсартуға нақты шаралар қолдануды, барлық коллективтерді олардың алдында тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыруды, еңбек тәртібін нығайтуды, шаруашылық және кәсіподақ басшыларының договорлық міндеттемелерді орындауға жауаптылығын күшейтуді міндеттеді.

Облыстық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарына, қалалық партия комитетіне озат еңбек әдістерін күнбе-күн таратып отыруды, рационализаторлық және өнер табу ісіне басшылықты күшейтуді, кәсіподақтардың саяси-тәрбие және мәдени-бұқаралық жұмысын жақсартуды ұсынды.

ӨЗ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ТЕКСЕРУ

Жамбыл облысы, Мерке ауданының көптеген партия ұйымдары өз шешімдерінің орындалуын тексеруді ұйымдастыруға зор қамқорлық жасап отырады. Мысалы, Киров атындағы колхоздың партия ұйымы жыйналыстардың бірінде егінді мезгілінде жыйнап, мемлекетке астықты мезгілінде тапсыруға бағытталған нақты шаралар белгіледі, коммунистерді өндірістің шешуші учасқтарына орналастырды, олардың әрқайсысына партиялық тапсырма белгілеп берді, жұмыстарды орындау мерзімдерін белгіледі. Партия ұйымы қабылданған шешімнің орындалуын үнемі тексеріп отырды, ал коммунистер партиялық тапсырмаларды жүзеге асыруда инициатива

және қажырлылық көрсетті. Мұның нәтижесінде колхоз астық тапсыру жоспарын мезгілінде орындап, оның үстіне мемлекетке 17 400 центнер астық сатты.

Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелінің партия ұйымы жемшөп дайындау туралы шешім қабылдады, оның орындалуын тексеруді жақсы ұйымдастырды. Мұның нәтижесінде, мәселен, пішен жыйнауға күнсайын 10 пішен машинасы, 5 ат тырма, 15 арба тоқтаусыз жұмыс істейді, колхозшылар жұмыс нормаларын асыра орындайды. Пішен машиналарының машинистері Қасенов, Жансуев, Дүйсенқұлов жолдастар еңбекте үлгі көрсетуде. Қабылданған шешімнің орындалуын бақылай отырып, партия ұйымы жыйналыстарда пішен жыйнаудың барысын талқылайды. Колхоз кәзірдің өзінде 6 453 тоннадан астам пішен дайындады, 280 тонна шөп және 90 тонна жүгері собықтарын сүрледі. Оның үстіне 950 тонна сабан маяға салынды.

Амал не, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру барлық жерде бірдей қанағаттанарлық деуге болмайды. Ауданның кейбір бастауыш партия ұйымдары шешімдерді қабылдағаннан кейін, оларды ұмытады. «Ленин жолы» колхозының партия ұйымы (секретары Есенбаев жолдас) быйыл жемшөп дайындау, шөп сүрлеу мәселелерін үш дүркін талқылады, тиісті шешімдер қабылдады, бірақ олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырмады. Сол себепті мұнда жемшөп дайындау жоспары орындалмады.

«Жаңа тұрмыс» (партия ұйымының секретары Кәрібаев жолдас) және «Красный Октябрь» (секретары Төлендиев жолдас) колхоздарының партия ұйымдарында да істің жәйі осындай.

БАЛА ТӘРБИЕЛЕЙТІН ОРИНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Семей облысының Көкпекті ауданында 10 колхоз яслиі бар. Сталин атындағы, Жданов атындағы, Куйбышев атындағы колхоздардың басқармалары бала тәрбиелейтін орындарға зор қамқорлық жасап отырады. Яслилер жақсы жабдықтармен қамтамасыз етілген,

оларға әзірлігі бар қызметкерлер берілген, балалар жақсы тамақтандырылады.

Көкпекті аудандық партия комитеті бала тәрбиелейтін орындардың жұмысы туралы мәселені қарап, Ворошилов атындағы және «Шұбарши» колхоздарында балалар яслилерінің әлі күнге ашылмағанын көрсетті. Сол себепті, жас баласы бар әйелдер еңбеккүн минимумын таппайды. Аудан орталығындағы балалар бақшасы мен балалар яслиі қысқа әзірленбеген.

Аудандық партия комитеті аудандық атқару комитетінің оқу және денсаулық сақтау бөлімдеріне, сол сыяқты колхоздардың басқармаларына бала тәрбиелейтін орындардың жұмысын онан әрі жақсарту шараларын қолдануды ұсынды. Партия ұйымдарына бала тәрбиелейтін орындардың жұмысын онан әрі жақсарту тапсырылды.

ФЕОДАЛДЫҚ-БАЙШЫЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТЫ ТАРАТУШЫЛАР

Қорғалжын ауданындағы Кеңбидайық ет совхозының партия ұйымының секретары Ж. Жұнусов Арықты ет совхозындағы комсомолка Н. жолдасы зорлықпен алып қашқан, сабан қорқытып, өзімен бірге тұруға көндірген, неке документіне қол қойдырған. Бұл зорлық істе Ж. Жұнусовқа Кеңбидайық совхозының директоры Сайфуллин, ком. мунистер Закиров, Әбілдин, Белғожин және басқалары жәрдемдескен.

Қорғалжын ауданының прокуроры Көшкенбаев, милиция бөлімінің бастығы Голлобов комсомолкаға мұндай зорлық жасалғанын біле тұрса да, ондан өрскел фактіге атүсті қараған.

Ақмола облыстық партия комитеті Жұнусовты қызметтен алып, партиядан шығарды, совхоз директоры Сайфуллинді де партиядан шығарды. Облыстық прокуратураға мұндай зорлық жасаушы айыптыларды қылмыс ретінде жауапқа тарту тапсырылды. Облыстық партия комитеті Голлобов пен Көшкенбаевқа қатаң сөгіс жариялады, Қорғалжын аудандық партия комитетіне Закировты, Әбілдинді, Белғожинді және Ж. Жұнусовқа көмектескен басқа адамдарды партия қатарында қалдыру-қалдырмау мәселесін қарауды міндеттеді.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин Б. А. (бас редактор),
Әбілдаев К., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107,
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.

11/X-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108^{1/16}—2 к.—5,48 авт. т. УГ09711.

Тираж 15 300. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак. 1072.

Гос. пуб.
815090

Кітап жаңалықтары

партия активінің кітапханасы үшін

К. МАРКС және Ф. ЭНГЕЛЬС. Шығармалар. Екінші басылуы. 2 том. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 652 бет. Бағасы 10 сом.

Ф. ЭНГЕЛЬС. Табиғат диалектикасы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 328 бет. Бағасы 6 сом 30 тыйын.

И. А. ГРУДИНИН. Диалектикалық материализм мүмкіндік және шындық туралы. «Знание» баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

А. ШИШКИН. Коммунистік моральдың негіздері. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы. 1955 ж. 320 бет.

И. А. СМЕРНОВ, А. М. НАБАДЧИКОВ. Лениншіл комсомол — Коммунистік партияның көмекшісі және резерві. «Молодая гвардия» баспасы. 1955 ж. 112 бет. Бағасы 1 сом.

Н. В. ПУХОВСКИЙ. Марксизм-ленинизм халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы. «Знание» баспасы. 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

Ю. В. СМЕРНОВ. Дипломатиялық келіссөздер — халықаралық талас мәселелерді бейбітшілікпен шешудің негізгі құралы. Мемлекеттік заң әдебиеті баспасы. 1955 ж. 88 бет. Бағасы 1 сом 50 тыйын.

Д. И. РОЗЕНБЕРГ. XIX ғасырдың 40-жылдарында Маркс пен Энгельстің экономикалық ілімінің дамуы туралы очерктер. ССРО Ғылым академиясының баспасы. 1955 ж. 326 бет. Бағасы 14 сом 60 тыйын.

Е. В. ШОРОХОВА, И. П. Павловтың белгі беру жүйелері туралы материалистік ілімі. ССРО Ғылым Академиясының баспасы. 1955 ж. 232 бет. Бағасы 11 сом 60 тыйын.

И. МОЛОЧЕК. Отанымыздың халық байлықтары. Географиялық баспа. 1955 ж. 112 бет. Бағасы 1 сом 75 тыйын.

Украин ССР халық шаруашылығының өркендеуі туралы очерктер. ССРО Ғылым Академиясының баспасы. 1955 ж. 554 бет. Бағасы 30 сом 90 тыйын.

И. М. РЕЙСНЕР. Афғандарда феодализмнің пайда болып дамуы және Афған мемлекетінің құрылуы. ССРО Ғылым Академиясының баспасы. 1955 ж. 416 бет. Бағасы 18 сом.

БАРТА ДРАГОМИР. Чехословакиядағы 1920 жылғы декабрьдегі жалпы стачка. Чех тілінен аударылған. Шетелдік әдебиет баспасы. 1955 ж. 196 бет. Бағасы 1 сом 35 тыйын.

Сөз сөйлеу мәдениетінің мәселелері. ССРО Ғылым Академиясының баспасы. 1955 ж. 240 бет. Бағасы 7 сом 20 тыйын.

Е. ПУЧКОВ. Ғылым соқыр сенімдерге қарсы. «Молодая гвардия» баспасы. 1955 ж. 46 бет. Бағасы 65 тыйын.

Жүрек соғып тұрғанда. Совет Одағының батыры Евгения Рудневаның күнделік дәптерлері мен хаттары. «Молодая гвардия» баспасы. 1955 ж. 127 бет. Бағасы 3 сом 85 тыйын.

Н. И. ГИТОВИЧ, А. П. Чеховтың өмірі мен творчествосының шежіресі. Мемлекеттік әдебиет баспасы. 1955 ж. 879 бет. Бағасы 21 сом 50 тыйын.

В. ЛЕШКОВЦЕВ. Атом қуаты. Екінші басылуы. Техникалық-экономикалық әдебиет баспасы. 1955 ж. 64 бет. Бағасы 1 сом 10 тыйын.

А. БЛАТИН. Достық және жолдастық туралы. «Знание» баспасы. 1955 ж. 32 бет. Бағасы 60 тыйын.

М. БОЧКАРЕВА. Коммунистік мораль мәселелері әдебиетін насихаттау. Мәдени-ағарту әдебиет баспасы. 1955 ж. 86 бет. Бағасы 2 сом 35 тыйын.

Өзіміздің мамандығымызды мақтан етеміз. Жыйнақ. Ауыл шаруашылығы озаттарының өздерінің мамандықтары туралы әңгімелері. «Молодая гвардия» баспасы. 1955 ж. 92 бет. Бағасы 1 сом 35 тыйын.

А. НЕШАГИН. Коллективтің күші. Кәсіподақ тобы еңбек өнімділігін арттыру күресінде. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 32 бет. Бағасы 45 тыйын.

П. БЕССМЕРТНЫЙ. Ескі цехтағы жаңалық. «Жаңашылдардың әңгімелері» сериясынан. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 84 бет. Бағасы 1 сом 10 тыйын.

Х. САФИУЛЛИН. Біз жаңашылдардың тәжірибесін қалай таратып отырмыз. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 80 бет. Бағасы 1 сом 15 тыйын.

Н. ДЯГИЛОВ. Жүк машинасының рулі жанында. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 61 бет. Бағасы 75 тыйын.

Н. ПРОТАСОВ. Алтай жерінде. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 38 бет. Бағасы 60 тыйын.

А. ТВОРОГОВ. Болат шығаруды арттырамыз. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 64 бет. Бағасы 75 тыйын.

К. ЛЕВЧЕНКО. Минутпен есептейміз. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 44 бет. Бағасы 50 тыйын.

П. БАРАНОВ. Біздің жабдықтар резервтерін пайдаланудағы тәжірибеміз. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 64 бет. Бағасы 70 тыйын.

И. НОРКИН. Жоғары агротехника үшін. Кәсіподақтар баспасы. 1955 ж. 52 бет. Бағасы 60 тыйын.

А. КОЛОТИЕВСКИЙ, В. ЦУРИН. Латыш ССР. Географиялық баспа. 1955 ж. 118 бет. Бағасы 1 сом 85 тыйын.

В. В. БОДРИН. Венгер Халық Республикасы. Географиялық баспа. 1955 ж. 78 бет. Бағасы 1 сом 35 тыйын.